Для достижения максимального эффекта необходимо использование широкого спектра инновационных, в том числе, безусловно, разнообразных медиаобразовательных технологий в обучающем процессе, а также E-book. В современной методике «мультимедиа» рассматривается как одно из многих технических средств обучения (ТСО), которое способно решать круг задач, определяемый дидактическими свойствами и функциями данного средства обучения. Данное средство обучения (мультимедиа) позволяет: интегрировать разные виды информации в одном объект-контейнере (текст, звук, видео) и представлять её, воздействуя на разные органы человеческих чувств;развивать критическое мышление;стимулировать когнитивный процесс;интерактивно взаимодействовать с обучаемыми;адаптироваться к запросам последнего;организовать групповую работу в мультимедийных средах;формировать устойчивую мотивацию к обучению;создавать максимально приближенные к реальности условия для выработки учебных и профессиональных навыков преподавателя иностранных языков.

Таким образом, использование новейших информационных технологий на уроках иностранного языка повышает мотивацию и познавательную активность учащихся, позволяет применить личностно-ориентированную интерактивную образовательную технологию, способствует преодолению психологического барьера в использовании иностранного языка в процессе общения, даёт возможность избежать субъективной оценки, повышает эффективность обучения и качество образования.

Список литературы:

- 1 Послание Президента РК Н.А.Назарбаева, Астана, 2012.
- 2 Н. Ильина, Р. Нургалиева., Методика преподавания английскому языку, учебное пособие., Астана ,2010.
- 3 Иностранные языки в школе / Республиканский методико-педагогический журнал, 3(63) 2013.
- 4 Научно-методический журнал: Иностранные языки в школах Казахстана, 2(68) 2013.

Резюме

Мақалада ЖОО ағылшын тілін заманауи технологияларды қолдана отырып оқытудың тиімді және маңызды екендігі жөніндегі мәселе қарастырылған. Сонымен қатар, ағылшын тілін заманауи технологияларымен оқыту тәжірибеде мысалдармен келтірілген.

Resume

This article discusses the problem of the effectiveness and potential of innovative technologies in teaching English at the universities. Also examples from the experience of using innovative technologies in teaching English are indicated.

Сейілова А.Е.

Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім мектебі, Арқалық, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРҒА ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына жолдауында «Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры – оның келешек мектебінің қалай болып құрылуына тіреледі» - деп атап көрсетті.

Қазіргі замандағы мектептерде уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Бұл әдістер жалпыға ортақ қолданылып келеді, демек артық айтпаған болар. Өйткені осы жаңа инновациялық технологияларды қолданып оқушыларға шетел тілдерін оқыту арқылы танымдық қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруде.

Тірек сөздер: *инновациялық технологияларды, теориялық және практикалық ұғым, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, дидактикалық негіздер, белсенділікке жұмылдыру, интеллектуалды біліктілікті қалыптастыру.*

Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз-белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Мен 2050 жылғы қазақстандықтар-үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Мектеп түлектері қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білуге тиіс деп Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқушыларға шетел тілдерін оқыту арқылы танымдық қызығушылығын арттыру. «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау».

Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі».

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен

бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді.

Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады.

Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т. б. белсенділік түрлері болады.

Соңғысы оқушының логикалық ойлау қабілеті мен дербестігін керек етеді.

Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін - өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т. б. белсенділіктер.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру.

Қазіргі таңда шетел тілін меңгеру мәдениетаралық қатынас құралы ретінде оқу үрдісін нақты қатынас процесс үлгісіне жақындатуда, яғни шет тілін оқытудың негізгі мақсатына жетудің жолы мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыруға негізделеді. Осы тұрғыдан қарағанда шетел тілін оқытуда оқушылардың коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру бүгінгі күнде ең маңызды мәселенің біріне айналууда. Коммуникативті біліктілік дегеніміз: шетел тілінің грамматикалық құрылымы мен тілдік бірліктерді қолдана білетін, яғни сөз әрекетінен сөйлеу түрін жоғары деңгейде көрінетін, шетел тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатын адамның тілге деген қабілеттілігі. Коммуникативті біліктілік белгілі бір тілдік ортада және арнайы ұйымдастырылған оқу үрдісінде қалыптасады. Білім беруші ұстаздардың бүгінгі ұрпақтың, ертеңгі ел азаматтарының бойына ең алдымен ана тілі, екіншіден шет тілдерін дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан жақты дамыту міндеті тұр. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, оқытудың жаңа технологиясы, яғни инновациялық оқыту технологиялары пайда болды.

Инновация термині ағылшын тілінің «Innovation» деген сөзінен шыққан, аудармасы «жаңашылдықты енгізу». Қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологиялар өте көп. Оларды тиімді етіп шет тілі сабағында пайдалану ұстаздың шеберлігіне байланысты. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет тілді коммуникативті бағытта оқыту. Ондағы мақсат оқушылардың өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өз ара тіл табысып, сындарлы ойлауға, талдау жасай алу қабілетін жетілдіру, пікір алмасуға үйрету. Оқытуды Кембридж тәсілінің теориялық негіздері ретінде сындарлы оқытуды пайдалану. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуда негізделген тәсіл кең тараған (Hattie, 2009) [1, 96.].

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Шет тілін оқыту барысында оқушылардың танымдық қабілетін арттыру барысында сыныптағы диалогтің маңыздылығы зор. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді.

Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, шет тілі сабақтарында оқушылардың білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше [2, 39]. Сабақ өту барысында оқушылардың ауызекі сөйлеуін дамыту мақсатында диалогті оқытудың маңызы зор. Оқушылар диалог құру арқылы өз ойларын еркін жеткізе білуге тырысады. Диалог құру барысында оқушылар өзінің сыныптастарымен және мұғаліммен тығыз байланыста болады. Барнс (1971) атап көрсеткендей сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Инновациялық технологияның, білім беру жүйесін дамыту ісіне берері ұшан теңіз. Кезінде К.Д. Ушинский «Бала табиғаты көрнекілікті қажет етеді», - деген болатын. Шет тілі сабақтарында дәстүрлі оқу құралдарымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану зор қызмет атқарады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды көрнекі құрал болып отыр [3, 616.].

Шет тілі сабағында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда АКТ ның пайдасы зор. Білім беру ісінде инновациялық технологияларды оқытудың дифференциалдық және жеке адамға

бағытталған түрлерін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктері бар. Мұғалім сабақта әрбір оқушыға дараланған схема бойынша тиянақты түрде талдауға қол жеткізетін жаңа мәліметтермен жеке жұмыс істеу мүмкіндігін бере алады. Инновациялық білім әлемдік талаптарды жүзеге асыра отырып, оқушыларға біртіндеп дүние жүзілік біріңғай ақпараттық кеңістікке кіру мүмкіндігін береді. Инновациялық технологияларды қолдану өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады, оқу үдерісін жүргізуді қызықты етеді, шығармашылық жағынан кәсіби дағдыларды қалыптастырып жаңа мүмкіндіктер туғызады. Компьютер және желі мүмкіндіктері мен мұғалім білімін біріктіре алатын мультимедиялық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық оқулықтар жасауға болады. Олар сабақты бұрынғыдан гөрі көрнекі, қызықты түрде өткізіп, оқушыларға жаңаша мәлімет беруге жағдай туғызады. Қазіргі заман талабына сай білім беру мақсатында электронды оқулықтар кеңінен қолданылады. Электрондық оқулықтың ішінде оқушыларды қызықтыратын бейнефильмдер дыбыстық үлгідегі мәтіндер, грамматикалық және лексикалық тапсырмалар болғандықтан, оның берер мәліметі де толығырақ болады. Мұндай оқу құралы оқушыларды қызықтырып, сол пәнді ары қарай тереңдетіп оқуға итермелейтіні сөзсіз, әрине білім деңгейіне тигізер әсері мол. Инновациялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде оқушылар танымдық әрекеттерге араласа алады. Осындай мәселе барысында білім алып, оны іс жүзінде қолданып қана қоймай, қосымша мәлімет көздері мен қажетті деген құралдарын да өздері таңдап ала алады. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары тіл тасушыларды тыңдап, олармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер береді, кез келген білім алушылар үшін жақсы көмекші болып табылады. Компьютер білім алушының тілдік және сөйлеу материалымен жаттықтыру құралы болып табылады. Олар: Сөздікті үйренуге арналған жаттығулар. Сұраққа жауап беру. Еркін құрастырылған диалог. Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар. Сәйкесін табу.

Сонымен қатар Ақпараттық технологияны оқыту үрдісінде қолданылатын жаңа түрдегі құрал- интерактивті тақта болып табылады. Бүгінгі таңда жалпы орта білім беретін мектептерде сабақ барысында ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивті тақтаны қолдану. Біздің мектепте пәндер бойынша интерактивті тақта қолданылады. Интерактивті тақта арқылы жұмыс жасау қазіргі заман талабы. Интерактивті тақта мен электрондық оқулықтың әсіресе тіл үйренуде тиімді және бір уақытта оқып, тыңдап үйренуге ыңғайлы. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне материалдарды және желі ресурстарын қолдана алады. Интерактивті тақта мұғалімнің сыныптағы әрбір оқушыға ақпаратты тиімді жеткізуге көмектеседі. Оқушылар өздігінен іздену жұмыстарымен айналысады. Интерактивті тақтамен жұмыс істеу оқушылардың көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулыттын дидактикалық және электрондық құбылыс.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.- 6,39, 61 б.
- 2 «Мектептегі шет тілі» - «Иностранный язык в школе» №3/2011.-17 б.
- 3 «Иностранный язык в школе» №1/2010.-14 б.
- 4 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку. Москва, 2000г.
- 5 «Мектептегі шет тілі» - «Иностранный язык в школе» №6/2010.- 4 б.

Резюме

В данной статье рассматривается формирование познавательного интереса учеников к языкам. Познавательный интерес – избирательная направленность личности на предметы и явления окружающие действительность. Эта направленность характеризуется постоянным стремлением к познанию, к новым, более полным и глубоким знаниям.

Resume

This article deals with the formation of pupils' cognitive interests to foreign languages. Cognitive interest - selective focus on individual objects and phenomena of the surrounding reality. This orientation is characterized by a constant quest for knowledge, to new, more complete and in-depth knowledge.

ӘОЖ 373.2.02. 016.09

Кішібаева Д.Ж.- п.ғ.к., доцент, Жаздықбаева М.Б.- п.ғ.к., доцент

Орман М.М.-магистрант

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

МЕКТЕП ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА ЕРТЕГІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Мектепке дейінгі кезең - бала тілінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Осы уақытқа дейін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ертегілермен жұмыс жасаудың дәстүрлі әдістері қолданылып келді. Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың тілінің дамуындағы ерекшеліктер сөз болады. Және ересек, даярлық топ балаларының тілін дамытуда ертегілерді пайдаланудың ұтымды амал-тәсілдері қарастырылады. Оларды сабақ үлгісін жасағанда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: Бала, тіл дамыту, ертегі, мектепке дейінгі кезең, білім беру, тәрбие, оқыту, тәрбиеші, әдіс-тәсіл, байланыстырып сөйлеу тілі, көркем тіл.

Сапалалы білім беру басты міндет болып тұрған бүгінгі таңда балабақшаларда баланың толыққанды өсіп-жетілуіне ерекше көңіл бөліне бастағаны белгілі. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына жолдауында негізгі бағыттардың бірі ретінде білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізгі

бағдары деп көрсетілген. Онда «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек». Және «қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп баса айтылған. «Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек» делінген[1]. Яғни, балабақшаларда білім беру дәстүрлі ескі үрдістен арылып, баланың ерте дамып-жетілуіне ықпал ететін оқытудың жаңа әдістерін пайдалануды жүзеге асыру қажет.

Сондай-ақ елдегі мектепке дейінгі ұйымдарға деген тапшылық деңгейін төмендету жөніндегі түбегейлі шараларды қабылдауды, мектепке дейінгі білім беру қызметінің сапасын арттыруды қамтамасыз етуді көздеген Елбасының «Балапан» бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның басты міндеттерінің бірі «2015 жылға дейін 5-6 жастағы балаларды білім беру ұйымдарында мектепалды даярлықпен толық қамтуды қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді және олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды жүзеге асыру»[2]. Бұдан мектепке дейінгі мекемелердегі оқыту үдерісіне қойылатын талаптың артып отырғандығын аңғаруға болады.

Осы уақытқа дейін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ертегілермен жұмыс жасаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері қолданылып келді. Яғни тәрбиешілер ертегі мәтінін оқып немесе баяндап береді. Ал баланың өзіне түсінгенін айтқызу немесе кейіпкерлердің рөлін сомдау арқылы еркін сөйлеуге дағдыландыру немесе сөздік қорын дамытуға ықпал жасау – бұл ертегіні оқытудың ең жетілген әдісі болды. Және белгілі ертегілердің сарыны бойынша мультфильмдер, кинофильмдер көрсету де әлі күнге балабақшаларда кеңінен қолданылады. Мұның барлығы баланың еркін қиялдауы мен кең ойлауы үшін жеткіліксіз екені айдан анық.

Мектепке дейінгі кезең бала тілінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Өзінің дамуы барысында баланың тілі олардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасының сипатына тығыз байланысты болады. Тіл бірнеше бағытта дамиды: адамдармен қарым-қатынас жасағанда тілдің тәжірибеде қолданылуы жетіледі, оған қоса тіл психикалық процестерді қайта құруға негіз болады және ойлау құралына айналады.

Мектепке дейінгі ересек топтың балаларында тіл жоғары дәрежеде дами бастайды, сөздік қоры едәуір молаяды, қарапайым жай сөйлемдер мен күрделі сөйлемдердің ара салмағы артады; балалар грамматикалық кателіктерге сын көзбен қарай бастайды, сөздерді орынды қолдана білуге әдеттенеді. Тілдің дамуы қоршаған ортаны танумен, жалпы жеке тұлғаның дамуымен тығыз байланысты болады. Мектеп жасына дейінгі ересек және даярлық топ балаларының тілінің дамуы жалпылама сөздер мен бағыныңқы бөлімі бар сөйлемдердің санының артуымен ерекшеленеді. Бұл балаларда кең

ойлау дағдысының дами бастағандығын дәлелдейді. Балалардың тіл дамуындағы мұндай жетістіктердің маңызы зор. Алайда тек фонетика, лексика, грамматикаға тән тіл ерекшеліктерінің қалыптасуы туралы ғана емес, сондай-ақ дұрыс, анық, бейнелі сөйлеу сияқты байланыстырып сөйлеу тілінің дамуына да көңіл бөлу қажет.

Психологтар мен педагогтардың (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Н.Н. Подъяков, С.Л. Рубинштейн, Ф.А. Сохин, Д.Б. Эльконин және басқалар) зерттеулерінде мектепке дейінгі балаларда саналы түрде түсіну қабілеті дамитындығы, оны шығарманың мазмұны мен тәрбиелік мағынасын түсінуінен, көркемдік ерекшелігін аңғару қабілетінен байқауға болатындығы айтылған. Яғни балаларда тілдің көркемдігін түсіну қабілетті дамиды.

А.М. Бородич, Н.В. Гавриш, В.В. Гербова, О.С. Ушакова, Е.М. Струнина, Е.В. Савушкина баланың көркем тілінің қалыптасуы байланыстырып сөйлеу тілінің дамуында зор маңызы бар екендігін дәлелдеді. Балалар әдеби шығармаларды анағұрлым терең түсінуге, оның көркемдік ерекшеліктерін бағалауға қабілетті, сондықтан да көркем тілді қалыптастыру дәл осы жаста мүмкін болып табылады.

Баланың миының таза, ақпаратты қабылдау қабілеті жоғары мектепке дейінгі жасында бар мүмкіндікті пайдаланып, іргетасты мықтап қалау керектігін ескерген жөн. Ол үшін балабақша тәрбиешілері үшін сабақты өтудің жаңаша әдіс-тәсілдерін жасау уақыт күттірмейтін маңызды мәселе деп білеміз.

Ертегілер балалардың қиялдау, ойлау қабілеттерін, тіркестіріп сөйлеу шығармашылығын және жақсы сезімдерін тәрбиелеуде толық пайдаланылмай жүр.

Теледидар арналарынан үздіксіз көрсетіліп жатқан шетелдік мультфильмдердің, компьютер ойындарының салдарынан ертегі аз оқылатын болды. Теледидар мен компьютер кітаппен «жекпе-жекте» ешбір қиындықсыз жеңімпаз болып шыға келді: теледидар мен компьютерден қызылды-жасылды дайын дүниені көру оңай, әрі қызықты. Ақпараттық технология дамыған заманда ертегілерді тәрбие құралы ретінде пайдалану қарқыны біраз бәсеңсіп қалғандай.

Ауызша байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру мектепке дейінгі балалардың лингвистикалық тұрғыдан дамуының негізін құрайды. Балалардың мектептегі оқу жетістігі көбінесе олардың байланыстырып сөйлеу тілін меңгеру деңгейіне байланысты болады. Мәтіндік оқу материалдарын дәл қабылдау және елестету, сұрақтарға толық жауап беру, ой-пікірін өзінше баяндай алу сияқты және басқа да оқу әрекеттері байланыстырып сөйлеу (диалог және монолог түріндегі) тілінің дамуын талап етеді.

Біз ертегі материалына дәстүрлі түрде қарауға үйреніп қалғанбыз. Яғни қаншама жылдар осыған байланысты стереотиптер қалыптасқан: түлкі үнемі қу, қасқыр аңқау, т.б. Балабақша тәрбиешілері ертегіні оқытуда негізгі міндеттердің бірі баланы шығарманың мазмұнымен таныстыру, мәтіннің

негізгі идеясы туралы әңгімелеу, драмалау, сахналау ғана деп біледі. Мұның барлығы ертегімен жұмыс жасаудың дәстүрлі бағыты.

Ал балаларды әңгімелеу барысын шығармашылық тұрғыда түрлендіруге, ертегінің аяқталуын әртүрлі ойластыруға, мүлдем күтпеген оқиғаларды енгізуге, бірнеше сюжетті араластыруға және т.б. үйрету бүгінгі күннің талабы.

Ертегіге мұндай тұрғыдан келу тәрбиешіге де, балаға да пайдалы. Ертегіде не жақсы, не жаман немесе қаһарман несімен жақсы, несімен жағымсыз, жағымсыз болса, қай тұста өзгерсе игі, жақсылық қай кезде салтанат құрса жақсы, жамандық жазаланса (алайда қатыгездік, адамдыққа жат нәрселер айтылмауы тиіс), деген сияқты мәселелер қозғалып, оның негізінде барлық нәрсені жақсартуға, жетілдіруге болады, адамдардың игілігі үшін өзгертуге болады дегенге саятын қағидалар бала үшін шығармашылық ұран болуы керек.

Балаларды салыстырып ойлауға үйрету, бұл былай немесе бұлай емес дегенді дәлелдеу әдетін қалыптастыру, баланы жағымды немесе жағымсыз кейіпкердің орнына қойып, сол арқылы өз ұстанымын таңдау мүмкіндігін беру, кейіпкерлер үшін мазасыздануға жетелеп, баланың өз сезімдері мен дене қозғалысын үйлесімде ұстауына жаттықтыруға болады.

Баланың қиялы мен ойлауының шынайы өмір мен қиялды айыра білуіне көмектесетіндей дәрежеде дамуына ерекше мән беру қажет. Қиялдау мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте пайдалы: ол оның өмірін жеке-шығармашылыққа толы етеді, қайталанбастай ерекше әсерлерге жетелейді.

Ертегінің, көркем шығармалардың ауызша сөйлеудің дұрыс қалыптасуындағы рөлін жоққа шығару қиын. Егер қарапайым тілмен жеткізсек, мәтіндер сөздік қорын кеңейтеді, диалогтарды дұрыс құруына, байланыстырып сөйлеу тілінің дамуына әсер етеді. Алайда осы айтылған міндеттерден өзге ауызша және жазбаша сөйлеуді эмоционалды, бейнелі етудің де маңызы зор.

Психлогтардың пікірі бойынша мәселеге орай сауатты сұрақ құрай білуі мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс даму көрсеткіштерінің бірі болып табылады екен. Әрине бала онсыз да күні бойы тынымсыз сұрақ қоюмен болады. Алайда олар үшін ертегіге, оның кейіпкерлеріне қатысты ұтымды сұрақ қою анағұрлым қиынға соғады.

Лингвистикалық білімнің элементтері ерте жастан қалыптасатындығы белгілі. Сол себепті де баланы ауызша сөйлеу дағдыларына үйрету ғана маңызды емес, оларға жазбаша қарым-қатынас жасау жанрында ашылып жатқан жаңа мүмкіндіктерді де көрсету маңызды. Л.Б. Фесюкованың пікірі бойынша мұндай қарым-қатынастың ең қарапайым түрлері жеделхаттар (қысқа мәтінді жазбалар, хаттар) болып табылады. Яғни ертегілердің, көркем шығармалардың сүйікті қаһармандарына жолдауға арналған хаттар. Қайсы кейіпкерге жеделхат жолдаған дұрыс, қайсысына хат жазған пайдалы екендігін анықтап, балалармен бірге хаттың мазмұнын құрастырады. Бала айтып отырады, тәрбиеші жазып отырады, содан кейін жазылғанды бірге

оқып, талқылап, түзетіп, жетілдіруге болады. Бала осылайша ауызша және жазбаша тілдің ерекшеліктерін меңгереді[3].

Осы уақытқа дейін мектеп жасына дейінгі балалар үшін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын түсінуі қиын деп есептеліп келген. Алайда О.С.Ушаковтың зерттеулері ол пікірдің дұрыс еместігін дәлелдеп берді [4]. Балаларға көмектесу үшін, яғни ертегілердің мағынасын түсіндіру үшін шығармаға қажетті фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді таңдап алып, балалармен бірге олардың әрқайсысының мағынасын талқылаудың маңызы зор, сол арқылы балаларға мақал-мәтелдерді есте сақтауына көмектесіп, оларды керекті жерде қолдануға үйрету қажет.

Л.Б. Фесюкованың пікірі бойынша балаларды әрбір сөзге ұқыпты болуға дағдыландырудың маңызы зор. Ол үшін ертегілермен жұмыс жасағанда келесідей амалдарды қолдануға болады:

- әдемі, жағымды, таңғажайып, көңілсіз сөздерді табу;
- ұзақ әрі күлкілі сөздер құрау;
- жазылуы бір, мағыналары әртүрлі сөздерді талдау. Сөздердің контексте қолданылу ерекшелігіне мән беру;
- сөздің этимологиясын түсіндіру[3].

Ойлауды, тілді, қиялды дамытудың келесідей әдісі – «Мәселе тудыратын сұрақтар». Балаларға дәстүрлі түрде ертегінің мәтіні бойынша көп сұрақтар беріледі. Олар өте қарапайым деңгейде құрылады. Алайда ойлану мен ізденуді қажет ететін сұрақтар (неліктен, не үшін, қалайша т.б.) берген анағұрлым пайдалы болмақ.

Ертегілердің баланың танымдық процестерін дамытудағы рөлі зор болып табылады. Ертегі арқылы мектепке дейінгі бала дамуындағы келеңсіздіктерді түзетуге болады. Ертегілер арқылы баланың байланыстырып сөйлеу деңгейін арттыруға болады.

Енді бала ертегіні жақсы меңгеруі үшін, сол арқылы сөздік қоры толыса түсуі үшін, жүйрік ойлауға дағдылануы үшін сабақта қолдануға болатын амалдарды қарастырып көрсек.

Оқыту үдерісінде қолданылатын сұрақтардың мазмұны мақсаты бойынша алуан түрлі болуы қажет. Кейбір сұрақтар ертегі кейіпкерлерін анығырақ сипаттап беруіне көмектесуі мүмкін. Сұрақ бере отырып, тәрбиеші сәйкес эпизодты есіне түсіре алады, ондағы жеке сөздерге, кейіпкердің әсеріне назар аударта алады. Мәселен «Тіл дамыту» әдістемелік құралында мектеп алды даярлық топтарында өтуге болады деп ұсынылған «Күшік пен мысық» ертегісін алсақ: Тәрбиеші ертегідегі күшіктің аңқау, мақтаншақ, жалқау сияқты қасиеттерін балалардың айтып беруі үшін сол қасиеттері көрінетін эпизодтарды балалардың есіне түсіруі қажет.

Енді бір сұрақтар шығарманың негізгі идеясын сезінуіне көмектесуі керек. Балаларға ертегінің ұнаған, ұнамағандығын, ұнаса әсіресе несімен ұнағандығын анықтап алып педагог ертегінің өнегелі тұсын көтеріңкі дауыспен айтып береді. «Сонымен, әліне қарамай, мақтанға салынып, ойланбай жасаған әрекеттің соңы немен аяқталады, балалар?» Балалар оның

арты жаман болады деп жауап береді. Тәрбиеші ертегінің әр кейіпкері туралы айтып әңгімелеп беруді ұсынады. Содан кейін тәрбиеші ертегінің соңында айтылған мақтанға еріп, әліңе қарамай, қиын іске қолынды созба деген ғибратты сөзді балалардың есте сақтауына ықпал жасайды.

Сондай-ақ бала ертегі жанрының ерекшеліктерін жақсы сезінуі үшін оларға «бұл шығарма неліктен ертегі деп аталады» және «шығармада ертегіге тән қандай белгілер бар» деген сияқты сұрақ қоюға болады.

Ертегіге қатысты кәсіби суретшілер салған сапалы суреттерді көрнекілік ретінде пайдаланып, жұмыс жасаудың маңызы ерекше. Бұл кейіпкерлердің сыртқы көрінісін балалардың есте сақтауына көмектеседі.

Балалардан «егер сен жазушы» болсаң, ертегіні қалай баяндар едің?» деп сұрауға болады. Балалардың әңгімесін тыңдап, тәрбиеші балаға жәрдем беретін сұрақтар қояды. Мәселен, сенің «Күн астындағы Күнікей қызың» қалай киінген, көзі қандай, аузы қандай? Немесе «жалмауыз кемпірдің көздері қандай?». «Ол сондай қорқынышты болса, неге оны батыр бірден танымайды?» деген сияқты.

Сабақтан бос уақытта балаларға ертегі сюжеті бойынша сурет салғызудың пайдасы зор. Өздерінің салған суреттері бойынша да ертегіні қайталап әңгімелетуге болады. Бұл ертегідегі сөздер мен сөз тіркестерінің баланың ойында беки түсуіне септігін тигізеді. Байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіреді.

Балаларға ертегіден үзінділер айтқызудың пайдасы орасан. Ертегіні бұлайша қайталау арқылы бала шығарманың көркемдік қасиетін тереңірек сезінеді.

Тәрбиеші балаларға ертегінің ең күлкілі, ең көңілсіз тұсын, ең қорқынышты эпизодын естеріне түсіруді тапсыруы қажет.

Тәрбиешінің ертегіні ары қарай қалай жалғастырар едің немесе қалай аяқталғанын қалайсың деп сұрауының да мәні зор. Дәл осы кезде балада нағыз шығармашылық жұмыс жүреді. Осылайша кімнің әңгімесі тартымды, қызықты болды деген сайыс ұйымдастыруға да болады.

Ертегіні драмалаудың да маңызы зор. Алайда бүгінгі таңда ол кеңінен қолданыс тапқан әдіс деп білеміз. Драмалау кезінде әсіресе, кейіпкерлердің сөзін көркемдегіш құралдарды пайдаланып айтып беруін қадағалау керек. Жоғарыда айтқан, «Күшік пен мысық» ертегісінде күшік қасқырды былайша сипаттайды: «сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағың жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай майысқан». Яғни, қайсыбір ертегі болмасын, ондағы көркем тіркестерді қалт жібермей, балалардың оларды меңгеруін қадағалау қажет.

Және ертегімен жақсы танысып, меңгеріп алғаннан кейін ондағы кейіпкерлердің қасиеттерін бір-біріне ауыстырып, балаларды шатастыруға әрекет жасау тәсілінің де берері мол. Мәселен, мыстан қайырымды, батыр қорқақ т.б. Балалар бұл кезде өз уәждерін айтуға, қате пікірді түзеуге дағдыланады. Немесе ертегіге мазмұнына қарай басқаша тақырып қою,

сюжеттерінің орындарын ауыстыру сияқты ойындар ұйымдастыруға да болады.

Тағы бір тәсіл, ол ертегілердегі кейіпкерлерді бір-бірімен салыстыру. Мысалы, түлкі кездесетін ертегілермен таныстырып болғаннан кейін, «қай ертегіде түлкі қандай сипатта көрінеді?», «сендерге қай түлкі ұнады, қайсысы ұнамады?», «неліктен?» деген сияқты сұрақтар арқылы балаларды әңгімеге тарту.

Тәрбиешілер осылайша шығармашылық шеберліктерін мүмкіндігінше мол пайдаланып, оқытуда жаңаша әдіс-тәсілдер қолданса, бала тілінің, ақыл-ойының ерте әрі дұрыс жетілуіне зор үлес қосқан болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына жолдауы.

2 Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы.

3 Фесюкова Л.Б. Воспитание сказкой: Для работы с детьми дошкольного возраста. - М.: ООО «Издательство АСТ», 2000. - 464 с.

4 Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников.- М.: Изд-во Института Психотерапии, 2001-240с.

Резюме

В этой статье пойдет речь об особенностях развития речи дошкольников. Рассматриваются способы применения сказок в развитии речи детей в старших и подготовительных группах дошкольного учреждения. Эти методы можно использовать в учебном процессе.

Summary

This article will talk about the peculiarities of the speech of preschool children. Considered ways to use stories in the development of children's speech in high and preparatory preschool groups. These methods can be used in the educational process.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION

ӘОЖ 82:81 255.2 (17.07.61)

Битұрсын Ғ.Ш., Омар Б.М., Е.К Баетов.

А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН ДҰРЫС АУДАРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада тәуелсіз құқықтық демократиялық мемлекетіміздегі заң шығару, талқылау және оны қабылдау кезінде заң терминдерін дұрыс аудару және оны орынды қолдану мәселелері баяндалады. Терминдердің дұрыс аударылмауы және қолданылмауы салдарынан қабылданған заңдардың халыққа түсініксіздік (түсінбеушілік) тудыратын мән-жайларды салыстыра отырып, дерек келтіріледі.

Тірек сөздер: *Қоғам, мемлекет, термин, норма, нормативтік құқықтық актілер, заңнама, балама сөз, түсіндірме, сөздік.*

Қоғамдық қатынастарды реттейтін заң терминдеріндегі аударма мәселесі еліміз егемендік алғаннан бері біршама орнығып қалғанын атап өту керек. Бірақ, бұл мәселе толық шешімін тапты деп айтуға әлі ерте. Жалпы заң терминдерін қазақ тіліне аударуға қазақ лексикасының сөздік қоры мен сөз байлығы толығымен жетеді және оған тәуелсіздік алған 21 жылдан астам кезеңде қабылданған заңдар мен заңдық актілердің мемлекеттік тілге аударылып, қолданысқа енгізіліп келе жатқандығы дәлел. Заң терминдерін қазақша қолдану белсенділігінің артуы еліміздің тәуелсіздік алуымен ғана емес, мемлекеттік құрылымның, қоғамдық-әлеуметтік, тіпті саяси-мәдени қарым-қатынастардың өзгеруіне байланысты, заңнамалық жүйенің түбегейлі өзгеріске түсуіне де тікелей байланысты.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді». Яғни заңның бір нормалық ұғымды білдіретін өзіндік мағыналық ауқымы, өлшемі бар тілі болады. Одан ауытқуға болмайды, бірақ ауытқымауды ойлап, түсініксіздік пен қарабайырлыққа ұрынуға да жол берілмейді. Ал қысқа да нұсқа қайырып, ұлттық реңкті жоғалтпай, кез келген ұғымды жеткізе білуге қазақ тілінің мүмкіндігі жеткілікті. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61 бабында, «Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады», - делінген [1, 16].

Көп жағдайда заң шығару бастамасы Үкімет тарапынан болады, бұл заңды да. Сондықтан заң жобаларының бастапқы мәтіндері Үкіметке қарасты министрліктер мен агенттіктерде, ведомстволарда әзірленеді. Осы орайда Қазақстан Республикасы Парламентінің регламенті бойынша, заң жобасы тиісті ілеспе құжаттарымен бірге Үкімет арқылы әуелі Парламент Мәжілісіне келіп түседі. Мұнда заң жобасының қазақ және орыс тіліндегі мәтіндері белгілі бір мерзім ішінде талқыланып, өңделеді, жетілдіріледі. Одан соң ол тиісті ілеспе құжаттарымен бірге Парламент Сенатына жіберіледі. Сенаттың тиісті тұрақты комитеттері мен бөлімдерінде де заң жобасына экономикалық, заңнамалық және лингвистикалық сараптама жүргізіледі, депутаттардың талқылауынан өтеді. Заң жобасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығына сараптама барысында салалық мамандармен, заң жобасын әзірлеушілермен кеңестер өткізіледі, өйткені әр сала бойынша тек белгілі бір кәсіптерге, бағыттарға тән ұғымдардың мағыналарын білдіретін, жалпы көпшілікке түсінікті бола бермейтін терминдер жетерлік. Мәселен, тек ауылшаруашылығының құрамына кіретін мал шаруашылығы, орман шаруашылығы, егіншілік, балық шаруашылығы, т.б. сияқты салалар бар. Бұл салаларда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің табиғаты сол салада жұмыс жасайтын мамандарға ғана белгілі. Мәселен, осы жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Тек осы заңның өзінде: алаңқай жерлер (прогалина), кеспеағаш аймағы (лесосека), орман орамы (лесной квартал), орман өсіру (лесоразведение), орман соқпағы (просека), орманның қайта түлеуі (возобновление леса), өртең (гарь), өскін (подрост), селдіреу (редина), сөл алу (подсочка) сияқты тілімізде орнығып келе жатқан көптеген терминдер қолданылды. Орайы келгенде айта кетейік, Сенаттың жалпы отырыстары, оның комитеттерінің кеңейтілген және қатардағы отырыстары негізінен мемлекеттік тілде өткізіледі. Осы үрдіске сәйкес бірқатар министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың басшылары, олардың орынбасарлары өз баяндамаларын мемлекеттік тілде жасап жүргендерін теледидардан көріп жүрміз.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алған уақыттан бері қабылданған заңдардың, ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерін сараптау барысында әртүрлі және әрқалай пайдаланылған терминдер көптеп кездеседі. Ол заңды да, деп, - айтуға болады. Себебі, уақыттың өзі заман талабына сай тиісті түзетуді талап етеді. Мәселен, «Достоверный», «недостоверный» деген сөздер бұрынғы заңдарда «дәйекті», «дәйексіз» деп алынған, алайда бұл сөздер түп мағынасы бойынша орыс тіліндегі тиісінше «последовательный», «непоследовательный» деген ұғымдарды білдіреді. Сондықтан бұл сөздер кейінгі кездері мағынасы бойынша дәлірек беретін «анық», «анық емес» деген сөздермен беріле бастады (достоверная информация – анық ақпарат, недостоверная информация – анық емес ақпарат. «Жалған ақпарат» десек, басқа мағынаны («ложная информация») береді.

Егемен еліміз өзінің дербес дамуында сатылап өрлеп келе жатқан сияқты, терминологиялық жұмыс та осы жылдар ішінде бірте-бірте ілгерілеп келеді. Сондықтан да заңдарда, ресми құжаттарда уақытына қарай кейбір терминдердің әрқелкі алынып келуі табиғи нәрсе. Біздің мақсатымыз оларды тізбелеу емес, бүгінге дейін қалыптасқан мол тәжірибені басшылыққа ала отырып, қолданыстағы терминдерді біріздендіруге ұмтылу. Сөздікте негізінен кең қолданыс тапқан, екіұдай ұғым тудырмайтын терминдер мен сөз тіркестері іріктеліп алынды.

Бүгінде заңдардың қазақ тіліндегі мәтіні жеңіл оқылады, әркімге ұғынықты. Мұны ел егемендігі тұсындағы қол жеткізген үлкен жетістік деп айтуға әбден болады. Дегенмен, жалпы қауымға «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылатынын қайталап айтқым келеді. Сондықтан заң баптары мен тармақтарында, тармақшаларындағы кейбір сөздердің қайталануы орынды, өйткені заң тілінде ұғымдық дәлдік, дәл мағынаны беру негізгі мәселе болып табылады.

Бұл тұрғыдан келгенде, заңнамада және ресми құжаттарда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін біріздендіру күн тәртібінен түспейтін, үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін өзекті мәселе. Сондықтан «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барша заңгер, тілші, зерттеуші, аудармашы қауым, салалық мамандар бұл іске бір кісідей атсалысқан жөн деп, - ойлаймын.

Кез келген заң заңи терминдермен жазылады. Заңи термин заңнамаға кіргізілгеннен бастап, заңдық күшке ие болады. Сондықтан заңнамалық құжаттардағы тұрақты тіркестер, заңи терминдер бірізді болуы керек. Заңға енгізілген тұрақты тіркестердің басқа баламасы болмайды. Бір заңнамада бір тіркес екі түрлі баламамен беріледі. Мәселен, азаматтық кодексте теріс пиғыл деген тіркес кездессе, келесі заңдарда жат пиғыл деген тіркес беріледі. Қазақ тілі өте бай тіл. Теріс пиғыл, жат пиғыл, арам пиғыл деп қолдануға болады. Аталған кодекстің өзінде «оперативное управление» деген тіркес «жедел басқару» және «оралымды басқару» деп екі түрлі берілген. Сондықтан заңнамаларда тіркестер біріздендірілуі керек. Заң саласының маманын дайындайтын жоғары оқу орындарында лингвист мамандарды дайындайтын бөлім ашу керек. Сонымен қатар магистратурада заң және латын тілі атты бөлім ашылғаны жөн. Өйткені біз Рим заңын қолданысқа енгіздік. Яғни латын тіліндегі терминдерді пайдаланамыз. Осы терминдердің қазақ тілді баламасын жасайтын дайындау керек. Сонымен қатар елімізде қолданатын заңнамалар мен нормативтік-құқықтық құжаттарға мониторинг жасап, терминдерді сараптан өткізген жөн.

2007 жылы шыққан «Заң терминдерінің сөздігінде» судебный пристав сот приставы деп берілген. Бұл терминді 1997 жылы Мемтерминком жасауыл деп бекіткен. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне жүгінсек, судебный приставтың міндеті судебный исполнитель деген атауға мазмұндас. Ал жоғарыдағы «Заң терминдерінің сөздігінде» судебный исполнитель сот

орындаушысы деп берілгені орынды. Бүкіл терминдерімізді біріздендіреміз деп жазып жүрміз. Кейбіреулер бірізділендіру дейді. Сонда біз бірігіп алып ізденіп жүрміз бе, әлде бірізді етеміз деп жүрміз бе? Айтып, жазып жүргендеріміздің қайсысы дұрыс? Ойланайықшы.

Жалпы терминдерімізді бірізділендіру үшін төмендегідей ұсыныстарды айтуға болады. Әрбір ғылым саласының қазақ тіліндегі терминдерін бірізділендіру үшін қазақша сәтті эквиваленттерін тауып, жүйелеу үшін сол ғылым саласының кәсіби біліктілігі жоғары мамандардан іріктеліп, құрылған топ болуы қажет. Терминжасаммен айналысатын ғалымдарға қойылатын талап болу керек. Критерийлер жасау қажет. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген ғалымдар тартылуы керек. Олардың қазақ тілінде жазған көркем аудармашылық еңбектері де болғаны жөн. Ағылшын тілін, тағы да басқа шетел тілін жақсы меңгерген және ғылыми атағы болуы тиіс. Көптеген терминдер латын тілінен алынғандықтан, сол атаулардың этимологиясын талдап, түсінетін қабілеті болған жөн. Терминологиямен айналысатын топта міндетті түрде сөзжасам заңдылықтарын білетін тіл маманы терминолог ғалым болуы керек. Терминдерді тек сол саланың ғалымдары ғана емес, филолог-терминологтың талқылауынан өткізіп барып бекіту керек. Көп жағдайда терминдерді тек филолог ғалымдар ғана талқылап, бекітіп жібереді, ал олар әр саланың терминдері қандай затты, құбылысты, процесті бейнелейтінін терең біле бермейді. Неғұрлым ғылыми атағы жоғары болса, сол ғалым сәтті термин табады деген пікір қате. Терминологтар полиглот болу керек.

Заң терминдерін қолданысқа ұсынылғанға дейін және заңға енгізілгенге дейін жан-жақты пысықтап, саралап алған дұрыс. Бір ұғымның бірнеше мағынасы, бірнеше сипаты мен белгісі болуы мүмкін. Бір ұғымның белгілерін анықтап, ішіндегі негізгісін тек сол саланың маманы ғана анықтай алады. Бұл ретте жарыспалылық болғаны дұрыс. Жарыспалылықтың орын алуына бірнеше себеп әсер етеді. Біріншіден, беделге басу. Әр ғалым өзі зерттеп, ұсынған терминді сөздікке енгізіп, қолданысқа жібереді. Әркім өзінің пікірін дұрыс көреді. Бірақ мұндай ұсыныстарды қолданысқа енгізбес бұрын, зерделеп алған дұрыс. Екіншіден, үйлестіру жұмыстарының кемшін болуы себеп болып отыр. Яғни терминді сараптау, тілдік талаптарға сай келуін зерттеу жұмыстары дұрыс жүргізілмейді. Әсіресе, республикалық деңгейде үйлестіру жұмыстарын дұрыс жүргізу керек. Заңда, нормативтік-құқықтық құжаттарда бір термин бірнеше мағанада қолданылады. Заң тілі нақтылықты қажет етеді. Не туралы, қандай сөз айтып отырғанымызды нақтылап, дәл өз атымен атауымыз керек. Құқылы деген сөздің өзін құжаттарда қақылы, құқықты деп, пайдаланамыз. Ауызекі тілде бірнеше мағынасы қолданылсын, бірақ кәсіби тілде бір мағынасы болуы қажет деп, ойлаймын.

Терминдерді ала-құла қолданып жүретін болсақ, тіліміздің нормативтік-құқықтық құжаттарда заң тілі ретінде орнығуына кесірі тиеді. Заң саласы – халықпен тығыз қарым-қатынас орнататын сала.

Қазіргі таңда азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және, т.б. заң салаларына қоса нарықтық экономикаға қатысты заңдық нормативтер

калыптасты. Заң терминдерінің қазақша аудармаларының тұрақсыздығы, бір ізді болмауының қоғамдық және адамдық қатынастардағы салдарлары да күрделі. Себебі заңдар мен кодекстердегі әрбір тәртіп және құқық бұзушылықтың, қылмыстық баптары мен тармақтары адам денсаулығына, өміріне және тағдырына әсер етеді, айып немесе жаза тағайындауда шешуші рөл атқарады. Мәселен, иелену мен иемдену (владение – присвоение) дегендегі «иелену» – заңды, заңмен қорғалатын әрекет, ал «иемдену» заңсыз, заңмен қудаланатын әрекет; немесе «асыра пайдалану» (превышение) мен «теріс пайдалану» (злоупотребление) заңмен қудаланатын, екеуі де екі түрлі баппен жазаланатын құқық бұзушылық және қылмыс. Бопсалаушылық (вымогательство) пен алаяқтық (мошенничество) ұғымдары да осындай.

2000 жылы заңтануға арналған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздікте [31томдық терминологиялық сөздіктердің 30-томы] «авторлық келісімшарт» «авторлық шарт» [183б.], «административная ответственность» «әкімшілік жауаптылық» дегенді «әкімшілік жауапкершілік» [184б.], «актуальность» – «өзектілік» [186б.], «актуальный» – «көкейкесті» [186б.], «истец» – «талап арызшы» дегенді «отказ истца от иска» – «қуынушының талаптан бастартуы» [275б.] деп аударылған. «Аморальный поступок», «антиобщественный поступок» дегендегі «поступок» – «бейморальдық іс-әрекет» [187б.], «қоғамға жат қылық» [187б.], яғни «іс-әрекет, қылық» болып аударылған.

Заң терминдері мен ұғымдарының жоғарыдағыдай ала-құла болуы терминжасамға қойылатын 1) бір мағыналық 2) қысқалық 3) шарттылық, жасандылық 4) тұрақтылық 5) бейтарап мәнділік деген талаптардың орындала бермеуіне байланысты. Сонымен қатар терминдер мен ұғымдарды аудару кезінде сөздердің бір мағыналы, көп мағыналы ғана емес, тар мағыналы, кең мағыналы болатынын ескерген жөн. Терминдер мен ұғымдарды аударуда тілдердің грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне қарай бір сөзді бірнеше сөзбен, сөз тіркесімен, немесе керісінше аударуға тура келеді. Мәселен, отводить (свидетеля) – (куәға) қарсылық ету, приостановить – тоқтата тұру, отложение, отклонять – кейінге қалдыру, отменить – тоқтату, күшін жою, откладывать – шегіндіру, кейінге қалдыру, отсрочка – кейінге қалдыру, отказывать – бастарту, қайтару, устранение – шеттету, отклонять – шеттету, отвергать – қабылдамау.

Қорыта келгенде, халықаралық немесе терминдердің қазақша аудармаларын тұрақтандыру үшін:

- біріншіден, заңдар мен заңдық актілерде қолданылатын терминдер мен ұғымдардың түгелдей инвентаризациясын жасап, баспасөз бетінде жалпы халықтық талқыға салып, мамандар саралап төрелігін айтып, терминология комиссиясы біржола бекіту керек;

- екіншіден, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында терминология тақырыбына қатысты семинар-сабақтар жиі ұйымдастырылса;

- үшіншіден, заң терминдеріндегі аударманы жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминология

комиссиясының мүшелері, құқықтанушы, заңгер ғалымдар, құқық қорғау органдарының мамандары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, облыстық тілдерді дамыту мен ішкі істер басқармаларының қызметкерлерін қатыстыра отырып арнай іс-шаралар өткізіліп тұрса деген ұсыныс білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл.
- 2 Заңнамадағы аударма ахуалы. "Ана тілі" газеті. 2009ж., - 1бет.
- 3 Құқық қорғау саласындағы терминдер. Алматы, 2001ж.

Резюме

В статье сообщаются вопросы правильного перевода юридических терминов и их применения в процессе издания и толкования закона и его применении в нашем независимом правовом демократическом государстве.

Resume

The article reported questions of correct translation of legal terms and their use in the process of publication and interpretation of the law and its application in our independent legal democratic state.

УДК: 82.0:001.83(100) 17.01.17

Satbay G.

Türk Dili Öğretmeni, Abay Kazak Milli Pedagoji Üniversitesi

YABANCILARA TÜRKÇE ÖĞRETİMİNDE ÇİZGİ FİMLERİN ÖNEMİ

Yabancılar Türkçe öğretiminde temel dil becerilerini, özellikle konuşma becerisini geliştirmede çizgi filmlerin önemi çok büyüktür. Türk halkının kültürünü, yaşama geleneğini tanıtan Türk halkının çizgi filmleri bir taraftan konuşma becerisini geliştirecek görsel ve işitsel araçlardan biridir.

Anahtar Kelime: *çizgi filmi, konuşma becerisi, Türk kültürü, yabancı dil öğretim yöntemleri.*

Yabancılar Türkçe öğretimi, Türk kültürünün öğretilmesi amacını taşımaktadır. Çünkü, dil kültür aktarıcısıdır. Türkçenin yabancı dil olarak öğretilmesinin ana dil olarak öğretilmesinden farklı ve zor yönü; Türkçeyi öğrenen yabancıların Türk kültürüne olan uzaklığıdır. Yabancı dil öğrenen kişi o dile ait kültürün içine girmektedir. “Kültür, onun çevresinde yaşayan insanları, hem diğer insanlarla münasebetlerinde hem de tabiat karşısında uyumlu hâle getirmeye çalışan, değerler, normlar ve sosyal kontrol unsurlarının bütünüdür.” (Tural 1990: 2). Kişi, kültür öğelerini ne kadar iyi algılayarsa yabancı dili de o oranda iyi öğrenebilmektedir. Dolayısıyla kültür öğelerinin, yeri geldikçe, bir yabancıyı öğrenebileceği ölçüde ve doğru biçimde verilmesi önem taşımaktadır. Aslında Türk ve Kazak kültüründe, her ikisinin aynı soydan olmasından, benzer noktalar

olsa bile bir-birinden uzak kalması dolayısıyla birtakım farklılıklar da ortaya çıkmaktadır. Yani bir Türk ile Kazak tercümansız bir-birini anlamada güçlük çeker. Dolayısıyla, Türkçe Kazakistan’da yabancı bir dil olarak öğretilmektedir. Her yabancı öğrenci gibi Kazak öğrencileri de Türkçe’yi ana hatlarıyla temelden öğrenirler. Fonetik, morfolojik ve cümle yapısının aynı olması ilk etapta öğrencilere kolay görünse bile kelime hazinesinin yetersizliği, konuşma becerileri aksamaktadır. Sözcük ezberletmek, bol alıştırma yaptırmak öğrencilere bir yandan sıkıcı olmakta, öbür yandan bu yöntemle öğrenilen yabancı dil kalıcı olmamaktadır.

Yabancı öğrenciler Türkçeyi iyi öğrenemiyorlarsa bunun başlıca sebeplerinden biri derse ve konuya ilgi duymamalarıdır. Öğretmenin yapacağı ilk iş, öğrencide en önemli güç olan ilgiyi temin etmektir. Yabancı dil öğrenen birinin beklenen davranışı sergileyebilmesi için yeterli düzeyde motive edilmesi gerekir. Motive etmede başarılı olamayan bir öğretim anlayışı, dil öğrenen kişide konulara odaklanma bakımından sorunlar ortaya çıkaracaktır. Bunun sonucunda ise kişi kendini bir bütün olarak yapması gereken etkinliklere değil de konu dışı etkinliklere taşıyabilecektir. Türkçe öğretiminde motivasyon için dersin eğlenceli hale getirilmesi şarttır.

Bu yüzden öğrencilere Türkçe öğretme sırasında görsel ve işitsel araçları kullanarak Türklerin kültür öğelerini gösteren çok sayıdaki malzemeler verilebilir. Aslında, Türk çizgi filmleri konuşma becerisi ve kelime hazinesinin geliştirilmesi açısından çok büyük önem taşır. Bu sebeple, çizgi filmler öğrencileri dil öğrenmede motive eder, hem eğlendirir. Çizgi filmleri önce seyrettirmek, yeni kelimeler üzerinde alıştırma yaptırmak, sonradan çizgi film kahramanlarını canlandırmak hem sözlü ifade açısından hem kelime hazinesinin gelişmesi için çok önemli bir etkinliktir.

“Söylersem unuturum,

Öğretirsen hatırlarım,

Yaparsam (işin içine beni katarsan) unutmam.”

sözü, yabancı dil öğretiminin nasıl gerçekleştirilmesi gerektiği konusunda bize önemli ip uçları vermektedir. Öğrencinin istekli olarak katılmadığı bir dil öğretimi kesinlikle başarıya ulaşamaz. Burada motivasyonun ne denli önemli olduğu açıktır. Çizgi filmlerin dili çok basit bir diyalogu içerir. Öğrenci, istekli olarak bu yöntemi çabuk algılar.

Çizgi filmler, genellikle sağlam bir pedagojik alt yapı içerir. Öğrenciler hem konuşma becerilerini geliştirirken hem de öğretici bir ders alırlar.

Çizgi filmler sadece “renkler, sayılar, az-çok, dolu-boş, uzun-kısa” gibi basit kavramları öğretmiyorlar. Bunların yanında çeşitli değer yargılarını ön plana çıkarmaktadır. Bu değer yargıları evrensel geçerliliği olan “sevgi, saygı, yardımlaşma, dayanışma, sabır, hoşgörü, ahlak, cömertlik, adalet, disiplin, paylaşma, çalışkanlık, iyilik, doğruluk, temizlik, misafirperverlik, vatanseverlik” gibi kavramlardır. Bunların yanında manevi öğelere de vurgu yapılmaktadır. Türklerin Keloğlan, Pepee gibi çizgi filmleri sayesinde Türk kültürünü, Türkçe deyim ve atasözlerini öğrencilere kolay kazandırabiliriz. Bu arada, Türkiye’de TÜBİTAK MEB ile birlikte İngilizce müfredatı yenileyecekmiş. Artık çocuklara

İngilizce'yi Keloğlan, Pepee ve Cailou öğreteceğini söyleniliyor, bu çizgi filmlerinin İngilizce versiyonu hazırlanıyormuş. Bu demek, çizgi filmlerin yabancı dil öğretimi için önemli bir yöntem olduğunu gösterir. Çizgi filmlerin Türkçe dil öğretiminde kullanılmasının temel yararları şunlardır:

1. Dil öğretiminde çizgi filmlerin kullanımı öğrencilerin motivasyonunu ve ilgilerini artırır, derslere daha etkin bir biçimde katılmalarını sağlar.
2. Çizgi filmlerin kısa olması sıkılmadan izlenmesini ve anlatılmasını kolaylaştırır. Bu yolla, öğrencilerin konuşma becerisini geliştirmek için gerekli olan öğrenci katılımı sağlanır.
3. Öğrenciler her çizgi filmde yeni kelime, deyim ve terimlerle karşılaşır. Öğrenciler anlamını bilmedikleri kelimeyi bazen filmin genel anlamından çıkarırken bazen de bu kelimeyi sözlükten öğrenir. Bu şekilde kelime hazineleri hızlı bir şekilde gelişir.
4. Türkçe öğretiminde çizgi filmlerin kullanılması, öğrencilerin dil bilgisi kurallarını öğrenmelerine ve iletişimde kullanmalarına yardımcı olur.

Gerek Türk kültür unsurlarının verilmesi yönüyle gerekse Türkçenin söz varlığını zenginleştirici bir unsur olması sebebiyle Keloğlan çizgi filminin yabancılarla Türkçenin öğretiminde çok önemli bir işlevi vardır. Bu çizgi filmlerinin kısa olması ve çarpıcı sözler içermesi, millilik taşıması dil öğretimi açısından önemli bir unsurdur. Çünkü, dile yabancı olanlar, özellikle temel düzeyde Türkçeyi öğrenirken uzun metinlerden hoşlanmazlar. Kısa ve iletişime dayalı metinler, dil öğrenenlerde öğrenme isteğini artırır.

Çizgi filmlerin derste işlenmek üzere filmde önce, film izlenirken ve film izlendikten sonra öğrencilere yaptırılacakların hazırlanması ile dil eğitimi hem etkin hem de kısa zamanda birçok kelime ve kavram öğretebilme özelliğine kavuşacaktır. Bu çizgi filmleri biz derste uyguladık. Öğrenciler bu yöntemi çok beğendiler ve kendileri de proje ödevi olarak değişik çizgi filmler üzerinde sunum yaptılar. Bu çizgi filmler Keloğlan, Pepee, Sıçrayan Kaplan, Dinozar ile Ağaç, Dudu Tavşan masalı v.s.

Sonuç olarak, dil öğretiminde sempatinin önemi çok büyüktür. Pepee, Keloğlan ve başka da çizgi filmleri dinleyen veya seyreden öğrenciler, kendilerini filmdeki kahramanların yerine koymaktadırlar. Yabancılarla Türkçenin öğretiminde bu çizgi filmlerinin kullanılması, hem öğrencilerdeki öğrenme isteğini artırmakta hem de telaffuz ve kelime hazinesi açısından öğrenene önemli katkılar sunmaktadır. Önemli olan bu çizgi filmlerin, öğrencilerin Türkçedeki söz dağarcığı ve dil bilgisi düzeylerine uygun olarak seçilmesi, sınıf içindeki oyunlaştırarak canlandırma etkinliklerine katkıda bulunması ve Türk kültürüne açılan birer pencere olarak düşünülmesidir.

Kaynaklar:

- 1 Tural, Sadık K. "Nekre Ve Nükte Kavramlarının Kültür İçindeki Yeri Ve Fonksiyonları", Fikrî Ve Felsefî Yönüyle Nasreddin Hoca Sempozyumu Bildirileri, Konya Valiliği İl Kültür Müdürlüğü, Akşehir.1990
- 2 Aktaş, Tahsin "Yabancı Dil Öğretiminde İletişimsel Yeti" Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi.2004

3 Barın, Erol “Yabancılar Türkçe Öğretiminde İlkeler” Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi, S. 1,2004.

4 Barın, Erol. “Türkçenin Yabancılar Öğretiminde Motivasyon”, 1.Uluslararası Türk Dili Ve Edebiyatı Sempozyumu(23-26 Ekim 2007) Bildirileri, Süleyman Demirel Üniversitesi, Isparta.2008

5 Demirel, Özcan. Öğretim Sanatı, PegemA Yay., 12.Baskı, Ankara.2007.

Түйін

Шетелдіктерге Түрік тілін үйрету барысында, тіл дағдыларын оның ішінде сөйлеу дағдысын дамытуда мультфильмдердің маңызы өте зор. Түрік халқының мәдениетін, өмір сүру салтын танытатын Түрік халқының мультфильмдері тіл үйренушілерге де сөйлеу дағдысын дамытатын бейнелі және көрнекілік құралдарының бірі болып табылады.

Resume

The basic language skills in teaching Turkish to foreigners, especially the importance of cartoons in developing the ability to speak is too large. In the tradition of the Turkish people, culture, life, introducing the Turkish people will develop the ability to speak in a way cartoons visual and audio is one of the tools.

ӘОЖ 82:81 255.2 (17.07.61)

Омар Б.М., Баетов Е.К.

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ДҰРЫС АУДАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада егеменді еліміздің құқыққорғау жүйесін жетілдіру мәселелерімен қатар, құқыққорғау жүйесіндегі іс жүргізу және билік ету, шешім шығарудағы терминологиялық атауларды дұрыс аударуды жетілдіру мәселелері, сондай-ақ терминологиялық атаулардың қазақи түпнұсқасына үңілу мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: Заң терминологиясы, термин, қазылар, алқабилер, сот. норма, аударма ісі, мемлекет, нормативтік құқықтық актілер, заңнама, балама сөз, түсіндірме сөздік.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің заң терминологиясы қайта түлеу үстінде деуге болады. Бірақ бұл мәселе жиырма екі жылдан бері бір жолға қойылмай келеді. Себебі біз заң терминдерін аударуға келгенде олқылықтар танытып келеміз. Сол себептен, затына аты сай келмейтін терминдер қалыптастырған біздер келер ұрпақ алдында айыптымыз деп, айтсақ қателеспейтін шығармыз.

Бүгінгі күні еліміздегі біршама заңдарымыз бен басқа да көптеген құқықтық нормалар аударма түрінде қолданылып келеді. Егерде заңдар тек мемлекеттік тілде жазылып, қолданылса, сондай-ақ кең өріс алса, оның қайшылықтары бірден байқалар еді. Сол себептен біз бірінші аударма мәселесіне көп көңіл бөле отырып, мемлекетіміздегі заң тілін жөнге қойуымыз қажет. Заңды түзеу үшін, алдымен, заңды сол мемлекеттің тілінде жазуымыз керек. Біздің мемлекетіміздің тілі – қазақ тілі. Орыс тілі – ресми тіл. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ, дау туғызып жатқан жоқ. Бірақ, біздің

зандарымыз Парламентте ресми тілде жазылады да, мемлекеттік тілге аударылады. Аударылғаннан кейін заңның мәні кетеді [1, 16].

Жалпы заң ғылымында аударылатын терминдер бар, сондай-ақ, аударылмайтын халықаралық терминдер бар. Соны анықтап алуымыз қажет. Әйтпесе, аудармашылар әрқайсысы өзінше жеке аударып, пайдаланып, сөздің мәнін кетіруде. Алдымен, мемлекеттік ономастикалық комиссияда бұл мәселе қаралуы керек. Өкінішке қарай, бұлай жұмыс істеп жатқан ешкім жоқ. Өздеріңіз білесіздер, бізде «Тіл туралы» заң бар. Осыны бетке ұстаймыз. Заң болуы үшін, біріншіден, оның диспозициясы болуы керек. Екіншіден, ол заң орындалмаса, оған қолданылатын санкция болуы тиіс. Біздің «Тіл туралы» заңымыз тек диспозициядан тұрады. Санкция жоқ. Яғни, «Тіл туралы» заңды орындамағанға жауапкершілік қарастырылмаған. Содан кейін де ешкім заңды орындамайды, ол күнделікті заң жүзінде қалады. Бізде мемлекеттік тілді орнықтыруда қиыншылықтың болғаны рас. Халқымыздың 40 пайызы өз тілін білмейді, басқа ұлттардың өкілдері ресми тілде сөйледі. Ал, қазіргі жағдайымызда Қазақстанның 60 пайызға жуығы қазақ ұлтынан тұратыны жөнінде статистикалық көрсеткіштер бар. Соған қарағанда, тіл де дамуы керек.

Біздің тіліміздің негізі Ата заңда болуы керек. Конституция заңдардың негізі болғандықтан, қайбір термин де соған сәйкес болғаны жөн. Сол заңды аударғанда да «мынау термин қалай екен?» деп Конституцияға қарауымыз қажет. Жоқ, Конституцияда бір бөлек, кодекстерде бір бөлек болып жүреді. Осындай алшақтықтарды байқаймыз. Қылмыстық кодексте аударуға жатпайтын халықаралық терминдер бар. Осы секілді аударуға келмейтін терминдерді сол күйінде қалдыра отырып, пайдалануымыз керек. Ол біздің тілімізді байытпаса кемітпейді. Мысалы, «амнистия» деген халықаралық термин ғой? Оны «рақымшылық» дедік. Ал, рақымшылық деген – «помилование» дегенге жақын. Рақым деген сөз – жақсылық жасау дегенге келеді. Ал, амнистия дегеннің мағынасы кең ғой. Сол сияқты «коррупция» деп айтып жүрміз. Оны «жемқорлық» дедік. Түпкі сөзі «жемді» мал жейді ғой, сонда адамды малға айналдырғанымыз ба? Коррупция – халықаралық термин, ол сол қалпында қалуы керек. Өйткені, барлық елдерде бұл атау коррупция күйінде қолданылады. Ал, біз келіп оны аударамыз. «Сыбайлас» дегеннің өзінің екінші мағынасы бар, ол «соучастие» деген сөз. Сыбайлас дегенмен жалғыз адам қылмыс жасамайды, ол бірнеше адамның тобы деген сөз. Ал, коррупцияны бір адам да жасай береді. Оның мағынасы да, қолданылуы да алшақтап кетіп отыр. Сосын Қылмыстық кодексте «рецидив» деген термин бар. Біздің бұрынғы Қылмыстық кодексімізде «аса қауіпті рецидивист» деген термин болды. Бұл да халықаралық термин. Бұрын сотталып, ол соттылығы жойылмай жатып тағы қылмыс жасаса, оны рецидивист деп атайды. Ал, біз мұны «қылмысты қайталау» деп аударамыз. «Қайталаудың» орысшасы – «повторность» қой. Кез келген қайта жасалған қылмыс рецидивист болмайды. Міне, мағынасы қалай бұзылып тұр. Осы күнге дейін «деяние» – «іс-әрекет» деген ұғымды білдіреді деп оқып келдік. Бұл іс-әрекет дегеніңіз – «действие», «бездействие». Ал, бізде «деяниены»

«әрекет» деп аударған. Жарты сөзін кесіп тастаған. Сөйтіп, сөздің өрісі тарылып қалған. «Винность» – «кінәлі» екенін білесіздер. Оны біреу «айыпты» деп аударады. Ал, айыпты, кінәлі деген бір-бірінен мүлдем бөлек сөздер. Мені осы күнге дейін абыржытатын бір термин бар, ол – «хищение». Біздер оны «жасырын түрде ұрлау» деп аудардық. «Хищениены» Кеңес өкіметі кезіндегі кодекстерде «талан-тараж» деп аударған. Осындай жақсы сөзіміз бар еді ғой? Оны біреулер «заңсыз иемдену» десе, енді біреулер «ұрлық», «пайдаға асыру» дейді. Бір терминді заңға әртүрлі етіп жазады. Оны оқыған адам да, сот та түсінбей, бір сөзді осылай қорлап жүрміз [1, 16].

«Сот» деген сөз – орыстардың «судь» деген сөзі. Яғни, бізде соттау, сотталушы дейді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты. Сол сияқты, Алматы қаласының соты. Егер орыстармен сөйлессеңіз, олар: «Сонда сіздерде осы күнге дейін мүлдем сот болмағаны ма, біздіңше «суд» дегенді өз тілдеріңізге аударып алатындай?» – деп сұрайды. Мен ештеңе айта алмай қиналамын. Егер Махмұд Қашқаридың кітабын оқып отырсаңыз, Шыңғыс ханның заманында түркітілдес халықтардың, біздің қазақтың, өзбектің тілі болған. Сол кезде тарихта қаншама белгілі мемлекеттер болды. Мемлекет құрылған жерде өздерінің сот билігі болады. Өйткені, сот билігінсіз мемлекет жоқ. Біз филолог емеспіз, заңгерміз. Дегенмен, «сот» деген атауға намыстанып, зерттеп қарадық. Қазақтарда «қазы» деген сөз бар. Мысалы, «әділқазы», «қазылық жасау» деп айтып жатамыз. Сосын, қазақтарда «билік» деген де сөз бар. «Биліктің» мағынасы кеңдеу. Өйткені, билік құрған адамның қолында соттау, әкімшілік билігі болған. Сонымен қатар, қазақ халқында «Билер», «қазылар», - деген сөз бар. Олар халық төрелігін айтқан. Мәселен, біздің белгілі үш бидің қолында осындай билік болды. «Присяжный заседатель» деген сөз бар. Оны «алқабилер» деп айтып жүрміз. «Присяга» деген «ант» деген сөз. Сонда «ант қабылдаған заседательдер» болып шықпай ма? Егер «алқабилер» дейтін болсақ, судьяларды «билер» деп өзгертейік. Сонда «алқабилердің қатысуымен қаралатын іс» болады. Мұның бәрі – заңдардағы терминдерді талқылағанда заңгерлердің, тәжірибелі мамандардың пікірлерін тыңдамағандық. Әрине, аудармашыларды да кінәлауға болмайды. Олар филологтар, кейде журналистер, оның мағынасын білмеуі мүмкін. Сондықтан, мұндай заңды аударар алдында мамандармен терминдерді талқылап алу керек. Жалпы, заң терминдері туралы алдын ала республикалық конференция ұйымдастыру керек. Заң терминдерінің, оның нұсқасының сот, тергеу процесі барысында қолданылуы жөнінде жиын өткізіп, бұл атауларды түзеуіміз керек [1, 16].

Қазір еліміздің тәуелсіздігіне 21 жыл толып отыр. Соның қарсаңында «сот» деген сөзді өзгерту керек деп есептеймін. Ресейліктер «милиция» деген сөзді өзгертіп еді, біз де бұл сөзді өзгерттік. «Сот» біздің сөз емес. Сондай-ақ, «соты» деп жазғанымыз тағы дұрыс емес. Сондықтан, менің айтарым, «сот» деген сөзді «қазы» деп ауыстырсақ, одан ұтатынымыз көп. Осы арқылы «сот» деген келеңсіз қалыптасып қалған сөзді ұмыттырып, «қазы» деген атауды жаңадан сөздік қорымызға қосамыз. Екінші бір айта кететін нәрсе, «юстиция» – латын сөзі және ол халықаралық термин. Дүниежүзі «юстиция»

деп айтады. Оны біздер «әділет» деп өзгерттік. «Әділет» дегеніміз – «справедливость» қой. Оның әділеттен де басқа халыққа қызмет ететін салалары көп. Түріктер сотты «әділет үйі» деп атайды. Расында, адам әділеттік іздеп сотқа келеді ғой? Ал, біз тек заңды тіркеуге алып отыратын орынды «әділет үйі» деп өзгертеміз де, ал, шынындағы әділет үйі – сотты орысша жазамыз. Сондықтан, сотты, керісінше, «әділет үйі» деп өзгерту керек сияқты. Ал, ондағы судьялар – қазылар. Егер төраға болса, ол «Әділет үйінің төрағасы» дейміз. Біздікі тек ұсыныс. Тіл мамандары баршылық. Оны өздері шеше жатар. Бірақ, сот деген сөзге қазақтың балама сөздері көп.

Сонымен, заңды сөзбе-сөз емес, мағыналық тұрғыдан аудару керек дедік. Бұл бергі жағы. Екінші жағы, мағыналық аударудың жөні осы деп заңға артық ауыз сөз қоса беруге, не қазан-ошақ тілімен баяндауға тағы да болмайды. Юриспруденцияда «грамматикалық талқылау» деген ұғым бар. Алда-жалда заң тілінен дау туса, әр сөзді, үтірді әр қырынан талдауға тура келеді. Сайып елгенде, осындай олқылықтар орын алмас үшін заң шығару процесінде бірден қазақша жоба ұсыну үрдісін қалыптастыру абзал. Тағы бір айта кететін жәйт, бір терминді бір түрлі ғана баламалап, оны тура сол мағынасында өзгеше түрлендіруге жол бермеу қажет. Дей тұрғанмен бұдан қалыс қалатын жәйттер де бар. Ол түрлендіруге жол бермейміз деп, бір терминнің баламасын кез-келген жерде, кез келген мағынасында бір-ақ сөзбен беру [2, 16].

Заң терминдерінің дұрыс аударылуы, мінсіз қолданылуы – мемлекетіміздегі заңдылық пен құқық тәртібін нығайтудың кепілі [3, 16].

Қандайда бір мемлекеттің ең негізгі белгісі – тілі. Мәселен, көршіміз Өзбекстан Кеңес өкіметі кезінде тілін жоғалтпаған ел еді. Қазір «өзбектер тек өз тілдерінде сөйлейді» деп мақтаймыз. Сол сияқты тілін сыйлаған халықты басқа ұлт та сыйлайды. Кейбір шетелдерден келген заңдық, құқықтық саладағы терминдердің қазақша баламалары бар. Оны іздесек табамыз. Бірақ, олар архаизмге айналып кеткен. Яғни, пайдаланудан түсіп қалған. Содан намыстанбай, қысылмай, архаизмге айналып кеткен сөздерді, атауларды тірілтсек қалай болар еді?

Сондықтан заң терминографиясындағы осы істі, қанша қиын болса да, тез арада қолға алу керек. Заман ағымына ілесіп отыру үшін және көштен қалып қоймау үшін бұл – аса қажет іс деп, ойлаймыз. Ұлттық заңнама тілінің өзекті проблемалары деуге болатын жоғарыдағы мәселелер жөнінде әлі де талай әңгіме айтуға болады. Алайда оның бәрі бір іс тындырғанға жетпес еді. Сол себепті алдағы уақытта, яғни Қазақстан Республикасы латын әліпбиіне толық көшпей тұрып, бұл мәселені шешіп алған жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ағыбаев А. Терминді дұрыстау үшін қазақи сана қалыптастыру керек Алматы, 2011ж. -16бет.
- 2 Қылмыстық заңдардағы қателер (1 – 6)... www.namys.kz/?p=9095.-1 б.
- 3 Қылмыстық заң терминдерінің бірізділігі – заңдылық пен құқық тәртібін нығайтудың негізі .-1 б.

Резюме

В статье наряду с вопросом о развитии правоохранительных систем нашей независимой страны, изыскиаются вопросы о развитии правильного перевода терминологических названий в делопроизводстве, в управлении и вынесении решения в правоохранительной системе, а также вопрос углубления в казахский оригинал терминологических названий.

Resume

The article, along with the question of the development of law enforcement systems of our independent country, refined questions about the development of a correct translation of terminology names in proceedings, in the management and decision making in law enforcement, as well as the issue of deepening the original terminology in Kazakh names.

ОӘК 37.013.14.07.07 [04.51.53]

Садвакасова Ж.К.

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі - білім. Білім - ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы. Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық белестерімізге қорытынды жасап, 2020 жылға дейінгі дамуымыздың бағдарын айқындап бергенде де білімге көп назар аударды.

Жаһандану заманында интеллектуалды ұлт қалыптастыру, мемлекет басшысы нұсқағандай, қатал бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын алға тартатын күш ретінде орнықтыруға да байланысты. Отандық білім жүйесі өз қызметін «Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция - мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйене отырып жүзеге асыруы керек.

Елімізде ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруа бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн тәртібіне қойып отырғанының дәлелі. «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасының басты мақсаты елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру.

Тірек сөздер: интеллектуалды ұлт, инновациялық технологиялар, білім беруді дамыту, жаңа әдістемелер, тұлғаны қалыптастыру.

ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді.

Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені-сау, ой-өрісі жоғары дамыған әлемдік деңгейдегі жоғары білімі бар азаматтарды тәрбиелеу – мемлекеттік ең маңызды стратегиясы.

Әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында миятты міндеттер мен бұлтартпас бағыттар тұр. Солардың бірегейі – білім беру жүйесін жетілдіру.

Елімізде білім мемлекеттің экономикалық ресурсы, өндіріс факторы ретінде қарастырылуда.

Соңғы үш жыл бойына Қазақстан ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 елі ішінде көшбасшылардың төрттігінде тұр.

XXI ғасырда Қазақстанда білім беру жүйесінде инновациялық серпіліс жасалынды. Жаңа мыңжылдық білім беру үдерісін мүмкіндігінше кеңірек қарауды талап етеді. Әр адамды жаңа әлемде жұмыс істеуге, білім алуға, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған білім берудің төрт тағаны.

Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі білім берудің құрылымын, мақсатын, мазмұны мен технологиясын өзгертті. Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, инновациялық идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамытын және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады.

Осыған сәйкес білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызды міндеттер қойылып отыр:

- педагогикалық білімнің мазмұны мен әдістерін жаңарту;
- педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау;
- оқу-тәрбие процесіне инновациялық ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологияларын енгізу;
- кез келген жағдайда өз бетімен оң шешім қабылдай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра білетін және оны тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра алатын, оны тиімді жүзеге асыра білетін интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу, яғни адами капиталды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор» - деп атап көрсеткеніндей, жаңа дәуірдегі жаһандану үдерісіне төтеп бере алатын болашақтың зиялы ұрпақтарын тәрбиелеу өркениетке бағыт алған әрбір мемлекеттің өзекті мұраты [1].

XXI ғасырда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін реформалаудағы стратегиялық міндеті-экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің

нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр.

2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың төмендегідей ресми құжаттары қабылданды:

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының дарынды жастарына арналған «Болашақ» халықаралық бағдарламасы және т.б.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттары айрықша сараланды:

- электронды оқыту жүйесін құру;
- оқытудың 12 жылдық моделіне өту;
- ұлттық біліктілік жүйесінің негізін жасақтау;
- білім беруге мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті енгізу;
- еңбек нарығының талаптарына сай келетін, азаматтардың кәсіптік, мансаптық және жеке тұлға болып өсуіне ықпал ететін үздіксіз кәсіптік білім берудің икемді жүйесін қалыптастыру;
- заманауи ғылыми-білікке ие және еліміздің инновациялық дамуына үлесін қоса алатын ғылыми-педагог кадрларды даярлау [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясында: «Мектеп жасына дейінгі білім беруді жаңғырту одан әрі жалғасуы тиіс, болашақта көп қырлы тұлға қалыптастыру үшін негіз де дәл сонда қаланады.

Бірінші. Озық халықаралық тәжірибе негізінде мектеп жасына дейінгі тәрбие мен білім беруге оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу қажет. Олар инновациялық, ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс.

Екінші. Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту мәселесіне қатысып жүйелі ұсыныстарды әзірлеу қажет.

Үшінші. Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету қажет» – деп мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігіне тоқталды [3].

Мектепке дейінгі білім беру саласында «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы ырғақты жүзеге асуда. Мектеп жасына дейінгі мекемелер саны

3,5 мыңнан астамға артты. Екі жыл ішінде мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 36 пайыздан 65 пайызға ұлғайды.

«Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 3528 бірлікке (831 балабақша мен 2697 шағын орталықтар), олардағы орындар саны 198,1 мыңға артты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың жаңа формасы – 99,7 мың орны бар 2697 шағын орталықтар ашылды. Жеке меншік балалар бақшасының желісі даму үстінде - 26,4 мың орындық 289 балалар бақшасы ашылды. 2011 жылы республикада 8096 мектепке дейінгі ұйым (2748 балалар бақшасы мен 5348 шағын орталық) жұмыс істеді. Егер бағдарлама жүзеге асырудың бастапқы сәтінде 356 мың бала немесе барлық балалардың 36 пайызы, мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылса, қазіргі күні бұл көрсеткіш 65,4 пайызға жетті.

2012 жылдың бірінші жартыжылдығында 8524 мектепке дейінгі ұйым – 2908 балалар бақшасы мен 5616 шағын орталық жұмыс істеп, оларда 605790 бала тәрбиеленді.

Қазақстан жалпы экономикалық та, әлеуметтік және ғылыми білім беру тұрғысында да алға озған ел. Онда ТМД елдерінде, көбіне-көп әлемде де енуі ғана талқыланып жатқан көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

Мәселен, Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінде бірінші болып жоғары білімде үш деңгейлі «бакалавр – магистр – философия докторы» оқу жүйесіне толықтай көшті.

Шын мәнінде, қазіргі кезеңде қоғамның өркендеп - өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды кеңінен қолдануды, жаңа формациядағы педагогтар дайындау арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді, нарық экономикасына бейімделген бәсекеге қабілетті білімді де білікті мамандар дайындауды негізгі стратегиялық межеге жатқызады. Бұл мерейлі мақсаттар еліміздегі білім беру жүйесінің алдына инновациялық технологияларды іздестіру, оқытудың жаңа технологияларын қолдану және оны үнемі жетілдіріп отыру міндеттерін күн тәртібіне қоюда.

2010 жылы Қазақстанда оқытудың қағидатты жаңа сапасына қол жеткізуге бағытталған білім беруді дамытудың айрықша жаңа мемлекеттік бағдарламасы қолдалылады. Бұл бағдарламаны бүгінде әлемнің көптеген елдері үлгі ретінде қарастыруда.

Осылайша, Қазақстан ТМД-да бірінші болып 21 жылдан бастал педагогикалық білім беруді жаңғыртуды бастады. Педагогтар даярлайтын ЖОО-лар саны күрт қысқарды, оларды даярлау бағдарламалары түбегейлі қайта қаралуда. Мәселен, Кембридж университетімен ықпалдастықта мұғалімдерді қайта даярлаудың қағидатты жаңа бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламаның басты бағыты – оқушыны іс-әрекет арқылы зерттеу, нәтижесінде өз ойын нақты жеткізе алатын, ойға жүйрік, тілге шешен, бәсекеге қабілетті, жан-жақты жетілген, болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір, көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі тез өзгермелі бүгінгі өмірде өз

білімін қалыптап тыс жағдайда еркін әрі терең пайдалана алатын интеллектуалы жоғары креативті тұлға қалыптастыру.

Қазақстанда жалпы әлемдік табысты тәжірибені сорғышша сора отырып, қағидатты жаңа көзқарастарды қалыптастыратын даңғыл жол ұстануда.

Бүгінде орта білім беру жүйесінде Н.Назарбаевтың интеллектуалдық мектептері, кәсіптік-техникалық оқытуда «Кәсіпкер» Холдингі, жоғары мектепте – Назарбаев Университеті пайда болды. Олардың бәрі де білім берудегі әлемдік тәжірибені пайдалануға бағыт ұстанған.

Қазіргі таңда Назарбаев Интеллектуалдық мектептері тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелеріне жеткізу, инновациялық озық іс-тәжірибені үйрену, тарату, насихаттау, енгізу мақсатында Астана қаласында 2011 жылы Педагогикалық шеберлік орталығы құрылды.

Қазіргі таңда Республикада 6 интеллектуалдық мектеп жұмыс істесе, 2020 жылы олардың саны 20-ға жетпекші [4].

Экономиканың өркендеуі, әлеуметтік саланың әлеуеті болуы, рухани дүниеміздің тазалығы мен дініміздің қуаттылығы мемлекеттің білім беру саясатының сындарлылығына байланысты.

Жаңа ғасыр тәуелсіз еліміздің жаңа бастауы болды. Бүгін әлем түгел танып мойындаған егеменді ел болып, төрт құбыласын түгендеп, өсіп-өніп, халқымыздың әл-ауқаты жақсарып, өтпелі кезеңнің бар қиыншылықтарын жеңіп өркениетті елдер қатарынан орын алды. Сондықтан қазіргі кезеңде әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын мамандар тәрбиелеуге баса назар аударуға тиіспіз.

Бүгінгі таңда да елімізде интеллектуалды ұлт қалыптастыруда педагог мамандарды дайындау ерекше орын алып отыр. Республика бойынша педагог мамандарды даярлау саласында Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің алдыңғы қатарларда келе жатқаны белгілі.

Осы бағыттағы мемлекеттің бағдарламаларды іске асыру барысында Филология және көптілді білім беру институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Т.Т. Аяпованың басшылық етуімен үш жылдың ішінде университет қызметкерлерінен құралған профессорлық-оқытушылық құрамды басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, кафедра меңгерушілері мен шетелдік профессорлармен оқу үдерісінің жаңа бағыттары ауқымды түрде зерттеліп, бүгінгі күні тәжірибиеге енгізілуде.

Сонымен қатар, институт деңгейінде білім мен ғылымның интеграциялануы, академиялық ұтқырлықтың, оқу үдерісі бойынша шешім қабылдаудың бірлескен түрі, белсенді студенттерден құралған көптілді топтарды құру, оқытушылардың білім беру барысында ғылым мен техниканың жаңашыл бағыттарын пайдалану секілді жаңалықтар кең етек алуда.

Ендеше, бүгінгі таңда бүкіл адамзат қоғамының ХХІ ғасырдың алғы шебіне, яғни ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, зияткер тұлғаны қалыптастыру – жаңа Қазақстанның алдына тұрған басты міндет.

Үшінші мыңжылдықта елімізде стратегиялық бағыттар белгіленіп, 2020 жылға қарай білімді ел, парасатты экономика, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын жоғары білікті мамандар даярлау көзделіп отыр. Ал бұл өз кезегінде білім беру жүйесін түбегейлі жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012.
- 2 «Қазақстан білім қоғамы жолында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясы /Егемен Қазақстан, 6 қыркүйек, 2012ж.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 4 Наука: трудный рубеж борьбы за выживание – <http://www.kzpg.ru>

Резюме

Статья посвящена актуальным вопросам формирования интеллектуальной нации в РК в свете послания Президента РК, анализ проблем позволил выявить основные факторы, тормозящие развитие интеллектуального потенциала в Казахстане.

Resume

Article is devoted to topical issues of formation of the intellectual nation in RK in the light of the message of the President of RK, the analysis of problems allowed to reveal the major factors which are slowing down development of intellectual potential in Kazakhstan.

УДК 81:001.12/.18

Жумабекова А.К.

КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

ОБ ИННОВАЦИЯХ В СТРАТЕГИИ И ТАКТИКЕ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ (по материалам научных конференций)

В статье на основе материалов научных конференций обобщаются основные проблемы стратегии и тактики языкового образования в РК.

Ключевые слова: языковое образование, инновации, стратегия, тактика.

В подготовке филологов в нашей стране можно выделить три основных направления: обучение специалистов в области казахской, русской и иностранной филологии.

В условиях осуществляемой государственной языковой стратегии триязычия, а также реализации Национального культурного проекта "Триединство языков", инициированного Президентом РК, особое значение, на наш взгляд, приобретает осмысление и обобщение опыта обучения языкам как в общем – стратегическом, – так и в частном – тактическом – планах.

Наиболее наглядно новые направления науки, в том числе и в ее прикладных аспектах, проявляются на научно-методических мероприятиях. Их тематика и содержание нечасто подвергаются специальным исследованиям, между тем подобный анализ может помочь в ориентации, как начинающих исследователей, так и практиков в их повседневной работе.

В КазНПУ им. Абая регулярно проходят филологические конференции, предметом обсуждения становятся наиболее актуальные проблемы лингвистики и литературоведения.

На Международной научно-практической конференции «Филологические науки в современном мире» работа проводилась по следующим секциям: 1) Вопросы грамматики, методики обучения казахскому языку; 2) Функциональные и коммуникативно-прагматические аспекты исследования языка; 3) Теории языка и новации в системно-структурном описании языка; 4) Актуальные проблемы сопоставительного языкознания, межкультурной коммуникации и переводоведения; 5) Концептосфера языка и ментальность; 6) Современные аспекты филологического анализа художественного текста. Особый интерес среди участников конференции (в том числе и по количеству докладов) вызвала секция профессора Н. Оралбай «Инновационные теории и технологии обучения филологическим дисциплинам», работа в которой было организована по двум направлениям: 1) Инновации в обучении государственному языку; и 2) Инновации в обучении русскому и иностранным языкам. Большинство докладов было посвящено описанию отдельных технологий и методов обучения языкам (коммуникативные, интерактивные методы, кейс-стади, дебаты и др.) [1]. Безусловно, обмен опытом в этом направлении интересует всех преподавателей языков, и такие направления всегда будут сохранять свою актуальность.

Те же лейтмотивы были характерны и для Международной научно-теоретической конференции «Русское языкознание: теория и лингводидактика», в которой, помимо таких направлений, как «Активные процессы в современном русском языке», «Современные подходы к изучению языковых единиц», «Перспективные научно-методологические направления языкознания», «Язык, ментальность и культура», «Проблемы современного литературоведения и методики преподавания литературы», работали две самостоятельные секции «Инновации в преподавании русского языка как родного и неродного» и «Инновации в преподавании русского языка как иностранного». И здесь в основном доклады группировались по проблемам содержания и методов обучения русскому языку [2].

Об изменениях и новшествах в языковом образовании нашей страны свидетельствуют события, прошедшие в конце прошлого года в КазУМОиМЯ им. Абылай хана – базовой организации по группе специальностей «Иностранные языки» в нашей стране, это - Международная научно-практическая конференция «Инновации современного иноязычного образования: опыт, проблемы, перспективы» [3] и республиканский семинар-совещание «Внедрение международной языковой сертификации в систему

высшего и послевузовского образования РК» [4], инициированный МОН РК и Национальным центром тестирования.

Помимо общих теоретико-методических сведений общенаучного характера, изложенных докладчиками, обмена опытом с коллегами, которые всегда происходят на встречах такого рода, были моменты, имеющие важное организационно-методологическое значение. Эти мероприятия мы оцениваем как высокорезультативные в плане информирования всех преподавателей и организаторов дидактического процесса о современных тенденциях языкового образования.

Во время проведения вышеназванной конференции основным предметом обсуждения стало содержание «Концепции языкового образования РК» [5]. В выступлениях докладчиков на пленарном заседании содержание этого документа было воспринято как системно- изложенный подход к обучению в полиязычных группах, в частности, триязычию. Был акцентирован стратегический курс концепции развития образования на инновационное обновление отечественного образования и подготовку профессиональных кадров.

Выдвинутая ректором КазУМОиМЯ им. Абылай хана, профессором С.С.Кунанбаевой когнитивно-культурологическая методология, как универсальная концептуальная основа современной теории иноязычного и полиязычного образования, позволила установить закономерности становления полиязычной личности (на примере трех языков: казахского, русского и английского). Так, были выделены следующие условия, в которых осуществляется усвоение языков: социокультурная среда, лингвокультурная основа, форма языкового сознания, объект формирования с выходом на результат образования. В соответствии с этими условиями уточнены виды компетенций, т.е. объект формирования: при изучении родного языка речь идет о лингво-профессиональной коммуникативной компетенции, при изучении второго языка – о лингвокоммуникативной компетенции, при изучении иностранного языка – о межкультурно-коммуникативной компетенции. Результатами же языкового процесса становятся: первичная языковая личность (для родных языков), вторичная языковая личность (для вторых языков), субъект межкультурной коммуникации (для иностранных языков) [5, с.9-10].

Таким образом, весь образовательный процесс предстает логически стройным и методологически обоснованным. Он приобретает особую актуальность в свете государственной языковой стратегии триязычия.

В продолжение этой темы одним из важных, на наш взгляд, итогов республиканского семинара-совещания «Внедрение международной языковой сертификации в систему высшего и послевузовского образования РК» стало понимание широкого внедрения разработанного в КазУМОиМЯ им. Абылай хана национального стандарта уровней владения языками. Его отличительная часть – в адаптированной уровневой модели овладения иностранным языком, соотнесенной с общеевропейским стандартом языковых компетенций.

Важным представляется предложение участников совещания о нецелесообразности перехода на международные сертификационные экзамены (типа TOEFL и IELTS) для поступления на программы послевузовского образования РК. Опыт последних лет показывает, что в результате такого отбора «за бортом» оказывается значительная часть претендентов, достаточно (а иногда и высоко-) компетентных в своей профессиональной области, но по причинам разного характера (в том числе, во многом, отсутствия базового иноязычного образования).

Таким образом, разные, на первый взгляд, научно-методологические мероприятия, объединяет стремление их организаторов и участников, определить и сформулировать современные инновации в стратегии и тактике языкового образования.

Форумы подобного характера помогают соотнести общественные и лично-профессиональные приоритеты нынешнего непростого этапа развития казахстанской лингводидактики.

Список литературы:

- 1 Материалы Международной научно-теоретической конференции «Филологические науки в современном мире» 28-29 мая 2013 г. – Алматы: КазНПУ им. Абая: «Улагат», 2013. – 640 с.
- 2 Русское языкознание: теория и лингводидактика. Труды Межд.научно-теор.конференции, посв. 85-летию проф. Л.А.Шеляховской. – Алматы:КазНПУ им. Абая, 2013. – 290 с.
- 3 Международная научно-практическая конференция «Инновации современного иноязычного образования: опыт, проблемы, перспективы»
- 4 Программа республиканского семинар-совещания по вопросам внедрения международной языковой сертификации в систему высшего и послевузовского образования РК. –Алматы:28-29 ноября, 2013.
- 5 Концепция языкового образования РК. – Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2010.

Түйін

Мақалада ғылыми конференциялар негізінде ҚР тілдік білім берудің стратегия мен тактиканың негізгі мәселелер анықталады.

Resume

In article on the basis of materials of scientific conferences the basic problems of strategy and tactics of language education in RK are generalized.

«КӨРҰҒЛЫ» ЖЫРЫНЫҢ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

«Көрұғлы» эпосы - түркі тілдес халықтар арасына ең көп тараған фольклорлық туындылардың бірі. Оны қазақ, түрікмен, тәжік, әзірбайжан, қырым, сібір татарлары, өзбек, құмық, қарапалпақ және анадолы түріктерінің фольклорынан кездестіруге болады. Сол сияқты жыр араб елдері, армян, грузин, дағыстан және күрділер арасына да кеңінен тараған.

Тірек сөздер: эпосы, фольклорлық, Көрұғлы, Хасанхан, Райхан, бас кейіпкер, құтқару, шайқасу, соғысу

«Көрұғлы» жырының еларалық нұсқаларындағы ортақ образдар қатарына Көрұғлы мен оның әйелдері, Ғауазхан мен Хасанхан, Райхан араб, Шағдат хан, Безерген және т.б жатады. Мұнда тек нұсқаларға сай Шағдат хан атауы өзгеріп отырады.

М.Әуезов: «Батырлық жырлар идеясы - халықтық ел қорғау идеясынан туған. Ал бұл идея жырдағы басты кейіпкерлер арқылы ашылады. Халықтың арман - мүддесі қайсы, халықтың досы мен дұшпаны қайсы екендігін дәлелдеп көрсету үшін жырда кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз образы жасалады. Және олардың бәрі де ойда қаларлықтай етіп суреттеледі», - деп ой түйіндеген [1, 128б.], «Көрұғлы» жырында бас кейіпкер әрекетін айқындайтын мақсат - кек қайтару, бас кейіпкердің жеңгесін құтқару, Райхан Арабпен шайқасу, Күнхар ханмен соғысу.

Алдымен жағымды образдар жүйесіне келсек, Ғәждембектің образы жөнінде айту орынды. Шағдат хан Раушанбекті базарға құл қылып сатуға әкелгенде, өз сүйегін таныған Ғәждембек оны сатып алып, қызын Раушанбекке қосады:

«Елден шығып келіп едім жасымда,
Жалғыздықтың қайғысы бар басымда.
Дұшпандардан мұны сатып алайын,
Інімдей боп жүре берсін қасымда».
Раушанбекті үйіне алып барады,
Әкелгенін әйелі де қалады.
Ғәждембектің жалғыз қызы Ақанай,
Өзі көркем, ақылы да дана-ды.
Әйелінің ат-есімі Күләйім,
Перзентсізден етіп еді уайым.
Раушанбекке қосты қызын некелеп,
Бір ұғланды жеткізді деп құдайым [2].

Жырдағы Көрұғлы балаларының ішіндегі Ғауазхан бейнесін жағымды образ қатарында танытатын ерекше сипаттары басым.

Ғауазхан - Күнхар еліндегі Бұлдырық қасаптың баласы, Көрұғлы асырап алған. Жыршының оған берген мінездемесі мынадай: «Қырық жігіттің біреулері Ғауазханның өзіне, біреулері сөзіне, біреулері алмадай жүзіне, біреулері құралайдай көзіне таң қалысып отырады. Ғауазханның басына жыға, беліне тіллә кемер белбеу байлап, үстіне алтын қамқа кигізіпті. Көрұғлы барлық мүлкін, тақытын, мөрін Ғауазханға берді Жәмбіл еліне, текежәумітке сұлтан етіп белгіледі»

Жырдағы келесі жағымды кейіпкер - Хасанхан. Көрұғлы жүз жасқа келгенде Асфакан шаһарындағы Қалдар дегеннің баласы Хасанды асырап алған, Көрұғлыға Ғауазханды Күнхар елінен әкеп беруге Көрұғлының қырық жігіті ести тұра, ешқайсысы: «мен барайын», - демеді. Көрұғлы: «Кәне, талапкерлерің бар ма?» - деп үш қайтара айтса да, қырық жігіт үндемеді. Төртінші қайтара айтқанда жолбарыстай білекті, арыстандай жүректі, Рүстемдей қайратты, майданда жалғыз айбатты, балдай шырын сөзі бар, құралайдай көзі бар, Саратан жұлдыздай, тұнық теңіз құндызындай жастығынан балбырап, өрген кекіл салбырап, тіллә жағасы басында, қырық жігіті қасында, дүлдүл Кер ат астында, өзі он алты жасында Хасанхан орнынан ұшып тұрып, тағзым етіп, қол қусырып, атасының қолындағы келені алып, шараптан жұтып-жұтып жібереді де, Көрұғлыға қарап мына сөзді айтты.

Осы жолға болдым өзім талапкер,
Хасан балаң әр азат, әрі ер.
Ғауазханға бару маған болды арман
Мен барайын, атажаным, бата бер! [2].

Хасанхан бес қаруын асынып, жолға дайындалады. Тұла бойына, тұлғасына таң қалмаған, сүйсінбеген адам қалмайды. Мұны көрген Көрұғлы қуанғанынан былай дейді:

Екі көзің құралайдай жарқырап,
Кигендерің жарасып тұр саудырап,
Көрген адам таң қалғандай тұлғаңа,
Тоғыз қабат торқи киіп, балбырап,
Дұшпан сенің тұра алмайды жолыңа,
Жарқылдатып найзаны алсаң қолыңа.
Сымбатыңнан мен садаға кетейін,
Қуанамын киіміңе тоныңа [2].

Қаһармандық эпос дәстүрінде батырдың соғыс үстіндегі ерлігін ерекше көрсету үшін жауын да әсірелей көрсетеді. А.М.Астахова ол туралы: «Как ни могуч богатырь, но в сопоставлении с чудовищным образом противника он оказывается обыкновенным человеком, тем разительнее его победа» - дейді [3].

Жыр оқиғасының шешімі, батырдың басты ерлігінің нәтижесі жаудың жеке батырын жекпе-жекте жеңіп, жауы түгел өлгенше тоқтамай шайқасу - Көрұғлыға да тән. Өзге батырлар секілді жауымен жалғыз алысқанда ғайып ерен, қырық шілтен, ата-баба аруағы, Алла Тағала септігі

мен кейде атының көмегіне де сүйенеді. Бірақ мұның барлығы батырдың ерекше жаратылған күш-қайраты мен батырлығының фонында ұғынылады.

«От батыра - одиночки, генетически еще во многом связанного с одиноким охотником доклассового общества, он проходит ряд этапов до члена дифференцированного воинского содружества при ставке могущественного властителя «семидесятиханной страны», организующего походы на сильные оседлые государства» [3, 326.]. Көрұғлы бейнесінде де таптық қоғамға дейінгі батыр сипаттары мен хандық дәуірдегі жеке батырға тән қасиеттер бар.

Көрұғлының батырлық бейнесі жекпе-жекте, ұрыс қимылдарында, дұшпанымен тартыс үстінде көрінеді. Монолог, диалог арқылы да сомдала түседі. Күш-қайраты бойына сыймай, қарсыласты жеңу - тұрақты дәстүрлі формула.

Басқа да классикалық батырлық жырлар сияқты «Көрұғлы» жырында да батырдың киімі, тұлпары бар, бірақ оның бет-бейнесі, психологиялық портреті жоқ. Өйткені «батыр - типтік бейне» [4, 143б.].

«Былины о казахских богатырях по своим описаниям пиров, богатств, состязании джигитов (воинов) и нравоучительному характеру отличаются от русских былин большой красочностью. Казахский богатырский эпос на редкость богат множеством богатырей» - деп бағалады Баталов [13б.].

Көрұғлы көне эпостардағыдай дию, мыстан кемпір не перімен соғыспайды. Көрұғлыға арналған жырларда тұтастай алғанда бас кейіпкердің толық эпикалық ғұмырнамасы, яғни туғанынан 120 жасқа келіп өлгенге дейінгі өмір жолы, оның әкесінің тарихы, сондай-ақ асырап алған балалары Хасан мен Гауаздың және немересі Қасымның (Хасанның баласы) тарихы мен олардың ерліктері фольклорлық дәстүрмен баяндалады. Демек, бұл жырларда ғұмырнамалық шежірелік тұтастанудың белгілері айқын.

Залог – это категория, образуемая противопоставлением таких рядов морфологических форм, значения которых отличаются друг от друга разным представлением одного и того же соотношения между семантическим субъектом, действием и семантическим объектом. Различия заключаются в разной направленности глагольного признака по отношению к его носителю, выраженному подлежащим. Это достигается специальными конструкциями актива и пассива: в конструкции актива глагольный признак представлен как исходящий от его носителя; в конструкции пассива – как направленный на него. Это различие определяется тем, что в активе в роли носителя глагольного признака выступает семантический субъект, а в пассиве –

семантический объект [1, с.102]. Тем самым одно и то же соотношение между субъектом, действием и объектом представлено в активной и пассивной конструкции по-разному: со стороны субъекта, осуществляющего действие, или со стороны объекта, подвергающегося действию или испытывающего действие (состояние). И рассматривает не сами вещи и предметы, а только образующие их схемы и каркасы, для чего следует отбросить многие признаки, свойственные предметам, и ограничиться лишь теми, которые нужны для данной схемы. Для кирпича как предмета существенными признаками являются его материальный состав, характер поверхностей, вес, цвет, а его геометрический каркас – параллелепипед – учитывает только длину, ширину и высоту, абстрагируясь от всех прочих признаков.

При наличии обязательной абстракции слово всегда связано с конкретностью, что и составляет лексическое значение слова, его лексическую индивидуальность. Для лексики *топор* и *стол* – разные слова с разным значением, и это лексически самое важное.

По наиболее распространенной в настоящее время теории категория залога связана с делением глаголов на переходные и непереходные. Как мы уже сказали, по традиции в тюркских языках выделяют пять залогов: основной, страдательный, возвратный, взаимно-совместный и понудительный. Большинство тюркологов поддерживают эту традицию. Например, во втором томе коллективной работы «Языки народов СССР», где рассмотрены тюркские языки, из 23 языков в 18 языках выделены вышеупомянутые пять залогов. Тем не менее, в тюркологии этот вопрос пока остается спорным.

Present Indefinite Passive выражает обычное, постоянное действие происходящее вообще, действие совершающееся в момент речи, будущее действие в придаточных предложениях условия и времени, значение прошедшего действия Настоящее неопределенное время страдательного залога употребляется для передачи постоянных, регулярных действий Напр The arrival of the elderly couple, down at the beach, at almost precisely noon each day, is much noticed; it is when they look, perhaps, most splendid [2, с.42].

В контексте, указывается регулярность действия is much noticed «приезд старой четы замечается» при помощи обстоятельства времени noon each day, который означает «каждый день после обеда»

Настоящее неопределенное время страдательного залога передает конкретное действие в момент речи. Например, Just at that moment, though, Mrs Farquhar is seen and heard, by those three observing her so closely, to cry out, in evident pain.

В нижеследующем предложении обе действия происходят симультанно They don't understand why the war is made. Настоящее неопределенное время страдательного залога может передавать различные действия ограниченное, неограниченное временными центрами, т е она выражает постоянное и регулярное действие, оставаясь неопределенной во всех отношениях.

В страдательном залоге английского языка имеются следующие формы будущего времени: Future Indefinite Passive, Future Indefinite in the Past Passive, форма Future Continuous отсутствует, вместо нее употребляется Future Indefinite. Неопределенные формы выражают неопределенное действие в будущем, определенное действие с обстоятельственными словами, которое будет осуществляться после момента речи, будущее реальное действие в условно-придаточных предложениях.

Напр. We shall give a warm reception to the King of Spain's troops, I can assure you, they will be well excommunicated and beaten .

Future Perfect Passive выражает действие, которое совершится до определенного момента в будущем, предполагаемое прошедшее действие употребляется в придаточных предложениях, когда глагол в главном предложении стоит в прошедшем времени [3, с.18].

Тюркский залог как категория характеризуется разными тюркологами по-разному. Как отмечают они сами, это, прежде всего, обусловлено полифункциональностью залоговых форм. Большинство ученых рассматривают залог как словоизменительную категорию. По мнению других тюркологов, залог относится к категориям словообразования. Залог иногда рассматривается и как лексико-грамматическая категория. В работе Э.А. Груниной залог относится к категориям основообразования (по мнению автора, это особый тип морфологических категорий, не принадлежащих ни к словообразованию, ни к словоизменению). Иногда залог по-разному характеризуется даже в работах одного и того же автора. Например, А.Н.Кононов в своей «Грамматике турецкого языка» характеризует залог как словообразующую категорию, а в более поздней «Грамматике современного узбекского литературного языка» - как словоизменительную категорию . При решении вопроса о залоге в тюркских языках на наш взгляд наиболее приемлемым кажется определение, данное А.А. Холодовичем: «Залог есть регулярное обозначение в глаголе соответствия между единицами синтаксического уровня и единицами семантического уровня. Короче, залог – это грамматически маркированная в глаголе диатеза».

Здесь имеется в виду, что при залоговых преобразованиях набор единиц семантического уровня или «участников ситуации» называемой глаголом, для каждого глагола остается постоянным, но меняется тип соответствия между единицами семантического уровня (субъектом, объектом, адресатом) и единицами синтаксического уровня – членами предложения. В тюркских языках этому пониманию соответствует только оппозиция действительный залог (актив) /страдательный залог (пассив) [4, с.85]. Например:

Мен үй салдым.

Я построил дом.

Ben ev inşa ettim.

I built a house.

Үй салынды.

Дом построен.

The house was built.
Ev inşa edildi.

Теоретические положения этой концепции неоднократно проверялись и уточнялись на материале отдельных языков.

В употреблении чаще бывают представлены двучленные страдательные конструкции, т. е. конструкции, не включающие в себя формы со знач. субъекта действия: *Скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается* (присказка); *Допросы производились уже второй месяц* (Фед.); *Отряды нелегально перебрасывались через границу* (газ.). Отсутствие творительного падежа со значением действующего субъекта в конструкции пассива может в некоторой степени приглушать значение страдательности.

Страдательный залог (Ырықсыз етіс) в казахском языке образуется при помощи суффиксов: -л, -ыл, -іл. И в русском, и в казахском языках он указывает на то, что предмет подвергается действию другого предмета или лица [5, с.118]. Например: Бір аптадан кейін жұмыс аяқталады. — Через неделю работа для студентов будет закончена. Хат ауылға жіберілді. — Письмо отправлено в аул.

В турецком языке страдательный залог (edilen çatı) образуется при помощи ударных аффиксов -ıl, -il, -ul, —ül (после согласной основы, кроме l), -in, -in, -un, -ün (после основы на -l) и -n (после гласной основы) и характеризуется, как правило, невыраженностью призводителя действия (субъекта, план реальных участников действия), а также отсутствием прямого дополнения (план членов предложения). Если страдательный залог глагола-сказуемого образован от переходного глагола, то подлежащее выражает реальный объект действия [6, с.34]:

Görüşmeler yapıldı. — Проведены переговоры;

Ağaç kesildi. — Дерево срублено;

Trende bir çanta unutuldu. — В поезде забыта сумка;

Mallar alındı. — Товары взяты, получены;

Para bulundu. — Деньги найдены;

Mektup okundu. — Письмо прочитано.

В турецком языке страдательный залог может образовываться и от непереходных глаголов (в русском это невозможно). Тогда в предложении не может быть не только прямого дополнения, но и подлежащего (соответствует русскому безличному предложению):

Ondan sonra lokantaya gidildi. — Затем пошли в ресторан.

Реальный субъект (производитель) действия может быть указан при помощи имени в основном или местоимения в родительном падеже плюс служебное слово taraf (сторона) с аффиксами принадлежности и исходного падежа:

Ağaç köylüler tarafından kesildi. — Дерево срублено крестьянами;

Mallar (benim) tarafımdan alındı. — Товары куплены мною.

Если обратить внимание на страдательный залог английского языка «the passive voice (to be + participle II) при образовании форм Perfect Passive приобретает следующие виды:

<i>Present</i>	<i>Past</i>	<i>Future</i>
The letter has already been written. <i>Письмо уже написано.</i> <i>Хат әлдеқашан жазылған.</i> <i>Mektub zaten yazılmış</i>	The letter had been written by 2 o'clock. <i>Письмо было написано к 2 часам.</i> <i>Хат сағат екіге таман жазылды.</i> <i>Mektup saat ekiye kadar yazılmış</i>	The letter will have been translated by the end of the lesson. <i>Письмо будет переведено к концу урока.</i> <i>Сабақтың соңына дейін хат аударылады.</i> <i>Mektup dersin sonına kadar çevirelecek.</i>

Таким образом, можно отметить неправомерность признания возвратного, взаимного и среднего залогов в качестве отдельных граммем категории залога. Следует отметить, что актив и пассив составляют единственную стабильную, подтверждённую как на семантическом уровне, так и на грамматическом уровне залоговую оппозицию в современном английском языке.

В заключении делается вывод о том, что залог следует считать морфологической категорией, поскольку залог рассматривается как категория части речи, принадлежащей глаголу, и входит наряду с категориями времени, вида, наклонения, лица и числа в систему глагольного словоизменения. Залоговое изменение происходит в форме глагола. Страдательный залог имеет грамматическое значение (внутренние признаки) и грамматическую форму в английском, казахском и турецком языках.

Список литературы:

- 1 Успенский Б А. Структурная типология языков - М, 1965.
- 2 Смирницкий А И Морфология англ. языка.- М, 1959.
- 3 Гухман М. М., Развитие залоговых противопоставлений в германских языках, М., 1964.
- 4 Кононов А.Н. Грамматика современного – турецкого литературного языка. - М., 1956.
- 5 Балакаев М, Исаков А, Кордабаев Т, Хасенов А. Грамматика казахского языка. Часть II, Алма-Ата, Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1967.
- 6 Тенишов Э Р , Аракин В Д, Благова Г Ф и др Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков Морфология-МД 1988.

Түйін

Бұл мақалада ағылшын, казак және түрік тілдеріндегі ырықсыз етістердің кейбір ерекшеліктері қарастырылған.

Resume

Some peculiarities of passive voices in English, Kazakh and Turkish are considered in this article.

Абдрахманова Р.Б.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Орыс тілді аудиторияда қазақ тілі сабақтарын интерактивті тақталар арқылы оқытудың тиімді жақтарын, әдістерін, тәжірибелерін, жаңа технологияларды пайдалану, жаңашыл оқыту әдістері қарастырылған. Тілдік материалдарды тіл үйренушілергі қазақ тілінде оқу, жазу, айту, сөйлеу бағыттары бойынша анықталған және сөйлеудің монологтық, диалогтық формаларына үйренуге арналған тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда интерактивті тақталардың тигізер пайдасы мол.

Қорыта келе, «Бүгінгі жас ертеңгі азамат, біздің болашағымыз қолға алар ісіміздің бірі де бірегейі де жас ұрпақ. Сондықтан, жастарға жаңа технологияға байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» - деп Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келеді.

Тірек сөздер: ақпараттандыру, үрдіс, көзқарас, қалыптастыру, жүйе, қағида, кесте, жаттығу, түсінік, тұсаукесер, жазбаша, ауызша, құзыреттілік

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстанда сол ғасырға нық қадам басты. Еліміздегі барлық білім ошақтары компьютер және интерактивтік тақтамен жабдықталуда. Қазіргі заманғы, ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны күннен - күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдында жаңа міндеттер қойып отыр. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан - жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру мұғалімнің білімін шыңдап ғана қоймай, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа көптеген адами келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды.

Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Қазақ тілін үйрету үрдісінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен студент қарым - қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ақпараттық технологияны оқыту үрдісінде екпінді түрде енгізу бағытына қолданылатын жаңа түрдегі құрал – интерактивті тақта болып табылады. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды.

Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық беріледі. «Ойлан тап» атты сайыстарында өзге тілді студенттерге мемлекеттік тілге деген құрметін, тілді білуге деген ынталығын интерактивті тақтаның көмегімен көрсетеміз. Бұл сайыста студенттер екі топ болып

бөлініп,өзінің тапқырлықтарын, білімдерін көрсете білді. Білім саласындағы жаңа көзқарас тұлғаның дамуы мен нәтижеге бағытталған білім беруді көздейді. Сондықтан, білім жүйесін құру, студенттерге қазіргі заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Қазақ тілі сабағы – жаңа технологиялар арқылы жүргізіледі. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы студент қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарап іріктеп қолданады. Қазақ тілі сабағында АҚТ (ақпараттық құралдар технологиясы) мүмкіндіктерін қолдану арқылы, интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында студенттердің танымдық белсенділіктерін, білім сапасын, қазақ тіліне деген қызығушылығын жоғарлатуға көмектеседі.

Қазақ тіліндегі жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Компьютер –қазақ тілі мұғалімнің басты көмекшісі. Ең біріншіден, ол мұғалімнің еңбегін жетілдіреді. Көптеген материалдарды, дайын сабақтарды реттеп сақтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютердің арқасында мұғалім әр сабаққа студенттердің ерекшелігіне қарай және сабақтың мақсаты мен міндетін ескере отырып, әртүрлі кестелер, материалдар дайындай алады. Үшіншіден, сабақтың формаларын түрлендіре алады, яғни көрнекілік, әдістемелік, аудио және бейнематериалдар қолдана алады. Мұндай жұмыс сабақтың әр кезеңінде іске асырылады.

Қазақ тілі сабағында тұсаукесер – берілген материалды слайд, электрондық оқулық, арқылы көрсету формаларының бір түрі. Оның ішінде сұрақтар мен кестелер, суреттер, көрнекіліктер мен аудио мен бейнематериалдарды, дайындаған құжаттарды, тесттер мен танымдық жаттығуларды кірістіруге болады. Бұл технологияның тиімділігін студент мұғалімнің бағыт – бағдар беруі арқылы жаңа мәліметтер алып, еңбектену арқылы игереді. Білімді меңгере отырып, студент сын көзбен қарауға, өз ойын еркін айтуға, өз білімін толықтыруға жәрдемдеседі.

Сонда, қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады;
- интерактивті тақтаны еркін қолданады;
- сабақта уақыт та үнемделеді;
- студенттердің коммуникативтік қабілеттері дамиды;
- есте сақтау дағдылары дамиды;
- студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артады.

Қазақ тілі сабағындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиялық сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған.

Арнайы тапсырмаларды студенттер орындаған кезде олардың ойлау процесі аналитикалық-синтетикалық тұрғыдан іске асады. Интерактивті тақтамен өткен сабақтардағы тапсырмаларды орындау барысында студенттер білімді

игеріп оны басқа да практикалық жағдайларда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде студенттердің бойында шығармашылық іс-әрекеттер қалыптасады. Мәтінді оқи отырып, «Менің елім - Қазақстан» атты тұсаукесерді (презентацияны) студенттер тамашалады да, алған әсерлері бойынша «Астана» тақырыбына шығармалар жазып, өздерінің жүрек жарды жыр шумақтарын арнады.

Менің ойымша, кез-келген шығарманы талдамас бұрын, студенттердің шығармаға деген қызығушылығын ояту керек. Сондықтан интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалануға әбден болады.

Тілді оқытуда, әсіресе, жеке тұлғаның қалыптасуына ерекше мән бере отырып, тіл арқылы ұлтжанды азамат тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс. Білім берудегі интерактивті технология мұндағы интерактивті сөзі-«inter»-бірлесу, «act»-әрекет жасау ұғымын білдіреді. Сабақ барысында студенттердің топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бірі толықтыратын, сабақ барысында барлығының қатысуын ұйымдастыратын оқыту әдісі.

Интерактивті әдісімен оқытқанда, студенттің:

- ақыл-ойы дамиды,
- еркін ойлауға мүмкіндік береді,
- шығармашылық белсенділігі артады,
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді,
- тіл байлығы жетілдіріледі,
- жан-жақты ізденушілігі артады.

Кез келген оқыту технологиясы оқытушыдан терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр ұстаз алдында отырған студенттердің деңгейін ескеріп, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Міне, осындай оқытудың жаңа технологияларының бірі интерактивті оқыту әдісін мен өз тәжірибемде қолданып келемін. Мысалы, «Тәуелсіз елім - Қазақстан» тақырыбында өткен сабақта мәтінді тыңдатып, оқытып студенттің ойын, түсінігін сұрап, басқа жолдастарының жауаптарымен салыстырып, содан соң бейнеклипті көрсеттім. Сабақтың жаңа ақпаратты қабылдау бөлімінде студенттер тақтада берілген тапсырманы оқи отырып, оқулықтан ізденіп, оқып, түсініп, жауабын тауып, тапсырманы толық, дұрыс орындауға тырысады. Тапсырманы орындауға барлық студенттер қатысады. Әсіресе қазақ тілін еркін білмейтін, оқу және жазу түрінде қатеге бой ұратын, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу студенттердің өздері жазбаша жұмысты қызыға орындайды. Өйткені интерактивті тақтаның келесі бетінде ол тапсырманың дұрыс жауабы беріледі, сол арқылы студент өзінің жауабын салыстыра тексеріп, өзін-өзі бағалайды. Топпен жұмыстану барысында белсенділік көрсете отырып,

топтау, Венн диаграммасына түсіру, сәйкестендіру әдістерін интерактивті тақтада орындап, уақытты үнемдеуге болатынын көруге болады.

Өзім қызмет жасайтын институтта жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Қазақ тілі кабинетінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы студенттерді жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз. Оны көрнекілік ретінде қарастырсақ, ол оқу нәтижесінің сапасына оң әсер етері сөзсіз. Бұл – бейнеконференциялар, топтар арасында бірлескен сабақтар өткізу үшін қолданылатын ерекше жүйе. Сонымен қатар, пәндік көрнекі құралдарды бейнематериалдар арқылы көрсетуге болады.

Сабақ үстінде студенттің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – ол әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені студенттерді терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір мұғалімнің негізгі алға қойған міндеті - шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілін жүргізу мұғалімдерден көп дайындықты талап етеді. Мұғалім еңбегінің табысты болуының қайнар көзі студенттің ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы әр қилы ұқсастарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей оқытқанда ғана сабақ табысты да тиімді болады.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет – ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан – жақты терең таныстыру.

Осылардың барлығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дәстүрлі әдістемеге қарағандағы артықшылықтарын пайдалану арқылы тіл үйренушінің білім сапасының артуына, қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тіл үйренушілерді әлемдік мәдени құндылықтарға, ақпараттық ресурстарға жақындатып алып келеді, шынайы мәдениаралық коммуникацияға жағдай жасайды. Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары

талаптарға жауап беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз.

Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін үнемі дамытып отыруы талап етіледі.

Сабақта интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі. Сонымен, оқуда интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімі нанымды болады. Сонымен қатар интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар оқушылардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.

Интерактивті тақтада орындалатын тапсырмалар бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты болады. Студенттерге берілген тақырыптар бойынша мәтін құрастыру, көпшілік алдында әңгімелеп айтып беру тапсырылады:

а) «Тәуелсіздік айшықтары-еліміздің рәміздері»

ә) «Желтоқсан құрбандары»

б) «Отаным-Қазақстан» әдістерін қолдану арқылы оқушының ойлау, еске түсіру, өз ойын жетік, түсінікті жеткізуге тәрбиелеу.

Оқу тапсырмаларының негізінен, жазба түрде орындалуын қажет ететін логикалық тілдік жаттығулардың орны салмақты, өйткені бұл жаттығулар арқылы оқушы қазақ тілі тақырыптарын грамматикалық ерекшелігін танудың нық әрі сенімді баспалдағын қалайды және оқушы үшін маңызды болып табылатын жазу, орфография ережелерін меңгереді. Білім берудің кез-келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сапалы электронды оқулық қашықтықтан оқытуға, тіл үйренушінің өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы – тілді үйретудің сапасына қатаң талап қою, тіл үйренушілердің өздігінен білім алуын ұйымдастырумен бірге оның нәтижелеріне тұрақты бақылау жасау. Бақылау жасау – адамның өзінің алдына қойған мақсатына қарай жүзеге асырылатын әрекетінің дұрыстығын қадағалау, тексеру. Компьютер тіл үйренушінің жауабын бағалайды, келесі кезекте қандай материал ұсынылуы қажет екенін анықтайды. Оқу үдерісінде компьютер оқытушы, электронды интерактивті тренажер, эксперт, іс-әрекет серіктесі, құралы, үйретуші, тексеруші, бағалаушы қызметтерін атқарады.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын бақылау, бағалау тапсырмаларын, аралық, қорытынды сынақтарды компьютерлік жолмен автоматтандыру кезінде тексеруге кететін уақыт мөлшерін бірнеше есеге үнемдеуге, бақылау

мен тексеруде объективтілікке қол жеткізіледі. Компьютердің мультимедиялық ерекшелігі тест тапсырмаларын алуан түрлі етіп, сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамти отырып, қатысым әрекетіне негіздей құруға мүмкіндік береді. Қазақ тілін ғаламтор арқылы оқыту жүйесінде қолданылып жүрген онлайн-тестілеу жүйесінің диагностикалық мақсаты – бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық мәліметтерді талдау, қорытынды жасау арқылы тіл үйрету үдерісінің нәтижесін, тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігінің деңгейін анықтау болып табылады, ол өз кезегінде кемшіліктер мен жетістіктердің себептерін айқындауға, тіл үйрету үдерісінің әрі қарай даму болжамдарын жасауға ықпал етеді. Сабақтың тиімді жағының бірі – ол заман талабына сай сабақты электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны пайдалана отырып жүргізу. Тіл үйренушіге мәтінді электронды оқу құралдарынан компьютер көмегімен тындап, сұрақтарға жауап беріп, мәтін негізінде бірнеше грамматикалық тапсырмалар орындауға мүмкіндік берілген.

Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген, яғни бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі. Ұсынылған сабақ жоспары тиімді, кезеңдері байланыстырыла, түрлі тапсырмалармен толық түрде ұсынылған. Егер әр сабақты мұғалім аталған сабақтай жоспарлап, мүмкіншіліктерді, жаңа технологияларды толық пайдаланып жүргізсе, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтар санының өсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». – Егемен Қазақстан газеті. 19/I-2006. №16.
- 2 Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында». – Егемен Қазақстан газеті 3/III-2005. №13
- 3 «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». – Егемен Қазақстан газеті. 16/I-2004. №5.
- 4 «Тәрбие тағылымдары» /озық іс-тәжірбиелер жинағы/. – Алматы, 2007.
- 5 Н.Түндебаева. Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін коммуникативтік оқыту технологиясы. Қазақ тілі және әдебиеті орыс мектебінде, 2007. № 10. – 3-7 б.

Резюме

Научная статья преподавателя посвящена студентам русской аудитории, изучающих казахский язык в вузе. Статья содержит разнообразные виды работы с интерактивной доской для формирования у студентов умений и навыков устной разговорной речи на основе современных методов преподавания языка.

Resume

Scientific –methodical article ‘Effective using of interactive board in the system of teaching the Kazakh language’ deals with modern methods and ways of teaching Kazakh for developing Russian language students habits in reading⁶ writing, speaking and listening Kazakh through using the interactive board and new technologies.

ПОЭЗИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада поэзиялық туындылар тіліндегі тілдік бірліктердің қолданысы, стильдік ерекшелігі кеңінен қамтылған. Тілдік бірліктерді қолданудағы қаламгер танымы мен шеберлігі де сөз етілген. Тіліміздегі араб-парсы сөздері мен орыс тілінен енген сөздердің поэзиялық туындылардағы нақты көрінісі стилдік тұрғыдан сипатталған.

Тірек сөздер: функциональдық стиль, стильдік қызмет, стильдік мақсат, жазу мәнері, мақсатты ой.

Әрбір ұлтқа тән әдеби туындының тілі – ерекшелігі мол күрделі құбылыс. Көркем туынды сараланып жұмсалған белгілі бір тілдік бірліктерді қамтиды. Демек, «көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма – өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм» [1, 34б.]. Басқаша айтқанда, қаламгер қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Көркем туынды тілінде кез келген тілдік бірлік орынсыз қолданылмайды. Ондағы синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдер, тіпті, жекелеген дыбыстар – бәрі де көркемдік идеяға қызмет етуге бағытталады.

«Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек ыәм биік» [2, 185б.]. Ендеше, көркем шығарманың тілін зерттеп, талдаудың маңызы айрықша. Әсіресе, көркем туынды тілін стильдік тұрғыдан қарастыру әр қаламгердің өзіндік қалыптасқан стильдік өзгешелігін анықтау болып табылады. Әр қаламгердің өзіне тән стилі, өзіндік сөз саптау мәнері, машығы болады. Қаламгер қаруы – тіл, шұрайлы сөз десек, ол сөз халықтың тіл байлығы болып табылады. Ал көркем туынды авторының шеберлігі айтар ойын – идеяны бейнелі, мәнерлі, айқын жеткізуінде жалпыхалықтық тіл байлығынан қажетті деген тілдік құралдарды сәтті қолданыла білуінен көрінеді, қалыптасады. Осыдан қаламгердің өзіндік дара жазу мәнері немесе стилі айқындалады.

Қазақ тіл білімінде көркем әдебиет стилистикасы мен көркем шығарманың тілі туралы алғашқы ғылыми-теориялық тұжырым айтқан ғалымдардың бірі Маулен Балақаев: «Мақсатты ойды дәлме дәл айтуға жарамды тілдік тәсілдер жүйесі стильдер тобын құрайды. Әдеби тілдің ондай жүйелік қасиеті оның қоғамдық қызметі арту нәтижесінде, халық тілінің байлықтарын сұрыптап, талғап пайдалану нәтижесінде қалыптасады», - деп жазады [3, 109б.].

Қаламгер стилі туралы белгілі ғалым Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Тіл әлемі» атты еңбегінде: «Жалпы кез-келген көркем шығарманың өміршеңдігін аңғартатын ең басты белгі – оның биік көркемдік деңгейде өрілуі. Шығарманың көркемдігі деген ұғымға оның өн бойындағы автор шеберлігін танытар: тақырып, идея, сюжет, құрылым, тіл тұтастығы жататын болса, осы

шеберлік критерийлерінің бәрі біріге келіп, суреткер таланты мен қолтаңбасын, яғни стилін айқындайтын белгілі бір органикалық тұтастық құрайды» - деген пікір айтады [4, 946]. Жалпы, көркем әдебиет тілінде қолданылған сөздер мен сөз тіркестері өзара мағыналық және синтаксистік байланыста болады. Сондай-ақ көркем әдебиет тілінде мақал-мәтелдер, диалектизмдер мен кәсіби лексика еркін түрде қолданылады.

Біз қарастырып отырған І. Жансүгіровтің поэзиясының өзіндік сөз қолданысы, сөз өрнегі, сөз қасиеттері, сөздердің толып жатқан бояулары ерекше көзге түседі. Әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы беріліп отырады. «Көрнекті ақынымыз І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасының идеялық мазмұн желісін, характерлерін, образдарын, суреттеулерін, тіпті өзінің баяндауларын да әсерлі етіп беру үшін тіліміздің табиғи заңдылықтарын сақтай отырып, осындай суреттеу құралдарын кеңінен пайдаланған. Әсіресе оның ішінде әсерлеушілік, бейнелеушілік қасиеті бар астарлы, әсерлі амал-метафораны көп қолданған. Сөздерді ауыспалы мағынада кең қолдану, мол метафоралық – І.Жансүгіровтің стильдік бір ерекшелігі» [5, 996]. Ақын поэмасына тән ерекшелік – оның тілінің байлығы, бейнелілігі. Мәселен, М.Дүйсенов өзінің «І.Жансүгіров» атты ғылыми монографиясында ақын шығармаларының өзіне тән жаңашылдығын нақтылы мысалдармен көрсетеді. М.Дүйсенов: «Ілияс поэзиясының формалық ерекшелігін сөз еткенде, ең алдымен байқалатын жәй, оның тіл байлығы, яғни лексикасының байлығы екенін ілгеріде айттық. Ақын сөзді түйдек-түйдегімен төгіп отырады. Және үнемі сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатар алып, екпіндетіп, желпіндіріп, кейде баяу шымырлатып, кейде құйындатып, оқушыны еріксіз баурап алады» - дейді [6, 1746].

І.Жансүгіровтің поэмаларында өзіндік сөз қолданысы, сөз өрнегі, сөз қасиеттері, сөздердің толып жатқан бояулары ерекше көзге түседі. Онда әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы беріліп отырады. Мәселен, «Күйші» поэмасындағы атақты күйші Молықбай шалдың күй тартуындағы шеберлігін көрсетуде ақын бейнелі түрде мына сөз орамдарын жасайды:

Қазақта қобызшының қалғаны сол,

Жорға еді маймаңдаған бақайшағы. («Күй» поэмасынан)

Осындағы «жорға еді маймаңдаған бақайшағы» - деген халық ауыз әдебиетіндегі жиі қолданылатын дәстүрлі образды қолданыстардың бірі болса, адамның қартайған кезіндегі кәрілік, қарттық бейнесін, аузында бір тісінің қалмағандығын қызыл иек болып қалған шағын былай береді:

Жар қабақ, сида, Арса- арса, ала шұбар шал,

Жарық шақ, үні тозған, қаңсыған шал

Іріңдеп екі көзі, қол дірілдеп,

Аузынан азу тісін арышқан шал.

немесе

Қудырап аппақ құдай сақал, шашы,

Қалтырап жынданғандай қолы, басы,

Сағынай сапты аяққа сиіп өлді,

Тоқпақтай тоқсан төртке келген жасы. («Құлагер» поэмасынан)

Осындағы «тозған», «қаңсыған» сөзін адамның қарттық шағын, солған, азған, әбден жүдеген бейнесін беру үшін қолданып тұр.

Ақын кәрілік ұғымын қатары сиреп, жалғыз қалу сияқты да ұғымдармен байланыстырады. Мысалы,

Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,

Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр. («Құлагер» поэмасынан).

Проза тілін зерттеген ғалым Е.Жанпейісов «Көркем әдебиет тілінде басқа да функционалдық стильдердің элементтері қоса пайдаланылады. Өйткені, саяси, ғылыми және осы сияқты өзге де әдебиет түрлеріне қарағанда көркем әдебиетте қамтылатын өмірлік құбылыстар әлдеқайда жан-жақты болып келеді. Міне, көркем шығарманың осы ерекшелігіне байланысты оның тілінде барлық функционалдық стильдердің элементі, ғылыми-техникалық терминдермен, кәсіби лексика элементтері мен қоса, түрлі экспрессивті және эстетикалық мәндегі образды сөздер, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер, архаизмдер мен неологизмдер, қарапайым сөйлеу тілі элементтері, ауызекі тілдегі жергілікті ерекшеліктер, ретіне қарай тіпті варваризмдер де қолданылып, аралас жүреді», - деп көрсетеді [1, 68б.]. Шындығында көркем туындылар тілінде мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көнерген сөздер мен диалектизмдер молынан ұшырасады. Зерттеу нысаны ретінде алып отырған І.Жансүгіров поэзиясында көне сөздер де, диалектизмдер де аз кездеспейді. Оның туындыларында қазіргі күні тілімізде сирек қолданылатын төмендегідей көнерген сөздер кездесіп отырады. Мәселен,

Бақсы ойнап күңіrentсе де қобыз үнін,

Қойқаптан қозғағанда Қорқыт жынын, - («Күй» поэмасынан) дегендегі «қойқап» қазіргі тілімізде өте сирек қолданылады. Қойқап – бақсылардың жыны мекендейтін орын. Сол секілді «бақсы» сөзі де көнерген сөздердің бірі, бірақ көркем әдебиетте мысалы, «жынын алған бақсыдай», «бақсының ойнағындай» деген сияқты сөз қолданыстары бар екендігі белгілі. Ал ақынның:

Хан қабан – халық құлағын бұрап тұрған,

Бүйі би – билеп–төстеп сұрап тұрған.

Қор қылып ақ алмасты отқа көсеп,

Жүз –жүз жар теңін таппай жылап тұрған («Құлагер» поэмасынан) – деген жолдарындағы «хан, би» лексемалары бұл күнде көнерген сөздер қатарында. Ақын заманында да бұл сөздер қоғам дамуына орай қолданылу аясынан алыстаған болатын. Қаламгер бұл тілдік бірліктерді «қабан, бүйі» сынды атаулармен тіркестіре отырып, эпитеттің жаңа түрлерін ұсынады әрі оларды қолдану мен жасау техникасын толықтырады. Демек, І.Жансүгіров адам болмысының табиғи әлемінің тылсым дүниесіне терең үңіліп, оның бар ақиқат шындығын стилдік мақсатта қолданылған тілдік бірліктер арқылы оқырманға шынайы жеткізеді. «Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздері «мағыналық топқа кіру» яғни сөздерді өзара

мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты», - деген ғалым М.Балақаев пікірін ескерсек, жоғарыда келтірілген мысалдағы «хан қабан», «бүйі би» сынды эпитеттері ақынның белгілі бір тілдік бірліктерді өзара байланысқа түсіріп, стильдік мақсатта еркін қолданыла алатын шеберлігін танытады [7, 876.].

Ақын І.Жансүгіров поэзиясындағы тілдік бірліктер стилінің ерекшелігі олардың эстетикалық қызметте жұмсалыуында жатқаны айқын. І.Жансүгіров образды, ұтымды сөздерді, мақал-мәтелдерді халық тілінен алып пайдаланумен қатар, өзге стильдердің элементтерін жұмсайды, диалектизмдер мен архаизмдерді, кірме сөздерді мүмкіндігінше пайдаланады. Мысалы, ақынның:

*Сонымен сол барғаннан кейін қайтқан,
Мен дағы жаңа тапқан күйді тартқам.*

Бағыстап жаршы жұртқа жүрек жырын,

Байқамай, жыр айтам деп, сырымды айтқам – деген жолдарындағы «бағыста» сөзі *арнау, бағыштау, бағыш ету* мағынасында жұмсалған. Бір қарағанда бұл сөзді окказионализм деуге болады. Өйткені сол кезең қаламгерлері тілінде мұндай тілдік бірліктердің қолданылмағанын, тек І.Жансүгіров поэзиясынан орын алғанын көреміз. Бірақ бұл – қаламгер өмірге келген аймақта қолданылатын жергілікті тілдік бірлік. Демек, І.Жансүгіров тілінде жалпыхалыққа ортақ «бағыштау» лексемасы емес, белгілі аймаққа тән жергілікті ерекшеліктің де орын алғаны аңғарылады. Сондай-ақ ақынның:

*Талапты болсаң шыққаның,
Қырсықтан басын қырқып ап.
Естіген сөзді фәхімде,*

Отырып кетпей құр тыңдап! («Талғамалар» өлеңінен) – деген жолдарындағы *фәхім* араб, парсы тілдерінен енген лексема. Халық тілінде қалыптасқан араб, парсы сөздерін Ілияс Жансүгіров жатсынбай, еркін қолданғаны аңғарылады. Әлбетте, бұл кірме сөзді *зерделе* сөзімен алмастыруға болады. Бірақ ол *зерделеу, ойға тую* сөздерінің орнына *фәхім* сөзін стилдік мақсатта пайдаланылған. Ал ақын қолданысындағы орыс тілінен енген сөздердің басым көпшілігі (*адвокат, инженер, офицер, депутат, т.б.*) уақыт шындығын көрсететін күнделікті өмірде қолданыла беретін реалийлер, яғни белгілі бір кезеңдегі зат, құбылыс, іс-әрекетті танытатын бүгінге дейін қолданыстағы тілдік бірліктер болып табылады. Ақынның:

*Екі зәкүншік құда болса,
Ескі статьяны аударысар* («Алыс-беріс» өлеңінен)

немесе

Мелисе болсаң, балам-ау,

Қаптайды ғой сойс, ылау, («Тапанша» өлеңінен) – деген жолдарындағы *зәкүншік, мелисе* сөздері орыстың *законник, милиция* сөздерінің фонетикалық өзгеріске түскен формасы болып табылатындықтан, мұндай сөздердің жаттығы байқалмай, тілге тез сіңісіп кететінін аңғаруға болады. Бұлардың

катарында: *ояз (уездный), старшын (старшина), пормы (форма), мұжық (мужик), шілен (член), мәстір (мастер), зайімке (займ), көпес (купец), жорнал (журнал), папке (папка), лаба (лава), бөдрет (портрет)*, т.б. сөздер бар. Басқа ұлт тілінен енген сөздердің басым көпшілігі өз мағыналарын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайтындығы аян. Ақын поэзиясында мұндай кірме сөздердің кездесуі *ең алдымен*, қоғам талабына сай әдеби тіліміздің өзге тіл элементтерімен толығу сипатын көрсетсе, *екіншіден*, ақын қолданысында олар өзгеріп, түрленіп, дыбыстық, мағыналық, жағынан құбылып, көріктеу құралдары ретінде де, кейіпкер тілі ретінде де стильдік, функционалдық, коммуникативтік қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді.

Жалпы айтқанда, Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы қолданылған әрбір образды сөз, сөз оралымдары өз орнында, айтылмақ ойдың мақсатын дәл, нақты жеткізуде сәтті пайдаланылған. Ақын әрбір сөзге астар, түрлі реңк үстей отырып, көркемдік аясын, стильдік қызметін кеңейте түскен.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев М., Томанов М., Жанпейсов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп, 1974.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 3 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: Арыс 2008. – 592 б.
- 4 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.
- 5 Хасанов Б. І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы метафоралар. Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Алматы, 1962.
- 6 Дүйсенов М. І. Жансүгіров. – Алматы: Ғылым, 1965. – 300 б.
- 7 Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966. – 25 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются стилистические особенности языковых единиц в поэзии И. Жансугурова. Автор анализирует стилистическую значимость языковых единиц в художественном тексте. А также автор приводит конкретные факты употребления «русизмов» и «арабизмов» в художественном стиле.

Resume

In given article is considered stylistic particularities of the language units in poetries I. Zhansugurova. The Author analyses stylistic value of the language units in artistic text. As well as author brings the concrete facts of the use "russian words" and "arabian words" in artistic stiletto.

شیوه ها و ابزارهای نو در آموزش زبان فارسی با نگرش ویژه

به آموزش غیر فارسی زبانان

چکیده

زبان فارسی از شاخه ی هند و ایرانی خانواده ی زبان های هند و اروپایی است. در این مقاله نقش زبان فارسی در خانواده هند و اروپایی و ارتباط زبان فارسی و قزاقی، در باره واژگان بیگانه گفته می شود. همچنین، در این مقاله راهکارهای تدریس زبان فارسی و استفاده از وسایل تکنیکی در نظر میگیرد.

زبان ابزاری طبیعی برای منظم کردن اندیشه و نیز ارتباط میان افراد انسان است. انسان به وسیله ی زبان اندیشه و شناخت خود را سازمان می دهد و نیز از راه آن، اندیشه ی خود را به دیگران منتقل می سازد.

زبان فارسی کنونی که زبان رسمی ایران است پیشینه ای دیرینه دارد. زبان فارسی از شاخه ی هند و ایرانی خانواده ی زبان های هند و اروپایی است. زبان های هند و اروپایی از حدود هزار سال پیش از میلاد در بخش بزرگی از اروپا و نیز جنوب و جنوب غربی آسیا به کار رفته اند [1، 25 ص].

چنان که می دانیم زبان فارسی در طی قرون متمادی الهام بخش شعرا ادبا نویسندگان جهت بیان لطیف ترین احساسات و عواطف انسانی در غالب سبک های ادبی بوده است بزرگانی چون فردوسی، مولوی، حافظ، سعدی و بسیاری دیگر از مشاهیر شاهکارهای جاویدان خود را به این زبان پدید آورده اند. حتی بسیاری از کتاب های تاریخی و فرهنگی تالیف شده در کشورهای آسیای میانه بیانگر این حقیقت است. در واقع یاد گیری زبان فارسی و تسلط بر آن رمز ورود به گنجینه ای بسیار غنی و شگفت انگیز زبان فارسی است، به همین دلیل امروزه آموزش زبان فارسی به نحو چشمگیری در این کشور ها و از جمله کشور قزاقستان متداول شده و می توان آموزش این زبان را از مقطع ابتدایی تا مقاطع بالا در مراکز آموزشی مشاهده کرد. به دلیل روابط دیرینه تجاری و فرهنگی که قزاقستان با ایران دارد مشترکات فرهنگی فراوانی باعث ایجاد روابط دوستانه بین دولت گردیده وجود هزاران واژه فارسی در زبان قزاقی و آثار و نشانه های فراوان معماری ایرانی و میراث مشترک فرهنگی گویای این حقیقت است. [2، 9 ص]. هنگام مطالعه متون قزاقی به بسیاری از کلمات آشنا و مشترک بر می خوریم که هر یک از این واژه ها ریشه، فارسی یا ترکی و عربی دارند، به عنوان مثال واژه "پاک" در زبان فارسی به معنی تمیز می باشد که در زبان قزاقی هم به همین معنا مورد استعمال است.

البته شایان ذکر است عزیزانی به سهم خود در راستای ارتقاء مناسبات فرهنگی و آشنایی هر چه بیشتر ملت قزاقستان با زبان فارسی تلاش فراوانی کردند که قابل تقدیر است. رستمف، ب. بکمحمدف، صفر عبدالله، ا. چمنی راه را برای علاقمندان زبان فارسی قزاقی هموار نمودند برای نو آموزان زبان فارسی بسیار مفید آشنا بنظر میرسد چون واژه های مشترک زیادی از فارسی به قزاقی راه یافته.

زیرا وقتی دانشجو واژه های هم معنا را از نظر ریشه شناسی استفاده می کند، بلافاصله معنی واژه ها را هم به یاد آورده و به کار می برد، دانشجو متون فارسی را می خواند و با استفاده از

کلمات مشترک معنی آن را سریعتر درک می کند. در مقابل وقتی دانشجو واژه ها را با معانی متفاوت استفاده می کند. گاهی اوقات با تداخل آموخته ها و اصطلاحات بر خورد می کند، به طور مثال واژه "طاس" در زبان قزاقی به معنی سنگ می باشد [3، 15 ص.]. اما در زبان فارسی معانی مختلفی مانند پیاله، طشت، ساغر و کچل را دارد در این صورت اگر مدرس معنی این واژه ها را به دانشجو تفهیم نماید، تداخلی برای زبان آموز به جهت شباهت کلمه با معنی بوجود نخواهد آمد. لغات فارسی زیادی در زبان قزاقی وارد شده است از جمله: نای، گل، گوهر، گمان، نان، گرفتار، خرما، غیره. این واژگان مشترک در حال حاضر در زبان قزاقی مورد استفاده قرار می گیرند [4، 45 ص.].

زبان فارسی در مراکز آموزش عالی کشور قزاقستان در میان زبانهای شرقی در درجه اول قرار دارد و پس از آن عربی و زبانهای دیگر. در مراکز آموزش عالی قزاقستان بیشتر دانشجویان زبان فارسی را به عنوان زبان اول و دوم انتخاب می کنند.

امروزه تا حدودی روش تدریس در قزاقستان پیشرفت کرده است. در دانشگاه ها استادان سعی دارند با استفاده از روش های مدرن و مناسب بصورت گسترده و قابل فهم به دانشجویان آموزش دهند. در این میان از وسایل کمک آموزشی به ویژه استفاده از لوحه های مخصوص، فیلمها و نوارهای ویدیویی سی دیهای آموزشی، کانال های ماهواره ای به زبان فارسی از جمله ابزارهایی برای اساتید جهت آموزش می باشد که برای ارتقاء مهارت های شنیدن خواندن نوشتن صحبت کردن بکار گرفته می شود که مورد علاقه زبان آموزان قرار می گیرد.

مراکز آموزش عالی قزاقستان بیشتر دانشجویان زبان فارسی را به عنوان زبان دوم انتخاب می کنند. اکنون مهمترین مسایل مراکز علمی قزاقستان دست یابی به روش مدرن تدریس و به کار بردن آن در مراکز آموزش عالی است. در مراکز آموزش عالی برنامه آموشی برای اساتید تهیه می شود. تا محصلان بر اساس آن برنامه آموشی فهرست های دروس یک ترم (از سال اول تا آخر سال) شامل دستور زبان فارسی؛ درس گفتگو، درس رو خوانی متون، لغت، دستور زبان فارسی، همچنین نحوه امتحان گرفتن، استفاده از وسایل آموزشی مانند تصویر، نوار، تلویزیون، سینمای ویدیویی، سی دی آموزشی و غیره در نظر گرفته می شود. اساتید در طول ترم نحوه استفاده از این ابزار کمک آموزشی را نیز آموزش می دهند در درس قرائت متون یک داستان 15-16 صفحه به دانشجویان داده می شود. زبان آموزان آن داستان را در خانه مطالعه می کنند و شخصیت هر قهرمان داستان را می نویسند و با کلمات جدید جمله می سازند. مترادف و متضاد آن را پیدا می کند. موقعیت های مهیج را انتخاب می کنند و به مولف این داستان بر اساس آموخته ها نمره می دهند. همچنین دانشجویان سر کلاس این داستان را تعریف می کنند، به سؤالات استادان جواب می دهند. در آخر کلاس در باره این داستان بین دانشجویان بحث شده و واژگانی را که به این متن مربوط است یاد گرفته می شود.

در درس مکالمه فیلم ویدیویی پخش می شود. در این موقع دانشجو گفتار و لهجه قهرمانان فیلم را به دقت گوش می دهد و محتوای این فیلم را بحث می کند. دانشجو نقش هر قهرمان را اجرا می نماید. علاوه بر این درس معنی اصطلاحات ایرانی یاد داده می شود و دانشجو آن را در زبان گفتار به کار می برد. استاد در درس دستور زبان فارسی قواعد زبان فارسی و تمرینهای مربوط به آن را یاد می دهد.

نکات دستوری در کلاس از طریق تمرین های گوناگون حل می شود، اشکالات توسط استاد تصحیح می شود. همچنین در کلاس زبان آموزان متن را از نظر دستوری تجزیه و تحلیل می کنند و برای آموختن واژگان جدید وسایل سمعی و بصری (روش سمعی و بصری یک روش گفت و شنودی است. اساس یاد گیری زبان ابتدا به صورت شفاهی از طریق شنیدن، دیدن، در صحنه بودن و حرف زدن است) استفاده می کنند. نمرهء تکالیف منزل و آزمونهای کلاسی و نیز جلسات حضور و غیاب دانشجویان به طور مرتب در کارنامه دانشجو ثبت می شود. در آخر ترم امتحان نهائی به صورت شفاهی و کتبی برگزار می شود. نمرات این امتحانات در گواهی نامه ای که به دانشجو داده می شود. قید می گردد. روشهای یاد شده مورد توجه دانشگاه های قزاقستان قرار گرفته و کمک شایانی به زبان آموزان دارد.

نوشتن، برقراری ارتباط و انتقال اطلاعات و عقاید از طریق زنجیره ای از نشانه های مکتوب است. مراحل یادگیری نوشتن از حیث اصول آموزشی، به ترتیب عبارتند از: حروف نویسی، املانویسی، کلمه سازی، جمله نویسی، متن نویسی [5، 187 ص].

Ғ.Қараш – өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ зиялыларының қатарындағы ірі тұлғалардың бірі, қоғам және саясат қайраткері, ақын. Өткен ғасыр басында ұлт азаттық қозғалысқа қатысқан интеллигенция өкілдерінің дені ұлттық мәселені шешуді Алаш алдына қойды. Осы мақсатта бұл ұлт-азаттық қозғалысқа қазақтың барлық оқыған зиялылары қатысты. Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы қазақ оқығандарын өз айналасына топтастырып, олардың қоғамдық-саяси ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпал етті.

Ғұмар Қараш ағартушылық бағытта өз заманында көп іс тындырады. Қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін дамытуға да елеулі үлес қосқан тұлға. Өз дәуіріндегі халыққа кең тараған «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдары мен «Қазақстан», «Ұран», «Дұрыстық жолы» (газеттің атауын осылай қою Ғ.Қараштың идеясы және «Дұрыстық жолы» деген өлеңімен басталады) мен «Қазақ дұрыстығы» (бұл екі газет қазіргі «Орал өңірі» газетінің бастауында тұрған басылымдар), тағы басқа татар тілдеріндегі баспасөз бетінде халыққа оң бағыт-бағдар берген, бірлікке, ынтымаққа үндеген, білім, кәсіп игеруге бағытталған ой-пікірлері мен өлеңдері жарық көрді. «Ойға келген пікірлерім», «Бәдел-хажы», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Тұрымтай» өлең жинақтарын шығарып, философиялық ой толғамдарын жазған. 1910-1912 жылдары «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» және «Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы Һәм ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар» деген атаумен қазақтың батырлар жырының жинағын алғаш жариялаған. Қазақ даласында елдің мүддесін көздейтін бір де бір газет жоқ кезде, тұңғыш рет «Қазақстан» атауымен халыққа білім мен кәсіп үйретуді мақсат ететін газет шығаруды ұйымдастырды. Алғашқы ағартушылық, білім беру, сауат ашу, тәрбие бағытында «Мұғалім» атты ғылыми журналды шығаруды ұйымдастырып, басқарды. Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бәдел қажы» (Қазан, 1913) дейтін зерттеу кітабы жарық көрген.

Ғұмар Қараштың шығармаларында, қазақ ұлтының әлеуметтік прогресс жолына түсуі туралы көтерген ой-пікірлері өзінің өміршендігімен құнды. Ғұмар қазақ халқының өркениеттік жолға түсуі үшін міндетті түрде ғылым мен білім ең өзекті проблема екендігін алға тартады.

Ғұмар Қараштың «Қарлығаш» өлеңдер жинағында ел үстінен күн көрген имандылық жолында жүрген қожа молдалар, паракор ел билеушілерін сынға алады. Өмір, көңіл, талап жайындағы ойларын тереңдете түсті.

«Аға тұлпар» жинағындағы өлеңдерінің барлығы дерлік өсиет, уағыз, насихат, тілек түрінде келеді. Патша өкіметінің жүргізген саясаты салдарынан қазақтың өз жерінен қол үзіп, жікшілдік бел алып, елдің шырқы бұзылғандығын тебірене жырлайды. Халықтың бостандық жайындағы арманын былай жеткізеді:

Егер көзді ашпасаң,
Аяғың қозғап баспасаң.
Жүректен шыққан шын сөзді.
Құлағыңа аспасаң,
Күнілгері қазағым,
Амандас еркін қонысқа.

Ақынның «Тұрымтай» жинағында ақынның «Күн туды», «Саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен», «Келер ме екен?», «Бармысың», «Жазда тастамаған телпек» деп аталатын өлеңдерінде халық, ұлт, өнер-білім, заман туралы ойларын ашық айтады.

Тыңда қазақ сөзімді
Есірке ұл мен қызыңды
Жалшылықта шірітіп
Талатпа бағлан қозыңды
Білім, өнер қаруын
Құралданып бойыңа,
Жігер-жихат қылышын
Қайратпен ұстап қолыңа
Әзірлен, қазақ, әзірлен
«Тіршілік» деген соғысқа

Білек күші емес, білім күшімен күрес жүргізу қажеттігін ұғындырады. Ақын арман-мұратқа жас кездеталпынуды уағыздап, туған халқының іргелі ел болуын арман етеді.

«Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Тұрымтай» өлең жинақтарындағы өлеңдерін тақырыптық жағынан былай:

- патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған өлеңдері,
- өнер-білімге шақырған, ағартушылық сарындағы өлеңдері,
- ел билеуші әкімдерді сынға алған өлеңдері,
- надандық, шариғат жолын бұрмалаушылық, ескі әдіспен оқытуға наразылық бағытындағы өлеңдері,
- озық мәдениетті үйрену, отырықшылдыққа шақыруға арналған өлеңдері деп топтастыруға болады.

Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда айрықша болып табылады.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам:
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам:
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп- [1].

Тысына қайшы келген іштен қорқам» деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобаландарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп танған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзінің сара жолыңды ізде деген мұратын алға тартады. Ақиқат жолынан адасып, сағым қуған тобырлық сананы сынға алады.

Ұжмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бірнәрсе де келмек емес:
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.
Табиғат заңы, жолы өзіне хас,
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес:
Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.
Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасаң,
Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес [1].

Ақынның «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы» деген биік гуманистік ескертуі қай кезең үшін болмасын қашан да назарда болатын өшпес ұлағат деуге болады. Ал, «Саған не болды?» өлеңінде елдік мәселелерді жырлағанда жаңа жүйе икеміне жығылып, илеуіне оңай көндіге кеткен халқының бейқамдығына, саяси балаң аңғырттығына налиды.

«Тұрымтай» жинағындағы қай өлең болмасын Алаш қайраткерлері ұстанған тәуелсіз мемлекет құру идеясын кеңінен жырлауымен және әлеумет санасына сіңіруімен маңызды.

«Күн туды» өлеңінде «Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай тұтылып, Жер - жиһанды қан жуды» деп, сол кезеңнің боямасыз ақиқат шындығын алға тартқанда заман ағымы елдік үшін тез екенін, әсіресе зарыға жеткен азаттықты сақтап қалу сыналар тарихи сәтте барша күшті ел болуғы жұмылдыру, Отанды қорғау сияқты ұлттық маңызы ерекше болып табылатын мәселелерді қоғамдық деңгейде көтереді [2].

Ғұмардың проза саласында «Томан байдың баласы-Әділмырза, я болмаса Байғазы байдың қызы ару-Шандоз» деп аталатын әңгімесі бар. Әңгіменің оқиға желісі Шандоз қыздың ұзатылу тойына арналған. Әділдің қалыңдық алуына сапары көңілді суреттеледі. Шағын шығармада автор

халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан құда түсу, қалың беру, той жабдығы тәрізді әдет-ғұрыптарымен таныстырады. Әңгіменің негізгі танымдық, тәрбиелілік қырлары жастардың ата-анасын сыйлауы, инабатты, ізетті болуымен байланыс ты болып келеді. Ғұмардың көркем қара сөзбен жазылған осы шығармасы кезінде Қазан қаласына жіберілгенімен белгісіз себептермен жарияланбаған. Әңгіме мәтінімен танысу барысында кейбір тұстары өшіріліп, шығарма толық аяқталмай қалған. Бірақ зерттеушілер тарапынан шығарма аяқталмаған деген пікір кездеспейді. Бұл әлі ақынның әдеби мұрасын толық жан-жақты қарастыру қажет екендігін көрсетеді [3].

Ғ. Қараштың философиялық, толғаныс түріндегі бірнеше жинақтары бар. Соның бірі- «Ойға келген пікірлерім» 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрді. Ақын мұнда қоғам өміріндегі түрлі әлеуметтік ортада кездесетін маңызды мәселелерді қарастырады. Ақын ұрлық, қиянат тәрізді адамды аздырар көптеген қылықтарды білімнің пайда болуынан емес, оқудың шәкірт жүрегіне жол таппауы, бұл көбіне нәрсіз дәрістерінен деген пікір білдіреді. «Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның істеген жақсылық істеріне байланысты»-дей келе шын білімді сопылардың уағыз, насихатының пайдалы екендігіне баса назар аударады.

Мақалаларының көпшілігінде дерлік ислам дініне қатысты пікірлері Ғұмардың имандылық жолын ұстандығын, дін өкілдеріне сын көзбен қарағандығын байқатады. «Ислам дінінің тек ахирет үшін ғана емес, бұл дүние үшін маңызы бар», «Құран кәрімнің айтуы бойынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам дінсіз өмір сүре алмайды», «Біздің халқымыз ақиқат дінді ұстанса, біз надан жалқау боп қалмаған болар едік.... Діннің өзі адамды дұрыс сақтайды, дұрыс жолға бағыттайды. Ислам дінін дұрыс ұстай білуіміз керек», «Адам өзін тани алса жаратушысын да танымақ». Ақынның мұндай пікірлерінің барлығы жақсылық қырларын дәріптеумен қатар, тәрбиелілік, әлеуметтік жақтарын танытумен ерекшеленеді.

Ғұмардың 1911 жылы Уфада шыққан «Өрнек» жинағы да ақынның ой-толғаныстарынан тұрады. Мұнда адам бойындағы қалыптасқан әдетпен бірге күнделікті өмірге қажетті құбылыстар сараланады. Мақалаларындағы айтылар ой өлеңдеріндегі оймен астасып жатқандығы байқалады. Адам бойындағы жалқаулық, тоғышарлықтың негізін шариғат жолымен қатар, адамдық өлшем тұрғысынан алып танытады.

Ғұмар Қараш - әртүрлі мерзімді баспасөзде көп жазған қаламгер. 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетінің жұмысына ат салысқан. Сол жылдары Орынбор қаласында Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып, «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ жариялайды. Ғұмар Қараш-20 ғасырдың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап», «Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет-журналдарда мақалаларын жариялаған. Ғұмар Қараш шығармаларын «Ғұмар Қараш баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ахунд Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар әл-Қараш», «Бөкей елінің бір баласы», «Ғұмар Қараш»,

«Ғ. Мұштак», «Ғабдолла Мұштак», «Оразақай», «Қазақәев», «Ғұмар Қарашев» деген есімдермен жариялап отырған. Ғұмар Қараштың шығармалары мектеп оқулықтарында, орыс тілінде жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы» мен «Қазақстан ақындары» жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Өлең, толғаулары мен философиялық ой-толғамдары және әңгіме, мақалалары «Замана» деген атпен жарық көрді. Ғұмартанушы ғалым, республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Мақсат Тәжмұраттың мәлім еткеніндей, Ғұмар Қараш – Алаш қозғалысына дейін-ақ ел өміріне ерте араласып, соңына бай мұра қалдырған ақын. Жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының көмегімен ауыл молдасынан сауат ашса да, кейін өзінің білім-беделі арқасында өз заманының ең көзі ашық, халқын алға жетелеген зиялы өкілдерінің қатарынан табылады. Ғұмардың бірінші қыры ұстаздығы болса, екінші еңбегі 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетін ашуда айқын көрінеді. Басқасын айтпай-ақ, әуелі Ордада, кейін Оралда жарық көріп тұрған аталмыш газет «Қазақстан» сөзін тұңғыш рет ресми қолдануымен де құнды, сонысымен де айрықша бағалы. Соның өзінен-ақ «Қазақстан» газетін (редакторы Елеусін Бұйрин) ашқандардың ойы ауыл-аймақ төңірегінде емес, тым әріде екендігі, болашақ ел мүддесін көздегені бірден сезіледі [4].

Ғұмар Қараштың өлең-толғауларында, көсемсөздері мен мақалаларында заман, өмір, дін шариғат, табиғат, махаббат т.б. мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттайды. Өлең толғаулары философиялық ой-пікірлерге бай, бейнелі, әсерлі келеді. Қайраткер-ақынның ұлт бірлігіне қатысты да айрықша ойлары бар. Елін, жерін аса қадірлеген, сол үшін азаматтықта да, ақындықта да аянып қалмаған Ғұмар адамзат пен ұлтқа ең ділгір қасиет ретінде ар-ожданды атайды. Татардың «Шора» журналында 1911 жылы жарияланған «Ар-ождан – сенім өлшемі» атты мақаласында ол: «Әрбір жағдайда ар-ождан биік тұруы керек. Сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ», -деп жазады.

Жалпы қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға белсене араласқан Ғ. Қараш XX ғасырдың басындағы қалыптасқан ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған, ұлт мүддесін ойлап, өзінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер ретінде таныла білді. Ғұмардың ар-ождан, моральдық қасиеттерді санаға сіңіріп, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеяларының мазмұны мен мағынасы бүгінгі таңда да өзінің мәнін жойған емес.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қараш. Ғ. Замана. – Алматы, 1994

2 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993.

3 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

4 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – А., 1993

Резюме

В статье проанализированы литературное наследие Г.Караша. Отмечены специфические характеристики произведения поэта. Рассмотрены тематические направления произведения Г.Караша. Исследованы основные публицистические наследие.

Summary

The paper analyzes the literary heritage G.Karasha. Marked by specific characteristics of the poet's works. Addressed themes of the works G.Karasha. The basic journalistic heritage.

ӘОЖ 373.21.57. 21.27

Рысбекова А.Қ., Жаздықбаева М.Б., Қожабаева Д.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы

АВТОРЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада халық ауыз әдебиетінің маңызды құрамдас бөлігі ертегілерді оқыту әдіс-тәсілдері туралы айтылған. Халықтық ертегілердің негізінде жазылған заманауи авторлардың әдеби ертегілері, яғни авторлық ертегілерге анықтама берілген. Авторлық ертегілермен жұмыс жасау барысында негізге алынатын ұстанымдар мен қолданылатын көрнекі құралдардың түрлері сөз болған. Авторлық ертегілерді кезең-кезеңмен оқытудың тиімділігі жөнінде пікірлер келтіріліп, аталған кезеңдерге сипаттама берілген.

Тірек сөздер: Мектепке дейінгі тәрбие, бала, халық ертегілері, авторлық ертегілер, оқыту ұстанымдары, оқыту кезеңдері.

Бала тәрбиесі - күрделі процесс. Өйткені ол процесте әр күн маңызды. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, жауапкершілік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімді тұлға етіп тәрбиелеу - заман талабы. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылы жолдаған «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» Жолдауында «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деген сөзі пікірімізді нақтылай түседі[1].

Жеткіншек ұрпаққа жан-жақты дамыған мықты азамат етіп тәрбие берудегі тиімді құралдардың бірі – ертегілер. Ертегі халық ауыз әдебиетінің маңызды құрамдас бөлігі. Осындай халықтық ертегілердің негізінде жазылған заманауи авторлардың әдеби ертегілері, яғни авторлық ертегілер де жетерлік. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Сайра Жиенбаеваның пікірінше, авторлық ертегілерді де балалардың барлығы дерлік оңай қабылдайды, өйткені: «Қазақ ертегілерінің көпшілігі бұрынғы заманда жазылғандықтан бүгінгі баланың өмірінен алшақ. Ал балалар өзі өмір сүріп отырған заманмен байланысты ертегілерді естігісі келеді. Кейінгі

жылдары жарық көрген ертегілерді оқып отырып, авторлардың мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін ескеретінін аңғарасыз. Бұған қоса, халық ертегілерінің көпшілігі дерлік жан-жануарлар туралы. Қала балалары жан-жануарлардың өмірімен жақсы таныс болмағандықтан, оған көп қызықпайды»[2].

Атақты педагог Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деп атап көрсеткен[3].

Сондықтан тәрбиешілер ертегіні оқыту барысында ең тиімді әдіс-тәсілдерді тандап, оны балаға жан-жақты, әсіресе, рухани-адамгершілік тәрбие берудің басты құралдарының біріне айналдыруы тиіс.

Авторлық ертегілермен жұмыс жасағанда төмендегі ұстанымдарды негізге алған жөн:

- тәрбиенің өмірмен байланыстылығы ұстанымы: оған өмірлік жағдаяттарға, адамдардың қарым-қатынасына және адамдардың отбасында, өзге ортада өзін ұстауына арналған авторлық ертегілердің мазмұны арқылы қол жеткізуге болады.

- тәрбие үдерісінің барлық құрамдас бөліктерінің кешенділігі, тұтастығы және бірлігі ұстанымы: оған авторлық ертегілерді пайдалануға арнап әзірленген әдістемелік нұсқаулар арқылы, аталған ертегінің мектепке дейінгі мекемедегі балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігі арқылы қол жеткізуге болады.

- тәрбиешінің басшылығы және баланың жеке белсенділігі ұстанымы: бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі - қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрдегі мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қарым-қатынас жасауға еліктеуі ертегілерді рөлге бөліп атқару барысында байқалады. Өзара қарым-қатынас барысында балалардың құрдастарымен өзара қатынасы өзгереді. Бала еліктеу, қабылдау арқылы түрлі рөлдік ертегілерді ойын ретінде атқара отырып, әлеумет өмірінің, өндіріс қатынастарының мазмұнын түсінеді.

- бала бақша мен отбасы талаптарының бірлігі ұстанымы: оған баланы адамгершілікке тәрбиелеуде балабақша мен отбасында, өзге тәрбие құралдарымен қатар ертегіні де қолдану технологиясына байланысты қол жеткізуге болады.

- қол жетімділік ұстанымы: ертегі жұмыс жүргізіліп отырған балаға мағынасы жағынан түсінікті болуы тиіс.

- жас және жеке ерекшелігін ескеру ұстанымы: ертегінің тілі мен оған байланысты қойылатын сұрақтар тәрбиеленушілердің түрлі ерекшеліктеріне сай қолдану.

-жеке сараланған тәсіл ұстанымы балалармен жеке-дара сабақ өту барысында, сонымен қатар баланың қызығушылығы мен проблемеларын ескеру арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты ертегіні қолдану технологиясын қолдануды тұлғаға бағытталған деуге болады.

- көрнекілік ұстанымы: оған ертегімен жұмыс барысында ертегінің мазмұнына сай, қуыршақтарды, суреттерді немесе Пропп карталарын қолдануға болады.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен дыбыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көру, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құбылыс. Көрнекілік тәрбиешілердің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарға қарап, оқу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Көрнекіліктерді пайдалануда қазақтың ұлы педагогы Ы. Алтынсарин да зор көңіл бөле отырып, «Қазақ жастары ғылым өнерді, кітап сөзі деп қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білулері керек» деп тұжырым жасаған[4].

Көрнекілік ежелден қолданып келе жатқан принцип, әсіресе балабақшада әр түрлі жас топтарда жиі қолданды.

Көрнекіліктің негізгі түрлері:

- 1 нақты көрнекілік – яғни заттар мен құбылыстарды тікелей көрсету;
- 2 бейнелеу көрнекілік – бұл сурет, схема, кесте, плакат, диаграмма;
- 3 дыбыстық – үнтаспа, диафильм;
- 4 көркем сөз арқылы бейнелеу – тәрбиеші балаларға заттар мен құбылыстарды түсінікті де жеңіл баяндау.

Аталған көрнекі құралдары ертегі оқып отырған тәрбиешінің сөзін тереңдетіп шындай түседі. Балалардың дүниетанымын жетілдіреді.

Аталған технологияны қолданудың нәтижелі болуы үшін қолданылатын ең басты педогогикалық тәсілдің бірі - авторлық ертегіні даярлық топ балаларында кезең-кезеңмен қолдану.

Бірінші кезең танымдық-ынталандыру кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде педагог балалар ертегі арқылы адамгершілік туралы негізгі білім алуына, сонымен қатар адамгершілік проблемеларына қызығушылық және ауыз әдебиетінің аталған түріне қызығушылығын қалыптастыруға көп көңіл бөлуі тиіс.

Танымдық-ынталандыру кезеңінде педагог баланың ертегіні тыңдау барысында болатын психологиялық өзгерістерге ерекше назар аудара отырып, баланың ертегіні қабылдау деңгейін анықтай алады. Мысалы, қиялдау алаңында өзгеріс. Өйткені қиялдаудың дамуынсыз және жетілуінсіз мектепке оқу кезеңінде басқа шығармашылық әрекеттер сияқты зияткерлік әрекеттер дамымайды.

Екінші эмоциялық-бағалаушылық кезеңде педагогтың негізгі назары руханилық пен адамгершілік категорияларын қалыптастыруға аударылады. Егер бірінші кезеңде аталған категория жөнінде базалық білім алса, бұл кезеңде бағалау-пайымдау бойынша өз білімдерін жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі тиіс.

Ал соңғы әрекет ету кезеңінде ертегі оқиғаларын драмалық бейнелеу қарастырылған.

Ертегілерде әділдік, адалдық, намыс, құндылық т.б. туралы алғашқы түсінік беріледі. Ертегі баланы кейіпкермен бірге қуанып, бірге қайғыруға бағыттайды, бала ойша кейіпкермен бірге сюжет жолымен жүреді. Ертегі композициясы баланы ары қарай не болатынына қызықтырып эмоциялық шиеленісте ұстап тұратындықтан бала үшін қызықты болады.

Ертегіде жақсылық пен жамандық әсіреленіп көрсетілетіндіктен, алданған, жолы болмаған, кемсітілген кейіпкерге аяушылық тудырады, демек ертегі баланы сырттан бақылаушы ғана емес, ертегі оқиғасының қатысушысына айналдырады. Ұшқыр қиялдың және кейіпкерге көмектесем, қиындықтан шығар жолды нұсқасам деген жүрек қалауының әсерінен бала төмендегілерге қол жеткізеді:

- тіл көркемдігі: ертегі баланың сөздік қорын дамытады немесе ұмытылған немесе көптеп қолданылмаған сөздерге еске түсіреді, сонымен қатар қазақтың шұрайлы тілдік қорына терең үңілуге мүмкіндік береді;

- кейіпкердің сөзі, ойы және ісі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату: бір мезетте өткен заманда немесе болашақта болуға, бір сәтте әлемнің кез-келген нүктесінде болуға мүмкіндік бертіндіктен бұл байланыстарды бала бірден-ақ байқай алады. Яғни ертегіде уақыт пен кеңістік заңын бұзуға мүмкіндігі бар;

- бас кейіпкер мен оның жақындары үшін қиын жағдайдан шығудың ертегі ұсынатын бірнеше жолдары мен оның салдарларын қарастыру мүмкіндігі.

Қиялдың көмегімен бала тікелей қабылданатын әлемнен тыс ойша шығу қабілетіне ие болады. Ертегі тыңдау балаға көз аясындағы әлемнен шығып, тыс қиял әлеміне шарықтауға мүмкіндік беретін факторлардың бірі. Даярлық тобындағы балалар шыншыл ертегіні де, қиял-ғажайып образдар мен оқиғаларды да бір деңгейде қабылдайды. Сондықтан «Біз мектепке барамыз» Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасында да халық ертегілері және әдеби ертегілер қамтылған[5]. Аталған ертегілерді оқыту барысында ең тиімді жолдарды басшылыққа алу маңызды болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ
- 2 «Қазақ әдебиеті» газеті №22 (3228).
- 3 Әмірова Ә.С. Дидактика: оқу құралы. -Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2013. -304 бет.
- 4 Қоянбаев, Ж. Педагогика : университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы : Атамұра, 2000.
- 5 «Біз мектепке барамыз» Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы

Резюме

В этой статье рассматриваются особенности обучения авторской сказки детям дошкольного возраста. Даны определения авторским сказкам, которые были написаны на основе народных сказок. Указаны принципы обучения и виды наглядных пособий. Охарактеризованы этапы эффективного усвоения сказок детьми дошкольного возраста.

Summary

This article discusses the features of the author's tales of learning for children of preschool age. Definitions Copyright tales that were written based on folk tales. These principles of learning and types of visual aids. Characterized by the steps of effective assimilation tales preschool children.

ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ДИСКУРС И ЕГО ТИПОЛОГИЯ DISCOURSE AND ITS TYPOLOGY

УДК 81'23 16.21.27

ОНАЛБАЕВА А.Т.

КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ОБЩЕНИЯ В РИТУАЛИЗОВАННОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ СИТУАЦИИ «ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ»

В работе рассматриваются результаты исследования невербальных средств общения, где особое внимание уделяется его социолингвистическому и коммуникативному аспектам.

На основе социокультурной и коммуникативной стратификации невербальных средств общения выявляется сущность континуума невербальных знаков как системы особого типа, находящейся с языковой системой в отношениях взаимодополнительности и параллелизма, но не изоморфизма.

Ключевые слова: невербальная семиотика, коммуникация, речевой акт

Настоящее исследование посвящено обоснованию комплексного подхода к исследованию невербального общения, в рамках которого особое внимание уделяется его социолингвистическому и коммуникативному аспектам.

Казахская культура богата на обряды, целью которых является социализация личности, т.е. особо торжественное празднование перехода от одного этапа социализации человека к другому. При этом следует отметить придание особой значимости процессу социализации на раннем этапе развития ребенка.

Основная часть. Одним из обрядов социализации ребенка является обряд *қырқынан шығару*. По представлениям казахов, ребенок до сорока дней очень слаб, лишь после проведения обряда *қырқынан шығару* можно говорить о жизнеспособности ребенка. Встречающиеся в паремиях, фразеосочетаниях, в фольклорных текстах лексема *қырық* (сорок) означает не точное количество, не порядковое число, а выражает семантику «много», «далеко», «долго».

См.: ханның *қырық уәзірі*, ханның *қырық қызы*, *қырық батыры*, *қырық ұлы*, *қырық қарақшы*, *қырық күн*, *қырық түн*, *қырық жылдық* (күндік) *жол* и т.п. [1, с. 163].

См. также: *Қырық жылға дейін бай мен кедей теңесе. Тұзақтан қорыққан құс қырық жыл ағаш бұтағына қонбайды* из словаря М. Кашкари.

В современном казахском языке: *Жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді. Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді. Қызға қырық жігіт сөйлеседі, бірі алады.*

См. также фразеосочетания: *қырық жасау* (весь в заплатах – о ветхой одежде: 2. Об обиженном человеке), *қырық пышақ болды* (поскандалили, поконфликтовали), *қырықтың қалуынан* (особо одаренный, отличающийся от всех), *қырық құбылды* (сто раз переменялся, изменился) и др.

Как выразитель семантики неопределенного большого количества казахское слово *қырық* соотносится с русским словом *сто* (см. сто раз повторять), очень длительного времени – с русским словом *тридцать лет и три года* (в фольклорных текстах), *сто* (сто лет не встречаться) – в современном русском языке, в значении неопределенного большого расстояния – с русским *тысячу* (тыщу верст).

Однако лексема *қырық* обладает четко выраженным сакральным значением, эксплицированным в ряде названий обрядов: *қырқынан шығару* (обряд по случаю исполнения 40 дней ребенку), 40 лет – переломный период в жизни человека, особо отмечают 40 дней со дня смерти человека – *қырқын беру* и др.

Однако следует отметить, что ни этнографы, ни культурологи не смогли точно определить, чем обусловлена эта сакральность. Так, М. Томанов отмечает: «Неясна этимология числительного *қырық*, однако известно, что у тюркских народов, в том числе, и у казахского народа слово *қырық* связано с религиозными, тотемистическими представлениями» [2].

К. Габитханулы усматривает определенную связь между лексемами *төрт* и *қырық*. *Төрт* являлось отражением в языковом сознании предков казахов представлений о четырех сторонах света, исследователь приводит сведения о том, что четыре стороны света ассоциировались с разными цветами: восток – с зелено-синим цветом (көк түс), юг – с красным цветом, запад – с белым цветом, север – с черным цветом [1, с. 140].

В языке мы находим множество фразеосочетаний, где числительное *төрт* реализует свое символическое значение «все, весь»: *төрт көз түгел* (все вместе собрались), *төңіректің төрт бұрышы* (весь мир), *төрт көзбен күту* (очень сильно ждать, поглядывая на все четыре стороны), *төрт жақ болу* (разделиться, не быть сплоченным), *төрт түлігі сай* (все есть, всем обеспечен), *төрт арыстың баласы* (весь народ), *төрт құбыласы түгел* (достиг всего, всем обеспечен) и др.

К. Габитханулы, судя по логике изложения, семантику *қырық* как самой большой меры длины, чисел, пространства и времени, связывает с *төрт* как обозначением всех частей света, а поскольку древние тюрки считали число 10 самым большим количеством, исходя из числа пальцев, это число,

помноженное на 4 стороны света, давало сакральное число *қырық* [1, с. 145-146].

Думаем, что это можно принять в качестве одной из гипотез об истоках сакральности числительного *қырық*.

Обряд *қырқынан шығару* проводится при значительном стечении народа, особенно женщин. С одной стороны, это объясняется необходимостью информирования малого социума (родственники, соседи) об изменениях в жизни ребенка, о переходе его от одного этапа жизни к другому. С другой стороны, казахи всегда верили в материализацию слова (*жақсы сөз – жарым ырыс*), поэтому чем больше людей пожелают ребенку добра, здоровья, ума, долгой жизни и всяческих благ, тем больше вероятности, что эти пожелания сбудутся. Немаловажным фактором является то, что в этом обряде в качестве основных исполнителей обряда выступают женщины, имеющие много детей, внуков, имеющие высокий социальный статус и авторитет среди этого социума, в качестве пассивных участников, иногда просто зрителей присутствуют молодые женщины, еще не имеющие детей, либо по каким-либо причинам не могущие забеременеть. И, конечно же, в качестве зрителей выступают дети.

Разновозрастной состав участников и зрителей также имеет особое значение. То, что сам обряд *қырқынан шығару* проводится уважаемыми, имеющими многочисленное потомство женщинами, связано с верой в то, что эти люди обладают положительной энергетикой, которая через тактильные контакты с ребенком (*стрижка волос, ногтей, купание*) и через вербальное клише (*Өмірің ұзақ болсын! Денсаулығың зор болсын! Үлкен азамат, ақылды бала болып өс!*), через использование множества ласкательных онимов, которыми сопровождают купание малыша (*жаным, алтыным, жарығым, балапаным* и т.д.), это передается ребенку, положительно влияя на его дальнейшую жизнь.

З.К. Ахметжанова, У.А. Мусабекова, анализируя функциональную мотивацию антропонимов русского и казахского языков, выделяют как наиболее характерную для развития антропонимической системы казахского языка харизматическую функцию: «Харизматическая функция антропонимов, отражающая веру человека в сверхъестественную силу слова, имени, вероятна, была древнейшей наравне с различительной. Наделяя имя способностью влиять на человека, защищать от злых духов, оберегать его, предопределять судьбу человека, древние люди способствовали возникновению особых типов имен» [3, с. 94]. Среди антропонимов, целевая установка которых направлена на выполнение харизматической функции, исследователи выделяют иносказательные пожелания – меморативы: «... нарекая младенца именем известного деятеля или знаменитого предка, родители тем самым желают ребенку такого же будущего, такой же славы, таких же качеств» [3, с. 103].

В этом плане наблюдается параллель между харизматической функцией антропонимов и невербальных компонентов общения в обряде «*қырқынан шығару*». Выбор основных исполнителей обряда мотивируется той же

харизматической функцией: пусть ребенку передаются лучшие качества этих женщин, пусть сбудутся их пожелания. Наличие в зрительской аудитории молодых бездетных женщин и детей в целом объясняется желанием знакомства их с обрядом, желанием обеспечить преемственность культурных традиций народа.

Проведение обряда требует подготовки: во-первых, должны быть подготовлены: посуда, в которой происходит купание ребенка, ножницы, новая одежда для младенца, серебряные монеты либо ювелирные изделия из серебра; во-вторых, подготовлены подарки для участников обряда; в-третьих, готовится застолье, дастархан для всех пришедших гостей на этот обряд.

Последовательность действий при обряде *қырқынан шығару*:

- в посуду, предназначенную для купания ребенка, собравшиеся женщины наливают 40 ложек воды, в эту воду опускают серебряные монеты, серьги, кольца;

- младенца купают, наливая сверху подготовленную воду, при этом приговаривают: «Отыз омыртқа жылдам бекісін, қырық қабырға жылдам қатсын!» (букв. пусть твои тридцать позвонков и сорок ребер побыстрее окрепнут!);

- серебряные монеты и украшения, а также посуду разбирают женщины, участвовавшие в купании ребенка, иногда и всем остальным дарят небольшие подарки;

- после младенцу ножницами стригут волосы и ногти. Эти волосы (қарын шаш) зашивают в тумар (оберег), который пришивают на одежду на правое плечо ребенка. Считается, что в волосах содержится жизненная сила, и если волосы лежат на земле и на них наступают, то тем самым можно нанести вред здоровью человека, поэтому в традиционной культуре казахов существует запрет на стрижку женских волос, подстриженные либо выпавшие волосы хранят в укромном месте, куда не ступает нога человека;

- снимают одежду, которую в течение первых сорока дней жизни неоднократно надевали на ребенка;

- в *иткөйлек* (старую, снятую с ребенка одежду) заворачивают сладости, полученный узелок завязывают на шею собаки и отпускают ее. Дети, гонясь за собакой, развязывают узелок и делят сладости между собой. *Ит көйлек* отдают бездетной женщине, что означает пожелание иметь много детей, которые прославили бы ее и народ.

В данной ритуализованной коммуникативной ситуации осуществляется односторонний коммуникативный процесс: от участников обряда к основному объекту – ребенку, третьим участником коммуникации выступают высшие силы, от которых зависит дальнейшая жизнь ребенка, но при выражении интенции эти силы непосредственно не указываются. Вербальное клише оформляется в виде побудительных предложений: *Өмірің ұзақ болсын! Денсаулығың зор болсын! Қырық қабырға жылдам бекісін!*

Невербальными компонентами общения с ребенком выступают действия, каждое из которых несет символическое значение. Так, первая в жизни ребенка стрижка волос и обрезание ногтей символизирует завершение

первого этапа жизни. Купание в воде с серебряными изделиями означает максимальное очищение детского тела, поскольку серебро обладает антибактериальными свойствами. Кроме того, в представлениях казахов серебро спасает не только от микробов, но и от сглаза. Замечено, что после совершения обряда «*қырқынан шығару*» ребенок начинает чувствовать себя гораздо лучше, сон у ребенка устанавливается спокойный, он начинает набирать вес, тело становится упругим. Тактильные контакты передают ребенку чувство любви, заботы. Обрезание ногтей, стрижка волос, купание означают полное очищение и переход на новый этап жизни.

Вербальное клише выражают также семантику любви, заботы, нежности. Но, помимо этого, вербальное клише как бы формулируют программу будущей жизни малыша «будь таким-то, таким-то».

Заключение

Итак, анализ взаимодействия невербального общения и вербального общения в ритуализованных коммуникативных ситуациях дают основание для выводов следующего характера.

В ритуализованной коммуникативной ситуации невербальный компонент почти всегда выступает как бы автономно, параллельно с вербальным общением, но не наслаиваясь на него. В ряде коммуникативных ситуаций невербальный компонент солирует самостоятельно, что создается за счет символической семантики действий либо предметов, с помощью которых осуществляются невербальные жесты, действия: *белый цвет, камча, домбыра, пестрая веровочка, серебряные изделия и др.*

В ритуализованных коммуникативных ситуациях временное соотношение между вербальным и невербальным общением различно, что зависит от характера ритуализованной коммуникативной ситуации.

Список литературы:

1. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1988. – 202 б.
3. Ахметжанова З.К., Мусабекова У.А. Антропонимы казахского и русского языков. – Алматы.: КазУМОиМЯ, 2006. – 128 с.
4. Қыдыралин Ү. Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих және этнография. – Алматы: Арыс, 2005. – Т. I. – 202 б.

Түйін

Мақалада бейвербалды амалдарды кешенді зерттеу нәтижелері қарастырылады, бейвербалды амалдардың коммуникативті, мәдени, семиотикалық қызметімен айқындаумен қатар, бейвербалды қатынас құралдарының мәдени-әлеуметтік таңбалануы қарастырылады.

Resume

The article presents the results of a study of an integrated approach to the study of non-verbal communication, in which special attention is paid to its sociolinguistic and communicative aspects. On the basis of the socio-cultural and communicative stratification nonverbal means of

communication reveals the essence of the continuum of non-verbal signs as a special type which is in a relationship with the language system of mutual complementarity and overlapping, but not an isomorphism.

ӘОЖ 811.512.122' 42

Ергебекова А.А.

Т. Иманбеков атындағы орта мектеп, Түлкібас ауданы, Қазақстан

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗІ

Білім өзінің шынайы міндетіне лайықты болу үшін жас ұрпақты мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш мектепте білім беруде-ақ, ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, шыншылдықты, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді дамыта отырып оқыту жүктеледі. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту, білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен сабақты ұйымдастырудың жаңа нысандарын жетілдіру қажеттігі туындайды.

Тірек сөздер: консервативті жүйе, білім жүйесі, шығармашылық икемділік, жаңа технологиялар, инновациялық технологиялар.

Заманауи әлемде қоғамның әл-ауқатының факторы, оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті ретінде білім берудің құндылықтары өсіп келеді., ол барлық деңгейлердегі техникалық және кәсіптік білім берудің дамуына бағытталған барабар шаралар қабылдауды талап етеді. Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі - әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін тандауына мүмкіндік туғызу.

Білім беру саласы консервативті жүйе саналады. Оны реформалауға біршама жылдар керек. Білім жүйесі еңбек нарығының сұранысын қамтамасыз ететін сала. Қоғамның дамуы мен өзгеруіне орай, оның модернизациялануы заман талабы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған білім беруге қатысты мәселелер бәрімізді де бей-жай қалдыра алмайды. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында білім жүйесін модернизациялауға назар аударылды. Білім сапасын модернизациялау үшін:

- біріншіден, оқу үрдісіне жаңашыл әдістер мен технологияларды енгізу;
- екіншіден, педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейлерін көтеру;
- үшіншіден, базалық педагогикалық білім беру стандарттарын жаңарту;
- төртіншіден, аймақтарда педагогтардың біліктіліктерін көтеру орталықтарын құру қажет [1].

Білім жүйесін модернизациялау оқушының білімін ғана емес, оның біліктілігін, яғни функцияналдық сауаттылығын немесе құзіреттілігін қалыптастыруға да бағытталады.

Сондықтан бүгінгі күні біздің алдымызда білім жүйесіндегі оқыту үдерісін тың идеяларға негіздейтін кәсіби құзыретті маман дайындау міндеті тұр.

XXI ғасыр білімнің жаңа философиясын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық және педагогикалық технологияларды талап етеді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі алдында заманның жоғары технологияларының талаптарына сай келетін біліктілігі жоғары деңгейлі мамандарды даярлаудың міндеттері туралы әсіресе, мектеп жасына дейінгі, білімнің жоғары кәсіби білімге дейінгі білім проблемаларының кең спектрі талданады.

Қалай айтсақ та бүгінгі білім сапасы, оқушылардың біліктілік деңгейі мұғалімнің өрісіне, интеллектісіне, өмір бойы оқуға бағытталған ізденістік қабілетіне байланысты.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда.

Бұл үдеріс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылығын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Білім өзінің шынайы міндетіне лайықты болу үшін жас ұрпақты мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш мектепте білім беруде-ақ, ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, шыншылдықты, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді дамыта отырып оқыту жүктеледі. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту, білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен сабақты ұйымдастырудың жаңа нысандарын жетілдіру қажеттігі туындайды. Сондықтан келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық технологиялардың ғылыми-педагогикалық негізін меңгеру, оны оқыту үдерісіне енгізу маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа технологиялардың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту, баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту, әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Инновациялық технологиялар – оқыту мен тәрбиелеудің ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда оқу үдерісіне

инновациялық технологияларды енгізу үлкен жетістіктерге жетелейді [2, 136 б.].

Инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқыту барысында пән мұғалімдерінің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл ойларды кеңінен пайдалануға және оқушыларға білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаңа технология оқыту үдерісіне дәстүрлі әдістемені модернизациялау, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастарды ізгілендіру негізінде, оқушының іс-әрекетін белсендіру мен интенсификациялаудың негізінде енгізілді.

Осы тұрғыдан келгенде, әр мұғалімнің алдындағы мұраты, ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру және өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың мүмкіндігін ашу, оны шығармашылық тұлға болуға жетелеу. Жалпы алғанда, мұғалімнің еңбегі оқушының оқуына, оқығанын көңіліне тоқуына арналуы шарт. Ал қандай әдіспен оқыту тиімді – оны әр мұғалім өз тәжірибесі мен ыңғайына, оқу материалының мазмұны мен сипатына, оқушылардың жалпы дайындағының деңгейіне қарай өзі белгілейді [3, 103 б.]. Бірқатар оқытушылар сабақ беру тәжірибелерінде белгілі материалды оқушының жете игеруі үшін бір ғана әдісті пайдаланады. Қайсыбір пән бұл мақсатта бірнеше тәсілді қатар қолданады, бірақ сабақ процесінде олардың әрқайсысының атқаратын рөлін, мәні мен маңызын кейде дәл тани бермеуі мүмкін, соған орай әлгі тәсілдер бірін-бірі жат көргендей байланыссыз, өзара оқшауланып қала береді. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін мақсатқа, жағдайға байланысты сатылы қатынаста немесе жүйелі тұтастықта пайдалану шын шебердің қолынан ғана келеді. Егерде сабақ нәтижесінде оқушы өзінің білім қорын, рухани әлемін байытып, адамгершілік негізін нығайтатын болса, белгілі бір практикалық мәселені шешуге машықтанып, шығармашылық тұрғыдан ойлап, ой қорыта алатын болса, ізденіп, еңбектеніп тапқан білімін өзінің және өзгелердің игілігі үшін тиімді пайдалана алса, онда ол сабақ, қандай әдіспен өтсе де, бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бере алады деуге болады.

Еліміздің білім беру саласындағы реформалау ісі сабақта оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен пайдалануды қажет етеді. Интерактивті әдістер сабақта оқушының айтарлықтай белсенді болуын, оқушылардың бір-бірімен өзара қатынасын және оқушы мен мұғалім арасында өзара дұрыс, түсіністік, сыйластық қатынастың болуына жағдай жасайды. Оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жай ақпарат беріп қана қоймай, оларды өздігінен жауап іздеуге бейімдеу, өмір тәжірибелеріне сүйенуге басты көңіл аударуымыз қажет.

Оқыту үдерісін ұйымдастырудың мұндай үлгісі аясында мұғалім мен оқушы тұлғасы бірдей белсенді әрекет иесі болып табылады. Оқытудағы негізгі мақсат - оқушының жеке тұлға ретінде еркін дамуымен, жетілуімен тікелей сабақтасады. Себебі оқушы тырнақтап теріп алған білімін өзінің

өмірінде пайдалану арқылы өмірдегі арманына, мұратына жетуді көздейді. Білімді өз өмірі, айналасы, ортасы үшін қажетті игілікке айналдыруға ұмтылады. Білікті маман болашағына қарай талпынып, сеніммен нық қадам жасайды, өзгерістерді алдын-ала сезіп, байқай алады, өз бетінше тұрақты білім алуға, қазіргі заман талаптарына сай шығып жатқан жаңа технология түрлері арқылы білім беру салаларына қадам жасай алады. Алайда инновациялық технологияларды қолдану кез келген маман үшін үлкен дайындықты, кәсіби дамуды қажет етеді. Оны өзіміз бірнеше жылғы тәжірибемізден нақтыладық. Сабақты бір сарынды өткізбеу, түрлендіру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, олардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа технологияны сабақтарында пайдалану тиімділігі айқындап отыр. Жалпы алғанда алдымызда отырған әр шәкіртті бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде белгілі бір құндылыққа жетелейтін Қазақстан азаматы ретінде тәрбиелеуіміз қажет. Оқушының ынтасын оятып, өзінің ғана емес, өзгенің де ықпал ететіндей деңгейге жеткізуге тиіспіз.

Шығармашылық ойлау қабілеті әр түрлі деңгейде әркімде-ақ болады. Мектептерде бұл мақсатқа жету үшін оқушы бойында белгілі білім қоры мен қалыптасқан дағды, машықтары, сонымен қатар шығармашылық ойлау қабілетінің осындай бастапқы сатысы болуы шарт.

Оқушының ойлауына шығармашылық қасиет дарыту үшін, алдымен оған ойлаудың жолын ұсыну керек. Оқушы алдына белгілі бір тілдік мәселені орынды қоя білгенде ғана оның ойына түрткі түседі: мәселені шешудің жолын іздейді, қажетті салыстыруларға, сұрыптаулар, пайымдаулар мен талдауларға барады. Нәтижесінде белгілі бір қорытындыға, тұжырымға келеді. Бұл тұрғыда мұғалім психологияны, педагогиканы, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру технологиясын, құқықтық нормасын білу қажет. Жаңа мұғалімнің пайда болуы қазіргі мұғалімнің инновациялық шығармашылық типін талап етеді. Міне, осы тұрғыдан мұғалімнің құзіреттілігі көрінеді.

Құзіреттілік – субъектінің қойылған мақсатқа жету үшін оның сыртқы ресурстаны тиімді қолданатын білім беру нәтижесі.

Құзіреттілік тәсіліне негізделген жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі – тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру, өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру, коммуникативті дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білу, тұлғаның өздігінен даму мен дербестігін қамтамасыз ету [4, 41 б.].

Сондықтан әр педогог әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс. Оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шыға алады. Ойы жүйрік, саналы, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Өйткені жақсы мұғалім жақсы оқушыларды жасайды.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі - әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2012 ж. 14 желтоқсан.- <http://www.zakon.kz>.
- 2.Бұзаубақова Қ. «Жаңа педагогикалық технологиялар», Тараз, 2003 – 136 б.
- 3.Көшімбетова С. «Оқу тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары», Алматы, 2004 – 103 б.
- 4.Инновациялық педагогикалық технологияны енгізу негізінде құзіреттілігі бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру» - қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. Алматы, 2012 – 41 б.

Резюме

В статье рассматривается значение новых технологий в обучении.

Resume

In this article has told the meaning of new technologies in education.

ӘОЖ 400: 419. 992 71

Мағжан С. - ф.ғ.к., Каспанова Ф. - магистрант

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

ТІЛДЕ, СӨЙЛЕУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ПРОСОДИКАЛЫҚ АМАЛДАР

Бұл мақалада паралингвистикалық бірліктер қатарына жататын бейвербалды амалдардың бірі – просодикалық амалдардың сөйлеуде қолданылу сипаты туралы сөз болып, негізгі мағынасы ғылыми тұрғыдан топтастырылып көрсетіледі.

Тірек сөздер: *Дауыс, семантика, лексема, функция, коммуникация, акт, коммуникативті, прагматикалық, диалог, сөйлеу, метонимия.*

Қазақстан қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайықты жаңа заманда жаңаша ойлайтын жеке тұлғаны дайындау шарт. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары туралы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп атап көрсетеді [1].

Бейвербалды амалдардың бір түрі **просодикалық** амалдардан құралады. **Просодика** – экстралингвистикалық амал, акустикалық және оптикалық аппарат-каналдардың қатысуымен жасалатын тілдік қатынастың мағыналы бөлшектері [2, 24 б.]. Просодикаға зерттеуші С.Мағжан *интонация, қатты,*

ақырын шығуы, тембр, дем алыс (жиі, дірілдей, ентіге, үздік-создық), жылау, күлу, сыбырлау, қыстығу т.б. амалдарды жатқызады [2, 26 б.].

Адам өмірі дауыстан басталады. Ұлы Абай айтқандай: «өлеңмен жер қойнына кірер денең». Сол сияқты адамның дүниеге келуі дауыспен белгіленеді: «Жизнь начинается с крика, смерть – с молчания» дейді О.Савич. Адамға дауыс туылғаннан бастап беріледі, өйткені ол адамға жаратылыстан берілген, оның ажырамас құрамы іспетті.

«Дауыс» сөзінің мағынасы 1) «Өкпеден келе жатқан ауаның қысымы арқылы дауыс шымылдығының керіліп дірілдеуінен пайда болатын үн» [2,83 б.] Мысалы: қатты дауыс, дауысы жетті, дыбысты дауыс т.б. 2) «дыбыс шығаратын мүше» (дауыс шымылдығы, қарлыққан дауыс), 3) «адамның және жануардың дыбыс шығаруға қабілеттілігі» (дауысын жоғалтты, дауысын қайта қалпына келтіреді, Менің бүгін дауысым жоқ).

«Дауыс» сөзі өзіндік сипатына сәйкес метонимия бола алады. *Дыбыс берді* тіркесі адамның қатысын білдіріп дейкис болып тұр. Бұл сонымен қатар достықты білдіретін, танысуды, табысуды білдіретін қол алысу бейвербалды амалы іспетті.

Біз адамды топ ішінде немесе алыстан көре алмай тұрған жағдайда дауысынан танимыз. Адам дауысы арқасында біздің санамызда нақты бір адамның бейнесі қалады. Дауысынан біз адамның қандай да бір сыртқы кейпін біле аламыз. Сондай-ақ дауысынан адамның физикалық және психикалық жағдайын сипаттап бере аламыз және таныс емес немесе аздап таныс адам туралы мінездеме бере аламыз. Дауыстың көмескі тембрі біздің ойлауымызды көңілсіз, жабырқаңқы мінезді болса, шапшаң, шыңқылдаған дауыс жақсы емес адаммен ассоциацияланады. Әлсіз, жасқаншақ жақсы емес дауыс науқас адам немесе әлсіз, өзіне сенімсіз адам туралы ой береді. Мысалы: *Үйдің төр жағынан жөтел естілді; науқас әйел мейірімді де көңілсіз жүзімен төсектен ауыр көтеріліп, әлсіз дауысымен «Кім бұл» деп сұрады (М.Алданов).* Керісінше, күшті, қуатты және әдемі дауыс – бұл мінезі қатты, денсаулығы мықты, әдемі және сыртқы келбеті қызықтыратын жанның дауысы.

Әдемі дауыс туралы құдай берген тамаша, періште, ғажайып дауыс деп айтады. Мұндай дауыс иелерін шығармашылыққа негізделген дейді (ән айтуда, өлең оқуда, сөйлеуде пайдаланады).

Дауысты ойнатуға, өзгертуге, көтеруге немесе түсіруге болады. Мәселен қобалжығанда дауыс дірілдейді, айқайдан немесе қатты қысылғаннан дауыс қатты шығады, мұндай жағдайда дауысты жоғалтып алуға да болады. Егер тамағы ауырса, көбіне дауыс жоғалып кетеді (дауысы отырады, дауысынан айырылады деп те атайды) [3, 217 б.].

Дауыс просодикалық амал ретінде адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіреді. Зерттеуші Б.Момынова дауыс пен дауыстың түрлі қарқыны, екпіні, дауыс тембрінің өзі сөйлеуші мен оны тыңдаушының көңіл-күйінен хабардар ететінін, бейвербалды амалдардың бір түрі – просодиканың эмоцияны сипаттаушы амал-тәсілдердің қатарына жататын дәледей түседі [4, 129 б.]. Ол тілі күрмелу және дауысы жарықшақтану, дауысы дірілдеу просодикалық

амалдары ұялуды білдіретінін айтады. Мысалы: Айманның ұялғаннан тілі күрмеліп, дауысы жарықшақтанды [4, 129 б.]. Әлгінде қойылған сұрағыма ол қысыла жауап қайтарды. Қысылғандығы сонша, тіпті дауысы дірілдеп шықты [4, 129 б.]. Ашулануды білдіретін просодикалық амалдарға мысал:

Жанжал басылғанда Бәтжан жерге түскен кимешегін кие жүріп:

– *Малың барда сен қорқақ едің. Енді қара табан кедей болғанда көзіңнің еті өсейін деген екен! – деп бажылдап, дәлізге жүгіріп шықты (Т.Әлімқұлов «Алғырдың тамыры»).* Алдаберген енді қоға көрпенің үстіне малдас құрып отырды. Әлден уақытта жүрелеп, қамшысын екі бүктеді. Несібелі қарсы алдына келіп, қырын қарап, бетін қолымен қалқалап отырған. Әкесі сызданып, дауысы тарғылданып:

- *Ақымақ қызым, қызталақ қызым, не істедің сен?! – деп, ернін тістеп, басын шайқады (Т.Әлімқұлов «Алғырдың тамыры»).* - *Сұлтан әділ болу керек. Сенде сол әділдік жоқ. Осы отырған халайық өз көздерімен көріп отыр ғой – деп Мырзағара да өктем сөйлеп, боп боз болып, қолын сермен қалды (Ә.Шәріпов «Сахара қызы»).*

Айтылғандарды қорытындылай келе, «дауыс» сөзінің төмендегідей мағыналарын атап шығуға болады:

1) Дауыс = 1 «өкпеден келе жатқан ауаның қысымы арқылы дауыс шымылдығының керіліп дірілдеуінен пайда болатын үн». Мысалы: *Мен оны қобалжыған дауысынан таныдым. Қыздың дауысы алыстан естіліп жатты.*

2) Дауыс = 2 «қандай да дыбысты шығаратын мүше». Мысалы: *Мен оның науқас екенін дауысынан сездім.*

3) Дауыс = 3 «адамның және жануардың дыбыс шығаруға қабілеттілігі»
Мысалы: *Дауысым қайта қалпына келді, бірақ тамағым әлі ауырады.*

4) Дауыс = 4 «шығармашылық тұлға ретінде қалыптасу». Мысалы: *Бұл әншінің өзінің дауысы бар.*

5) Дауыс = 5 «бір мәселе төңірегіндегі адамның пікірі немесе талдауы». Мысалы: *Сайлауда халықтың дауысы шешуші болады.*

6) Дауыс = 6 «мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде мәселе шешуде адамның өз пікірін айтудағы құқығы». Мысалы: *Әр сайлаушы бір дауысқа ие.*

7) Дауыс = 7 «шығармашылық қызметті бағалауда». Мысалы: *Театр бағыты өзінің дауысына, стиліне ие.*

8) Дауыс = 8 «адамның қандай да бір әрекетке ішкі түйсігі». Мысалы: *Құпия дыбыс оған: «Ол жаққа барма» деді.*

9) Дауыс = 9 «табиғат құбылысын немесе қандай да бір механизм жұмысын сүйемелдейтін дыбыс». Мысалы: *Мен жағада тұрып, теңіз толқынының дыбысын ұзақ тыңдадым.*

10) Дауыс = 10 «әуендік дыбыс». Әуендік дыбыстар сөйлеу секілді жастық және жыныстық белгілері арқылы бөлінеді. Алайда әуендік дыбыстар ерекше мағынаға ие. Жасөспірім дауыстары – бұл альт, дискант, егде ерлердің дауысы – бұл бас, баритон және тенор, әйелдер арасында альт,

контральта, сопрано, меццо-сопрано және колоратурлы сопрано болып бөлінеді. [56 81 б.]. Мыс: *Оның дауысы жағымды баритон.*

11) Дауыс = 11 «ән айту қабілеті». Мысалы: *Концертті кейінге қалдыруға тура келеді, оның дауысы отырып қалыпты.*

12) Дауыс = 12 «музыкалық шығарманың бір бөлігі». Мысалы: *Олар фигуды төрт дауыста орындады.*

13) Дауыс = 13 «әуен, мотив». Мысалы: *Бұл әннің дауысы маған таныс.*

Әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жыл.

2 Ғ.Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2007 ж.

3 Г.Кейдлин. Невербальная семиотика. Москва. Новое литературное обозрение. 2004 г.

4 Б.Момынова. Ұялуды білдіретін кинесикалық және просодикалық амалдар// Республикалық ғылыми-әдістемелік мат., 2013 ж. 6 желтоқсан.

5 М.Дүйсенова. Бейвербалды семиотика: негізгі бірліктері. Магистрлік диссертация авторефераты. Түркістан қ., 2011 ж.

Резюме

В данной статье с научной точки зрения рассматривается паралингвистическая единица – просодика, дается анализ использования просодики в речи.

Summary

Paralinguistic unit – prosody is considered from the scientific point of view in this article, there given the analysis of usage of prosody in speech.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ MULTILINGUALEDUCATION

ӘОЖ 811.512.122' 42

Дүйсенова Қ.Т. - аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫН ЕНГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көптілді Қазақстанда көптілді білім беруді енгізудің бастапқы сатысында шешімін таппаған мәселелер әлі де болса жетерлік. Орта мектеп жағдайында оқушыларға орыс және қазақ тілдерімен қатар ағылшын тілін оқытудың тиімділігі жайлы және кейбір пәндерді шет тілінде тереңдетіп оқыту мәселелері берілген мақаланың басты қарастыратын тақырыбы. Елбасы қойған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың орындалу барысы да мақалада сөз болады.

Тірек сөздер: *Көптілді білім беру, билингвалды білім беру, білім нарығы, тіл бірлігі, біліктілікті көтеру, оқу бағдарламасы, жоғары санаттағы маман, коммуникативтік құзырлық, ұлттық құндылықтар.*

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, ата-бабамыз байырғы заманнан ұрпағының көреген де білімді болғанын армандаған, өйткені тек білімді тұлғаның ғана белгілі нәтижеге қол жеткізіп, өмірден өз сыбағасын алуына мүмкіндігі бар екендігі белгілі еді. Ал соның ішінде тіл білудің маңыздылығы сол кезде де өзекті болды: алпауыт екі елдің ортасында бейбіт өмір сүру үшін олармен әртүрлі келіссөздер жүргізу қажеттілігі туды, өмір сүріп қана қоймай өзінің күн көрісіне қажетті саудасаттық жұмыстарын жүзеге асыру да өз маңызына ие еді, ал осы іс-шараларды жүзеге асыруда әрине тіл білгеннің жұлдызы жарық болатыны айдан анық.

Аталмыш мәселе осы күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпағанын біз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік» деп атап көрсеткенінен көре аламыз. Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі-мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады. Көптілді білім-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және кең ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жылсайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. Биылғы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында «Көп ұлттылық пен көптілділік құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады» деп атап көрсетті. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады [1].

Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою-бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі.

Әлемдік білім беру іс-тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен. Бірақ, қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу- жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс.

Енді аз-кем көптілді және билингвалды білім беру ұғымдарының мағынасы туралы тоқталып өтейік. Ғылыми әдебиеттерде осы ұғымдарға көптеген анықтамалар берілген. Олардың ішінде біздің тәжірибемізге ең сәйкес келетін нұсқалары төмендегіше болады:

- Көптілді білім беру- бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

- билингвалды білім беру- оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану [2].

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Көптілді және билингвалды білім беруде оқу- тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

- ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

-«Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз. Президент жүктеген тапсырмаларға сәйкес, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, 2020 жылға қарай «... барша қазақстандықтар қазақ тілін, орыс тілін 95% және 25% – ағылшын тілін меңгеруі тиіс» делінген [1].

Аталған үш тілдің атқартын функцияларына қарай әрбір Қазақстан азаматы мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Қазақстан Республикасының алыс та жақын шетелдермен халықаралық байланыстарының күннен-күнге арта түскен кезеңінде халықаралық байланыстарды дамыту үшін өз ісін жақы білумен қатар шет тілін жақы меңгерген мамандар қажет-ақ. Осы орайда көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылатынын атап өткеніміз жөн. Білікті маман ғана емес, шет тілін жақы меңгерген білкті маман дярлау қазіргі кезде қазақтандық жоғарғы оқу орындарына қойылып отырған негізгі талаптардың бірі.

Бұндағы негізгі мақсат – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамыту мақсатында қазіргі білім беру саласында тілді оқыту мен үйрету мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс шаралар жетерлік. Мектептер мен жоғарғы оқу орындары заманауи техникалық құралдармен жабдықталған, қазіргі кезде интернет желісі қосылмаған оқу орындары кем де кем. Бұл таңда оқушыларға шет тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, бейне кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың

түрлі әдіс – тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады.

Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар студенттердің жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету сияқты шаралар. Оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесі де өз шешімін тауып жатқанын атап өтуіміз қажет. Соның бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын Республикалық институты (ББЖ ҚБАРИ) мен барлық өңірлеріндегі 16 облыстық институттың қызметін біріктіретін «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы құрылғанын айтуға болады.

Қазіргі таңда «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығының құрылуы республиканың барлық аймақтарында біліктілікті арттыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін білдіреді. «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы мұғалімдер мен оқытушылардың біліктілігін тек Қазақстан шеңберінде ғана емес, сонымен қатар алыс та жақын шетелде білім алуларына жол ашып отыр. Қазақстан оқытушыларының өз біліктіліктерін әлемдік деңгейде көтеріп, осы салада қызмет ететін шетелдік әріптестерімен біліктілік алмасуына барлық жағдайлар жасалған [3].

Алайда атқарылған істердің көптігі мәселенің шешілгенінің көрінісі бола алмайтынын да мойындағанымыз жөн. Тіл үйрету мәселесі жанжақты қарастырылып, талқылануды қажет ететін кең көлемді мәселе. Шет тілін үйретуді шетелдіктерден үйрену кезінде біз өзіміздің көптілді мемлекет екенімізді ескере отырып әрекет етуіміз қажет деп ойлаймыз. Көптілті көптілді Қазақстанның тілдерді үйретіп, дамытуда өзінің төл бағдарламасы мен моделі болғаны дұрысырақ болар еді, өйткені шет тілін неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым жеңіл меңгеріледі деген қағидытты ұстанған кейбір ғалымдар ағылшын тілін мектепке дейінгі мекемелерде, яғни балабақшада бастаған дұрыс деп есептейді. Осыған байланысты тіл дамыту және тіл ұстарту сабақтары қазақстандық балабақшалардың да бағдарламаларына енгізіліп, көптеген балдырғандар шет тілін мектеп табалдырығын аттамай тұрап ақ үйрене бастайды. Осы орайда назарды балабақшаға барған балақанның тілдік дайындығын ескеру қажеттігін баса айтқымыз келеді, өйткені бәрімізге мәлім жанұяда бала әдетте тек бір тілде ғана сөйлейді, екінші тіліді ол белсенді емес түрде, яғни теледидар бағдарламарын қарау арқылы, немесе ауладағы құрбыларымен қарым қатынасқа түсу кезінде меңгеруі мүмкін. Алайда тілді бұл деңгейде меңгеру, оны жетік білу дегенді білдірмейді.

Ал егер де балабақшада орыс топтарына қазақ, ал қазақ топтарына орыс тілін үйрету қолға алынса, бала мектепке дейін екі тілді өз деңгейінде меңгеріп, мектепке келген кезде шет тілін үйрену оған көп қиындық туғызбас еді деген пікірдеміз. Ал орта мектептегі тіл сабақтарына келетін болсақ,

әрине заманауи технологиялар барлық дерлік мектептерде бар, бірақ солармен жұмыс істей алатын мамандар тапшылығы жұмыстың ақсауына соқтырып отыр.

Сонымен қатар бұл технологиялар тек шет тілін, яғни ағылшын немесе басқа тілді үйретуге бағытталған. Қазақстан мектептерінде қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқыту мәселесі әлі де болса өзектілігін жоғалтпай тұрған мәселе.

Неге екені белгісіз, бізде барлық қазақстандықтар екі тілді жетік біледі деген қағидат қалыптасқан. Бір тілдің басқа ұлт өкілі үшін шет тілі болуы әлі де болса ескерілмей келеді. Сондықтан болар, қазақ немесе орыс тілдерін шет тілі ретінде оқыту бағдарламалары осы тілдерді коммуникативтік мақсатта үйретуге бағытталмаған. Тағы да айта кететін мәселе, қазақ және орыс тілдерін үйретуге арналған интербелсенді тақтамен жұмыс істейтін бағдарламаның жоқтығы мен осы тілдердегі аудио және бейне сабақтардың мүлде болмауы. Егер мектеп оқушысы екі тілді мектептен жетік меңгеріп шықса және бір шет тілінің базалық курсы алып шықса, оған жоғарғы оқу орнында осы тілдерден алған іскерліктері мен дағдыларын ары қарай дамыту ешқандай қиындық туғызбас еді.

Ал қазіргі жағдайда осы олқылықтардың орнын толтыру жоғарғы оқу орындарының құзырында. Бұл мақсатта жоғарғы оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан іс шаралар да айтарлықтай. Мысал ретінде айтар болсақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің біраз институттары мен факультеттерінде ағылшын тілі топтары ашылған, сондай-ақ аталған үш тілді қосымша сабақ ретінде жүргізу ісі де қолға алынуда. Өйткені жоғарыда атап көрсетілгендей, кем дегенде екі тілді қатар меңгеру мектептен қалыптасуы қажет дегенменен, орта мектептен кейін университет табалдырығын аттаған студенттердің қазақ және орыс тілдерінде қатар еркін сөйлей алатындары некенсаяқ.

Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, қазақ топтарында-орыс, ал орыс топтарында қазақ тілін қосымша оқыту дұрыс бағыт деп білеміз. Кезек күттірмей шешімін табуы қажет мәселелердің бірі –ол өз пәнін шет тілінде оқыта алатын мұғалім дайындау мәселесі. Осы кезге дейін жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат -білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын.

Алайда қазіргі талап тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау. Бұл мәселенің қиындығы ол маманның шет тілін өте жақсы меңгере отырып, басқа пәннен сабақ беруге қабілетті болуы, яғни студент екі бағытта жұмыс істеуі тиіс деген сөз. Алайда, бұл мақсатқа жету үшін бізге әлі біраз уақыт керек сияқты және де бізге бірнеше сұрақтарға жауап табу керек. Олар:

1. Өз пәнін шет тілінде оқытуды меңгерген студент қай мектепте жұмыс істеуге тиісті?
2. Студент бұл пәнді шет тілі мен қатар қазақ немесе орыс тілінде оқытуды да меңгеруге тиіс пе?

3. Егер де пәнді шет тілінде оқыту қажеттілігі туындап отырса, жоғарғы оқу орындарында шет тілі бөлімдерін ашу қажеттілігі туындамай ма?
4. Егер де туындаған жағдайда ол бөлімдерде барлық пәнді шет тілінде оқытуға қабілетті оқытушыларды табу мәселесі қалай шешілмек?
5. Шет тілі дегенде тек ағылшын тілі туралы айтыла ма?

Осы қойылған сұрақтарға жауап табылған жағдайда ғана біз көпұлтты Қазақстанда тіл саясатының жемісті жүргізілуіне мұрындық болып, ана тілімізді сақтай отырып, ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтуға өз үлесімізді қоса аламыз деп айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody.
Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
2. Қ.Р «Білім туралы» Заңы
3. «Айқын» газеті 04.06.2014

Резюме

В данное время одной из самых обсуждаемых тем является проблема «Триединства языка» Рассматриваемой проблемой данной статьи являются проблемы внедрения полиязычного образования в Казахстанскую систему образования.

Resume

At present time the problem of “Tri-unity of language” is one of the most discussed. The considered problems of the article are the issues of introduction of multilingual education in Kazakhstan system of education.

ОӘЖ 81’23 16.21.27

Нукеева Л.У. – аға оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

ҚОСТІЛДІЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Қостілділіктің проблемасы бір-бірімен контактіге түсетін бірнеше тілдер жүйесін суреттеу, екеуін бірдей меңгеруге бөгет болатын осы тілдер жүйелері арасындағы айырмашылықтарды анықтау, тілдер контактісі кезінде пайда болатын интерференцияның мүмкін көріністерін айту, қостілділікпен байланысты билингвизм өкілінің мінез-құлқында көрінетін нормадан тыс кемшіліктерді атап айту болып табылады.

Тірек сөздер: *Қостілдік, интерференция, тілдік жүйелер, билингвтер, көптілділік.*

Адамзат қоғамының даму тарихына көз жүгіртетін болсақ, қандай да болмасын кезеңде халықтар өзара сауда-саттық, әскери, экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми және т.б. қатынастарға түскен болатын. Осы қарым-қатынастың салдарынан көптеген тілдер бір біріне өзіндік ықпал тигізді. Осы ықпалдың нәтижесінде бірқатар тілдер жоғалып оның орнына жаңа тілдер

пайда болды. Мұндай процестерде маңызды ролді қостілділік (билингвизм) және көптілділік (мультилингвизм) атқарады.

Қостілділік, көптілділік және тіл контактісі лингвистикалық интерференцияның пайда болуына әкеліп соғатын бірден бір шарт болып табылады. Билингвизм мен мультилингвизм проблемалары және тілдің өзара ықпалы ғалымдардың назарын бұрыннан аударған, бірақ бұл құбылыстарды дәлелдеп түсіндіру әрқашанда қиынға түсті, оның себебі тілдік жүйелер жеткілікті мөлшерде зерттелмеген болатын, міне соған байланысты олардың реттік салыстырылуы қиынға соқты.

Осы мәселелерді зерттей келе ғалымдар қостілділіктің алғашқы қауымда пайда болғанын айтады. Рулар арасындағы қарымта соғыстардың нәтижесінде тұтқынға алынған әскербасылар мен әйелдер жаңа руластардың тілін үйренуге мәжбүр болды, алайда өз тілдерін де бірден ұмыт қылу мүмкін емес еді, соның салдарынан олар билингвтер болды. Қостілділік алғашқы қауымда кездейсоқ әрі уақытша сипат алды, алайда мұғалім мен тілмаштардың керектігі сол кезде-ақ байқалды. Билингвизмнің тұрақты формасы феодализм заманында пайда бола бастады. Бұған себепші болған бұрынғы наным сенімдерден жаңа діндерге деген бетбұрыс. Олар қоғамға екінші культтік тіл әкелді, және де жазудың дамуына өз үлесін қосты. Англияны 1066 ж. Нормандықтар жаулағаннан кейін бұл фактор франко-ағылшын билингвизмінің негізінде болды. Осындай жағдайлар басқа да халықтарда көптеп кездесіп жатты мысал үшін алатын болсақ, Осман империясы греко-түрік, славяно-түрік билингвизмі, Чехиядағы неміс-чех билингвизмі және т.б. Тағы бір фактор ретінде XI-XIII ғ. христиан жорықтарын атауға болады.

XIV-XVI ғ. Қайта өрлеу дәуірінде қоғамда антикалық мәдениетке, әдебиетке және көне тілдерге деген қызығушылық пайда болды. Батыс Европа мемлекеттерінде кең тараған тілдердің қатарында француз, итальян, испан және ағылшын тілдерін жатқызуға болады. Сол кездегі ұлы географиялық ашылулар әлемнің түкпір түкпірінде қолданатын әртүрлі білім диапазонын кеңейтуге мүмкіндік берді. Теңізшілер, саудагерлер және дін қызметкерлері салыстырмалы тіл білімімен айналысатын болды.

Капитализм дәуірінде қостілділік кең тараған құбылысқа айналды, билингвизмнің туындауына және қызмет жасауына жақсы жағдайлар орнады. Бұл кезеңде Ресей империясы, Австро-Венгрия, АҚШ сияқты көпұлтты мемлекеттер пайда бола бастады. Бұл мемлекеттерде доминант ұлттың тілі мемлекеттік болып есептелді. Осы мемлекеттердегі колонияларда қалған тілдерді шеттету саясаты жүргізілді.

Көптілді мемлекеттердегі тілдің бір бірімен араласу нәтижесінде ғалымдар осы мәселеге көп көңіл бөле бастады. 1875 ж. Бодуэн-де-Куртэннің «Опыт фонетики резьянских говоров» кітабі жарыққа шықты. Бұл кітапта ол тілдің аралас кейпі жайлы сөз тілдердің өзара әсері деп контакт кезіндегі тілдердің конвергенттік қайта құрылуын түсінді. Оның айтуынша тіл араласудың әсері екі бағытта көрінеді: бір жағынан белгілі бір тілге өзіне тән элементтерді енгізеді (сөз қоры, формалар, айтылым және т.б.)

ал екінші жағынан сол тілдің бөлек таптарына қатысты ерекшеліктерді байқатпауы мүмкін.

Дәл сондай идеяны Г.Шухардт та айтқан болатын. Ол тілдік араласу-бұл тек кірме сөздерге байланысты емес, контактіге түсетін тілдердің оларды оңайлатуға қарай өзара бейімделу екенін байқаған болатын. Бодуэн-де-Куртэнениң идеясын әрі қарай Л.В.Щербан жалғастырды.

Л.В.Щербаның жұмыстары интерференция процесі ретінде тілдік контактілерді зерттеу және суреттеу бағдарламасының шығуына септігін тигізді. Бұл процестің негізі контактіге түсетін екі тіл нормалары өзгеріске ұшырап, өзара бейімделуімен анықталады.

Тілдік контактілерді зерттеген арнайы әдебиетте келесі ой дәлелденеді: тілдік контактілер ең бастапқы кезде билингвтердің сөздік іс-әрекетінде жүзеге асырылады, тек қана солардың қарым-қатынасының нәтижесі болып тілдік контактілер пайда болады. Бұл пікірді бірінші рет Ю.С. Степанов айтқан: «Тілдер бір-бірімен контактіге кірмейді, контактіде тек қана адамдар болады».

Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда қостілділіктің проблемасы бір-бірімен контактіге түсетін бірнеше тілдер жүйесін суреттеу, екеуін бірдей меңгеруге бөгет болатын осы тілдер жүйелері арасындағы айырмашылықтарды анықтау, тілдер контактісі кезінде пайда болатын интерференцияның мүмкін көріністерін айту, қостілділікпен байланысты билингвизм өкілінің мінез-құлқында көрінетін нормадан тыс кемшіліктерді атап айту болып табылады.

Әлем халықтары арасында қатынас күшейіп, олардың арасындағы мәдени-тілдік байланыстың нығаюы тілден көрініс береді. Себебі адам міндетті түрде белгілі бір тілде сөйлейтін этникалық қауымдастыққа енеді, ал ол ешуақытта томаға – тұйық бола алмайды. Сондықтан да өзге этностар қауымымен қарым-қатынасқа түседі. Байланыс міндетті түрде екі этникалық қауымдастықтың тілінде немесе біреуінің тілінде жүзеге асады. Сөйтіп, адамзат тарихында бір емес, екі тілді білу қажеттілігі пайда болады және де ол жеке адамға ғана тән құбылыс емес, жалпы әлеметтік сипаттағы құбылысқа айналады.

Қостілділіктің әлеуметтік жағы екінші тілдің көмегімен түсінудің мүмкіндігі болса, көптеген ғалымдар екі тілде сөйлеушілердің өзара түсінісуі екі тілді білу, сол тілде ойын жеткізу, сол тілді ауызша және жазбаша түрде қолдану - қостілділіктің жетістігі. Тілдің тағы бір тамаша қызметі тек өзара ғана емес, басқа да ұлт өкілдерімен көрші халықтармен қарым-қатынас жасауға байланысты. Бұл оның қоғамдық қызметінің, қолданыс шеңберінің кеңеюіне байланысты болатын әлеуметтік құбылыстың бірі- қостілділік пен көптілділік.

Тілдер байланысына себепкер болатын – халықтардың экономикалық, саяси, мәдени түйісуі. Қарым-қатынас үдерісінде тілдерді пайдаланушыларда қос, көптілділік түрлері қалыптасады.

Қазақ тілі-ішкі мүмкіндігі мол, ұлтпен бірге жасап келе жатқан өміршең тіл. Сол себепті қоғамның әртүрлі саласында дүниежүзілік

қолданыстағы сөздерді сол күйінде қабылдай бермей, тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жол тапқанымыз дұрыс.

Тіл-әлеуметтік қызметімен тіл. Бір тіл атқарар қызметтер арасында да, тіларалық қатынаста да өзіндік бәсекелестік бой көрсетеді. Сондықтан да көпұлтты қоғамда тілге белгілі дәрежеде бақылау қойылады. Бақылау түбі бір тілдің қоғамдық өмірдің күллі саласында атқарар қоғамдық қызметін реттеу, әр тілдің көпұлтты қоғамда қолданылу үрдісін белгілеу болмақ.

Тіларалық байланыстың өзіндік даму заңдылықтары бар. Халықтар арасындағы саяси, мәдени, сауда, т.б. байланыстардың нәтижесінде сөздер алмасуының болуы заңды құбылыс. Кірме атаулардың мағыналық құрылымының өзіндік даму ерекшеліктері болады. Тіларалық қарым-қатынас сөздердің халықтың қабылдауына, танымдық ерекшеліктеріне сәйкес өзгеруі, мағыналық дамуы- алдағы уақытта терең зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.О.Алдиярова Тіларалық байланыстың сипаты. Конференция материалдары.- А., 2003.
2. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Наука, 1990.
3. Хасанов Б. Қазақ-орыс көптілдікті өрістетудің өзекті мәселелері //Вестник АН КазССР, 1988
4. М.Мұқанов Ойды этно және лингвopsихология тұрғысынан дәлелдеу.- А., 1971
5. А. Салқынбай Тіларалық байланыста сөздердің семантикалық дамуы //Мәдениетаралық қатысым мен қазақ орыс филологиясының өзекті мәселелері.-А., 2004

Резюме

В статье рассматриваются условия появления двуязычия и ее роль в обществе. Также рассматриваются взаимосвязь между языками и понятие интерференция. Двуязычие в основном зарождается вследствие необходимости общения разных этнических групп. Эпоха глобализации требует от современного общества знания нескольких языков чтобы быть востребованным на рынке труда, а также быть высокоинтеллектуальной личностью. Проблема двуязычия в Казахстане требует еще дальнейшего изучения.

Resume

The article considers the conditions of the appearance of bilingualism and its role in the society are considered Also discusses the relationship between languages Bilingualism mainly arises due to the need of communication of different ethnic group. Epoch of globalization demands from modern society knowledge of multiple languages in order to be competitive in the labor market, as well as being highly intelligent personality. Problem of bilingualism requires further study in Kazakhstan.

**«ХАБАРШЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ
«КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФИЛОЛОГИЯСЫ» СЕРИЯСЫНДА
БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

I. Қажетті материалдар

- 1.1. Парақтардың төменгі орта жағы қарындашпен нөмірленген мақала көшірмесі мен оның электрондық нұсқасы.
- 1.2. Аңдатпа 200 сөзден және тірек сөздер 10-12 сөзден тұрады және олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс.
- 1.3. Мақаланың мазмұны: а) кіріспе бөлім; ә) талдау; б) тәжірибе (егер болса); в) қорытынды; г) әдебиеттер тізімі және түйін сөз (екі тілде: егер де мақала қазақ тілінен болса, түйін сөз (15 сөз) - орысша және ағылшынша, ал егер де орыс тілінде болса, түйін сөз (15 сөз) қазақша және ағылшынша болуы тиіс және т.б.) керек.
- 1.4. Автор (авторлар) жайында берілетін мәліметтер: аты-жөні толық, жұмыс орны (ұжым аты, жоғары оқу орнының толық аты және қысқартылған аты), атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс және үй телефоны, электронды поштасы.

II. Мақаланы безендіру ережесі

- 2.1. Мақала мәтіні терілуі: Word стандартты формат A4, Times New Roman, кегль №14, бір интервал арқылы, парақтың жоғарғы және төменгі бос өрістері-2,5см; оң жақтағы-1,5 см; сол жақтағы -3 см. болуы керек;
- 2.2. ӘОК - сол жақ жоғарғы бұрышта бас әріптермен (кегль №13);
- 2.3. Автордың (авторлардың) аты-жөні - жартылай қарайтылған кіші әріптермен ортада және келесі жолға жұмыс істейтін ұжым мен қала, мемлекет аты (кегль №13);
- 2.4. Мақала аты - бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен (кегль №13);
- 2.5. Аңдатпа және тірек сөздер – мақала жазылған тілде (кегль №12);
- 2.6. Мақала мәтіні - бір бос жолдан кейін (кегль №14);
- 2.7. Әдебиеттер тізімі (кегль №13);
- 2.8. Әдебиеттерге сілтемелер квадраттық жақшада беріледі, *мысалы*, [1], [2, 3156.], [4-7].

III. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдері және т.б.

Редакцияға түскен мақалаларға сала бойынша мамандардың пікірлері беріледі. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Қазбек би көшесі 28, Абай атындағы ҚазҰПУ, жұмыс телефоны - 8(727) -2 91-40-63, эл.пошта: destiny_time412@mail.ru

Редакция алқасы

ТРЕБОВАНИЯ
К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ В ЖУРНАЛЕ «ХАБАРШЫ/ВЕСТНИК»,
серия: ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

I. Необходимые материалы.

- 1.1. Статья в распечатанном и электронном варианте: нумерация страниц внизу по центру.
- 1.2. Аннотация (200 слов) и ключевые слова (10-12 слов) на трех языках (на казахском, русском и английском).
- 1.3. Содержание статьи: а) введение, б) анализ, в) практическая часть (если есть), г) заключение, д) список литературы, е) резюме из 15 слов: если статья на казахском языке – резюме на русском и английском языках, если на русском языке – на казахском и английском.
- 1.4. Сведения об авторе (соавторе): Ф.И.О. полностью, место работы (название организации, вуза полное и сокращенное название), должность, учёная степень, звание, контактный телефон, e-mail.

II. Оформление статьи.

- 2.1. Набор текста статьи: Word стандартного формата А4, Times New Roman, кегль №14, через 1 интервал, поля: верхнее, нижнее – 2,5 см, правое – 1,5см, левое – 3см;
- 2.3. УДК - в левом верхнем углу прописными буквами (кегель №13);
- 2.4. Фамилия, инициалы автора (соавтора) - по центру полужирным строчным шрифтом, (кегель №13), следующая строка - место работы, город, страна;
- 2.5. Название статьи - через интервал полужирным прописным шрифтом (кегель №13);
- 2.6. Аннотация и ключевые слова - на языке оригинала (кегель №12);
- 2.7. Текст статьи - через интервал (кегель №14);
- 2.8. Список литературы (кегель №13);
- 2.9. Ссылки в тексте на литературу даются в квадратных скобках, *например*, [1], [2, с. 315],[4-7].

III. Язык издания статьи – казахский, русский, английский, китайский и др.

Поступившие в редакцию статьи рецензируются ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. Статья, на основании редактирования, может быть возвращена для ее корректирования и доработки. Статьи, не соответствующие требованиям, возвращаются.

Адрес: г. Алматы, ул. Қазбек би 28, КазНПУ им. Абая

контактный телефон - **8(727) -2 91-40-63**, электронный адрес: **destiny_time412@mail.ru**

Редакционный совет

REQUIREMENTS
TO THE ARTICLES IN THE JOURNAL "KHABARSHY/VESTNIK"
SERIES: MULTILINGUAL EDUCATION AND FOREIGN LANGUAGES

I. Required materials.

- 1.1. An article in the printed and electronic version: page numbers at the bottom center.
- 1.2. Abstract (200 words) and key words (10-12 words) in the original language.
- 1.3. Article content: a) introduction b) analysis c) the practical part (if there is one), d) conclusion, e) references, e) summary/resume consists of 15 words (article in the Kazakh language: a summary in Russian and English languages, in Russian: in Kazakh and English).
- 1.4. About the author (co-author): full name, work place (name of organization, full and abbreviated name of the university), position, academic degree and title, telephone number, e-mail.

II. Designing articles.

- 2.1. Typesetting articles: Word standard A4, Times New Roman, type size 14, 1 interval, margins: top, bottom - 2.5 cm, right - 1,5 cm, left - 3 cm;
- 2.2. UDC - at the top left corner in capital letters (type size 13);
- 2.3. Author's name and initials (co-author) - centered in bold lower case letters (type size 13), the following line - work place, city, country;
- 2.4. Title of the article - in the interval in bold uppercase letters (type size 13);
- 2.5. Abstract and keywords – in the original language (type size 12);
- 2.6. Text of the article – a line after, (type size 14);
- 2.7. References (type size 13);
- 2.8. References cited in the text are given in square brackets, for example [1], [2, p .315], [4-7].

III. Publishing language of articles - Kazakh, Russian, English, Chinese, etc.

Submitted articles are reviewed by leading experts and scholars on the definite spheres. The article based on the editing can be returned to its correction and refinement. Articles that do not meet the requirement will be returned.

Address: 28 Kazbek bi st., Abai KazNPU, Almaty
Tel: 8 (727) -2 91-40-63, **e-mail:** destiny_time412@mail.ru

Editorial Board

**Келесі басылымның негізгі бөлімдері/Рубрики следующего выпуска/
Rubrics of the next issue:**

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА
МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД
INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION**

**КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА
КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА
COGNITIVE LINGUISTICS**

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ
CULTURAL LINGUISTICS**

**ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ
ДИСКУРС И ЕГО ТИПОЛОГИЯ
DISCOURSE AND ITS TYPOLOGY**

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
MULTILINGUAL EDUCATION**
